

Н.НҰРМҰХАМБЕТҰЛЫ

АҚ СЕЛЕУ
ДАЛА САМАЛЫ

АҚ СЕЛЕУ ДАЛА САМАЛЫ

Н.НҰРМҰХАМБЕТҰЛЫ



Нұрғазы НҰРМҰХАМБЕТҰЛЫ

АҚСЕЛЕУ ДАЛА САМАЛЫ

*Жетпістегі шашымыз
Ақселеу дала самалы.
Көпті көрген басымыз,
Көңілден жыр болып тарады...*


Алматы 2017 ж.

УДК 821.512.122
ББК 84(5Қаз)-4
Н 86

Н.НҰРМҰХАМБЕТҰЛЫ.
Н 86 АҚСЕЛІЕУ ДАЛА САМАЛЫ: Өлеңдер, арнаулар мен
мақалалар жинағы. – Алматы: «Исламнұр» баспасы, 2017.
– 208 бет.+жапсырма.
ISBN 978-601-7295-07-3

- 51645-2

Саналы ғұмырын ауыл шаруашылығын көтеруге жұмсап, ел арасында ерен еңбегі еленіп, халық құрметіне бөленіп жүрген еңбек ардагері Н.Нұрмұхамбетұлының бұл жинағына қазіргі заман көріністерін шынайы суреттейтін, рухани құндылықтарды дәріптейтін өлеңдері, арнаулары, тәрбиелік мәні зор әсерлі тілмен жазылған нақыл сөздері, ауыл өмірін, шаруашылығын көтеруге байланысты жазған мақалалары топтастырылды. Мамандығы шаруашылық бағытында болғанмен, ақындық қасиет дарыған, сөз құдіретін терең сезінетін азамат өз оқырмандарына шынайы шабыт туындыларын ұсынады. Ұйқасы шебер, тілі өткір, мазмұны терең шығармалар оқырман қауымның көңілінен шығады деген ойдамыз.



УДК 821.512.122
ББК 84(5Қаз)-4

ISBN 978-601-7295-07-3

© «Исламнұр», 2017.

АЛҒЫ СӨЗ

Еңбек ардагері Нұрғазы Нұрмұхамбетұлы – өмірдің кыр-сырлары туралы түйіндеген ой-пікірлерін өлең арқылы өрнектеп, мазмұнды мақалалар жазып, накыл сөздер арқылы салмақты ой тастап жүрген абзал азаматтардың бірі. Бұған дейін жарық көрген «Өлеңмен өмір көңілді» (2001 ж.) атты кітабы оқырман жүрегіне жол тапқан еді, ұсынылып отырған бұл жинақ Н.Нұрмұхамбетұлының кемелді ойларының тағы бір жемісін көрсетуді мақсат етіп отыр. Ұлағатты өмірдің әр белесінен сыр шерткен өнегелі сөздерін еліне, оқырманына тілі жатық өлең, накыл сөздер арқылы жеткізеді.

Нұрғазы Нұрмұхамбетұлы 1942 жылы 15 мамырда Алматы облысы Кеген (қазіргі Райымбек) ауданында дүниеге келген. 1959 жылы орта мектепті Шелек кентінде бітіріп, Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түседі. 1964 жылы жоғары білім алып, жолдамамен Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданы «Жеңіс» совхозына жіберіледі. Содан 2005 жылға дейін 41 жыл бойы Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы саласында, кәсіподақ қызметтерінде абыройлы еңбек етіп зейнетке шығады. Нұрғазы Нұрмұхамбетұлын Приозерный ауданының құрылуына, ондағы ауыл шаруашылығының дамуына сүбелі үлес қосқан қайраткер ретінде Балқаш өңірінің халқы жақсы біледі. Ол – білімі мен біліктілігінің арқасында халық арасында зор беделге не болған, бойына жоғары адамгершілік қасиеттерімен қоса ақындық дарыған азамат.

Бұл жинаққа енгізіліп отырған шығармаларында өлеңнің өмірдегі алар орны жайлы жаза келіп, өз өлеңдеріне баға беретін тек оқырман екенін айтады:

Өлеңімнен қандай кінә табасын,
Өздеріңіз беріңіздер бағасын.

Осылай дей келе өлеңді әлпештейтін сәбиге, көздің нұрына, жолдағы шамшыраққа теңейді. Яғни, бұл жолдардан автордың өлеңді аса жоғары бағалайтындығын, оны тек шабыт туындысы деп көрсететінін түсінеміз.

Нұрғазы аға өлеңдерінде күнделікті өмірде кездесіп жататын кейбір келеңсіз оқиғалардан сабақ алуды меңзей отырып, қазіргі өзгерген заманды пайдаланып пендешілікке бой алдырғандардың да жанын күйзелтетінін шебер суреттейді. Ел ішінде жүріп халқы үшін қызмет еткен, халықтың ыстық-суығын бірге көрген азамат елдің берекесін де, мерекесін де өлеңге қосады. Нұрғазы ағаның тілі көркем, ұлы Абай айтқандай «айналасы жұп-жұмыр», оқығанда үйіріп әкетер ойы бар әр өлеңдерінен өмірдің әр сәтін көзің шалып өткендей болады.

«Дөңгеленген дүние-ай» өлеңінде өмірдің мәңгілігі, адамның тағдыры тек бір құдіреті күшті Құдайдың қолында екенін, «кезінде «атеист» болсақ, ол да Құдайдың бұйрығы» екенін айта келіп:

Жамандық жасап жүрсе маған біреу,

Кектеспей, кең Құдайға тапсырамын, – деп күнделікті күйбіңнің жетегінде жүріп, кейбіреулердің ой-өрісі жете бермейтін рухани құндылықтарды ұсынады. Мұны Аллаға мың да бір шүкіршілік етіп, азға – қанағат, барға – тәубе, жоққа – сабыр еткен ата-бабаларымыздың ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып кеткен өсиетін тәлім еткен ел ағасының сөзі деп қабылдаймыз.

Осы жинаққа енгізілген Нұрғазы ағаның шығармашылығы бірнеше жанрды қамтиды. Өмірдің әр қырын оқырманның дәл көз алдына әкелін, тәрбие берер, сабақ болар өлеңдері өз алдына, арнау ретінде жазған «Ана», «Президентке», «Достарыма», «Немерелеріме» атты өлеңдері және ел ішіндегі біраз танымал азаматтарға, соғыс, еңбек ардагерлеріне арнаған, туған-туыстарына ақыл-өсиетін айтқан өлеңдері де оқырманның жүрегіне жол тартары сөзсіз. Табиғаттың жан сергітер сәті көктем, көктеммен бірге келетін Наурыз қуанышы да ақынның назарынан тыс қалмаған.

Ойында жүрген пікірлерін мақала ретінде түйіндеп, қағазға түсірген дүниелері «Ойдағы пікірлер» деген атпен жинаққа бір тарау ретінде енгізілді. Қоғамдағы кездесіп жатқан келеңсіз жайттарды, сыбайлас жемқорлық, жалған ақпарат беру тағы басқа да мәселелерді түйдекті оймен қысқа да нұсқа, тұщымды етіп бір ауыз сөзбен тастап отыруынан, шымшымалар арқылы ойып айтуынан ақындарда болатын қайсарлық пен табандылықты байқаймыз.

Адамгершілік, бақытты бола білу, ұстаздық ету, әйел бақыты туралы ойларын нақыл сөз стилінде ұйқастырып, оқырманға ой тастайтын ұғынықты да шебер тілмен жеткізеді.

Жасынан елі үшін еңбек етіп, шаруашылық жайын жақсы білетін ел ағасын ауыл болашағы бей-жай қалдырмайды. Ауылдардағы белең алған жұмыссыздық жайы, нарықтық экономиканы ауылдарда дұрыс дамыту жолдары сияқты өзекті мәселелерді «Ауыл болашағы» атты мақаласында көтереді.

Ұрпағымызға заманға сай тәрбие беру, қария сыйлау, жекжат сыйлау, туыстан да артық болып кететін

көршілік жайлы жазған мақалалары да көзі қарақты оқырманның ойын ұштай түседі. Мақалаларды оқи отырып өмірдің әр сәті философия, әр сәті бір бағалы сабақ екеніне тағы көз жеткіземіз.

Нұрғазы ағаның өлеңдерінде болсын, бірқақпай, шымшымаларында болсын, мақаласында болсын қалдырмайтын тақырыбы – ол туған тілінің мерейі, сөз күдіреті. Мемлекеттік тілдің қолданылу барысы, баспасөз басылымдарының оған қосар үлесі, оны жандандыру жолдары жайлы да өз ойларын білдіріп отырады.

Бұл жинақ Нұрғазы Нұрмұхамбетұлының 70 жылдық мерейтойына арналып дайындалған еді, уақытында жарыққа шығып үлгермегендіктен, сол кезде ол кісіге жолданған құттықтаулар, жылы лебіздер, естеліктер де жинақталып, кітапқа қосылды.

Шұрайлы тіліміздің шыңырауынан мөлдіретіп тазасын алып сөйлер, өсиетін айтар, замана өзгерістерін қарымынан қалмай қағазға түсіріп жүрген ел арасындағы Нұрғазы аға сияқты азаматтардың шығармашылығы оқырманның ойына ой қосып, өміріне тәлім береріне сеніміміз мол. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» дейді дана халқымыз, бүгін де жетпістің қырқасына шығып, ақылы кемеліне келген Нұрғазы Нұрмұхамбетұлының өлеңдері – ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, молығып жатқан дария секілді әдебиетімізге қосуға болатын мөлдір тамшы деуге тұрарлық дүние.

Назкен ЕГІЗБАЕВА,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Алматы қаласы*

РУХАНИ ҮНДЕС АҒА!

Бәріміз де өмір жолаушысымыз. Сол жолда жақсымен де, жайсаңмен де, кері мінезді жандармен де жолығасың. Адамдардың бір-біріне жақын болып, қадірлес, сыйлас, бір-бірін ұзақ уақыт көрмесе іздеп, сағынып жүретіндігі де бекер емес-ау деп ойлаймын. Соның ішінде рухани үндес болғанға не жетсін. Мұндайда жасыңның ара қашықтығы ештеңеге бөгет болмайды, байқалмайды. Сәлемің түзу, әзіл қалжыңның жарасады-ақ. Мен үшін – Нұрғазы Нұрмұханбетұлы сондай аяулы жан, қадірлес. Жақсы адамдар – көпке ортақ, қай топқа салсаң да кісілігі, жайдары мінезімен өз орнын ойып тұрып алады. Нұрекеннің шапағатын жас кезімізден-ақ сезіндік. Сонау 1970 жылдардың аяғы, 1980 жылдардың басы. Приозерный ауданы құрылып, жан-жақтан жас мамандар ағылды-ай келіп. Солардың қатарында біз де бармыз.

* * *

...Аудандық партия комитетінің бюросы... КПСС мүшелігіне кандидаттарды мүшелікке қабылдап жатыр. Еңбек адамдарын онша қинамайды, сұрақтың астына алмайды. Газет тілшісі ретінде мені де біраз терлетті бюро мүшелері.

– Мына бір берілген мінездемеде кандидатты тентек мінезді етіп көрсетіпті, – дейді бір бюро мүшесі.

– Кандидаттыққа басқа аудандық партия ұйымынан өтіпті. Бұл сабазың сол жақтан неге өтіп келмеген, – дейді тағы бір бюро мүшесі.

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы өзге ұлттың өкілі, ширығып отыр.

– Расында сол жақтан неге өтпеген мүшелікке? Мәселесін тереңдете қарау керек.

Бюро мүшелерінің 80 пайызы өзіміздің ағалар, біріншіге жаутандап отыр. Сол кезде қаз-қатар тізілгендердің ортасынан аққұба жүзді жігіт ағасы басқаларынан бұрын: – Біздің ұйымда есепте тұрса неге қабылдамасқа? Жас журналист, келешегі алда – деп, басқалардың ауанын бұрып жіберді. Жүрегім жылып қоя берді.

Қадірлес аға, Нүрекеңмен 1978 жылдың жайдары жазында осылай танысқан едім. Содан бері 35 жылдың жүзі болып қалыпты-ау. Нүрекең аудандық партия комитетінің екінші хатшысы. Жігіттердің айтуына қарағанда Жезқазған облыстық партия комитетінде қызмет жасап жүрген жерінен жаңа ауданның іргесін қаласуға жіберілді. Ауыл шаруашылығын басқарады, қадағалайды. Орыс тілді басшылар көп, журналист ағайындар Нүрекеңді жағалаймыз, иман жүзді, бауырмал, ауыл шаруашылығында толып жатқан науканды жұмыстар. Ол кездегі тілшілер үнемі іс сапарда жүреді. Қойын дәптеріне жиналған материалдарды жазып-жазып тастайды да, тағы да келесі сапарға шығады. Өйткені, жыл он екі ай ішінде науқан. Аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Нүрекеңнің шаруашылықты аралауға шығатынын алдын-ала біліп отырамыз. Өйткені Нүрекеңнің көмекшісі редакциямен тығыз қарым-қатынаста. Мұны екінші хатшының өзі ұйғарған. Қазіргі «мерседеске» бергісіз «УАЗ-дың» артына фотоаппаратымызды іле жайғасамыз. Бірнеше сапарлас, дәмдес болдық ағамен. Әңгімешіл, жатырқамайды, мен басшыман-ау деп кекиіп тағы отырмайды. Анда-санда Қадыр ақыннан өлең оқиды жол үстінде, ыңылдап әндетіп отырады.

Тіптен бауыр бастық. Сол кезде есептеп отырсақ, жасы 35-тен енді ғана асқан екен. Біз болсақ мұрты жаңа ғана тебіндеп келе жатқан бозбаламыз. Нұрекеннің жиналыс өткізуі де ұнайтын. Совхоз басшыларына, мамандарына, партия ұйымының хатшыларына нақпа-нақ тапсырмаларды береді. Жиналыс өткізер алдында бүкіл фермаларды, бөлімшелерді аралайды, жетістіктерді, кемшіліктерді көзімен көреді. Басқосуда өз ойын ашық айтып, кемшілікті жоюдың жолдарын көрсетеді. Ұсыныс-пікірлері әр жүрекке жетіп жатады. Дауыс көтермейді, биязы, инабатты, мәдениетті.

– Жап-жас жігіт адамгершілік қасиеті өзгеше, кісілікті іштен оқып туған ба, – деген ақсақалдардың да сөзін естігенбіз.

Керісінше, кейбір аудан басшыларының сойылын сүйрете, столды қойғыштап, арқырап келетінін де байқайтынбыз. Көрдік ондайларды, бүгін бәрі де ертегідей. Нұрекен өткізетін жиналысқа мамандар, ауыл үлкендері еркін қатысатын, стол басындағыдай еркін әңгіме-дүкен құратын. Мұндайда шаруашылық мәселелері де ойдағыдай шешіледі. Көкейдегі сұрақтарын қояды жергілікті тұрғындар, бәріне Нұрекен тиянақты жауап беріп, ризашылыққа бөлейтін. Жанында ұзақ жүрген журналист бауырларының бірі мен едім. Жан дүниемде жатталып қалған көріністерді оқырманға жеткізуді жөн көрдім. Атам қазақ «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді ғой.

Ру сұраспадық, аға дедік, жаға дедік, сол көзқарастан әлі де тайған жоқпын өз басым. Келе-келе аға, тағы бір қырынан танылды. Телефон соғады.

– Бауырым, ағанның кітабы шығып еді, өзіңе арнап жазып қойдым біреуін алып кет, – дейді.

Қолымызға алдық, сүйсіне оқып шықтық. Аға соңғы

кезде көл жағасындағы «Балқашбалық» АҚ да қызмет етті, кәсіподақ комитетінің төрағасы болды. Төраға болғанда қандай, бүкіл ұйымдастыру шараларының басы-қасында жүреді. Балықшылар мүддесі бірінші кезекте. Оның үстіне рухани жан дүниесі бай, ұлттық салт-дәстүрімізге, әдет-ғұрпымызға жетік. Кеудесінен күмбірлеп жыр төгіліп жатса, әрине, мұндай басшының басқалардан оқ бойы озық тұратындығы және бар. Қатар жүрген әріптестерін кестелі тілмен бейнелеп, кара сөзбен де, өлеңмен де жырлапты.

Нүрекеннің әңгімесінен үзінді келтірейік: «шапқан аттай, сокқан желдей, жауған қардай, аққан селдей мына жалған дүние де өтер. Бірақ, елге, халыққа еткен жақсылықтың еш уақытта ұмытылмайтыны, таза көңіл, адал істің мәңгі жасайтыны хақ».

Балықшылар жайында жазған көсемсөзін осылайша түйіндейді.

Енді Нүрекеннің жырына кезек берейік.

Көре алмас, барың болса туысың,
Беретін жоқ болғанда досың жақсы.
Жағымпаздан жаныңда қутыңдаған,
Бетіне тура айтатын қасың жақсы.

Жамандардан білмейтін бағаңызды,
Түсінетін сөзіңді естің жақсы.
Түйелерден жүндесе бұлк етпейтін,
Қой бастайтын қораға ешкің жақсы.

...Ұлдан көрі атыңа кір келтірер,
Болса дағы жат жұрттық қызың жақсы.

Өлең дегеннің өзі шер тарқату. Басқамен ой бөлісу ғой. Мәселе, соны жеткізе білуде. Осы жолдардан-ақ ағаның жан дүниесін байқайсыз, сезе аласыз.

Бүгінде қалтасы калың байлар бар. Не құдай емес, не бұлай емес. Тәңірім бізді кешірсін. Нұрекең тағы да ақ қағаз, қалам арқылы ой бөліседі.

Мықтымын деп артық кетіп аттама,
Бірдей қара, жақынға да, жатқа да.
«Құдай» деп сал үзеңгіге аяқты,
Отырасың сонда мықты атқа да.

Жақсы ескерту, бәріміз де бір сәт ойланып жүрейік, кеше қандай едік, бүгін қандаймыз, алдағы күнің не боларын кім білген. Тәубесіне келмейтіндерге بازیнасы ғой, Нұрекеңнің. Меніңше адамзаттық көзқарас.

* * *

Тәуелсіздік алғаннан кейін толғамды-толғамды ой-пікірлерін жұртшылыққа жеткізе бастады. Нұрғазы аға кашан да адами құндылықтарды бірінші кезекке қояды. Өзінің өткір пікірлерін қалалық, аудандық, облыстық газеттерге жариялап, үнемі оқырмандармен ой бөлісіп отырады. «Еңбекті жырлау азайғанда, ұрлықты жырлау көбейеді» дейді Нұрекең бір әңгімесінде. Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде М.Сембайдың ауыл шаруашылығы жөніндегі проблемалық мақаласына бірнеше рет өз ойын ашық айтып пікір қосты. Жезқазған облысы жабылып, Қарағанды облысына қосылған күннен бастап, «Орталыққа» жазылды. Басқаларға үлгі-өнеге көрсетті. Тұрақты оқырманымыз, әрі авторымыз. Нұрекең Еңбекті қорғау инспекторы болып қызмет етті. Өндірістегі апаттардың алдын-алуға қарсы тұрды. Апат болса себебін анықтап, заң орындарымен бірлесе жұмыс

жасады. Тіпті алып комбинатының ымырашылдығына көнбеді, қарапайым еңбек адамдары жағында жүрді, қатарынан табылды. Өсы орайда өткір-өткір сұхбаттарын облыстық газетке ұсынды. Бұл ретте кез келген басшыларды дірілдетін алатын.

Нұрғазы ағамыз 2001 жылы Қазақ теледидарына арнайы барып, «Бетпе-бет» хабарына қатысты. Ондағы ойы хан-талапайына түскен Балқаш көлінің тағдырына араша түсін еді.

- Балқаш көлі Қазақстанның өз меншігі, ана Каспийге әр мемлекет ие болып жатыр, әрі тартты, бері тартты. Ал, Балқаш көліне өзіміз ие болып отырмыз ғой. Неге шын жанашырлық танытпаймыз, неге мемлекет қамқор болмайды. Әркім көл үстінде, жағалауында ойына келгенін жасаса Арал теңізінің тағдырына айналуы бек мүмкін ғой, – дейді Нұрекең сөз арасында.

Мал шаруашылығын көтеру, оның тұқымын асылдандыру, ауыл ахуалы, жастардың болашағы, шаруа қожалықтарының келешегі бәрі-бәрі Нұрекеңнің ой елегінен өтеді. Көңіл таразысына салады. «Мемлекет жеке меншіктен тұрмай ма? Бұл ретте айтар едім – бас басына би болып, жерді бөліп алғандар ауылды көркейте алмайды, қираған, азып-тозған ауылды қалпына келтіру үшін бірігу керек. Кезінде колхоздардан (ұжымшар) үкімет зиян көрген жоқ еді ғой. Олардың бәрі пайдалы болды» – дейді Нұрекең тағы бір әңгімесінде. Нұрекеңнің ұсынысы – ауыл шаруашылығына түбегейлі бір реформа керек. Өмірлік тәжірибесі бай, ой-толғамы терең, әр нәрсені саралай білетін Нұрекеңнің осы ұсынысын көпшілік қолдады.

Өзінің ой-толғамдарын айта келе мынадай пікірді көлденең тартады.

– Алға ұмтылған, шаруаны басқаруға бейім мамандарды қолдаса, жер көлемі, жайылымдары мол

Австралия, Бразилия сияқты ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін ет, сүт, корольдарының шығуына жол ашар еді.

Шындығында қызығушылық туғызатын ұсыныс. Біз кімнен кембіз? Мәселе, еңбекті ұйымдастыра білуде болса керек.

Өнерге жақын десем, ағамды тым алшақтатып жіберетін сияқтымын. Меніңше Нұрекең өнердің өз өкілі, жанашыры. Тіл туралы атойлап, ұран тастады. Баспасөз беттерінде тілі жоғалған ұлттың мына жарық дүниеге қажеті бар ма дейді ол. Атақты қазақ өнерінің майталман қайраткері, айтыс ақыны Шашубай Қошқарбайұлының шығармашылығын қатты қадірлейді.

Бірде ағам тағы да телефон соқты.

– Бауырым, мына Шашубай қонысындағы Шашубай көшесінде бір топ зейнеткерлер тұрамыз. Солдардың басын қосып, Шашубай көшесінде той-думан өткізбекпіз. Келе ғой, – дейді ағам.

Бардық, сол тұста жер-жерде Шашубай ақынның туғанына 145 жылдығын өткізуге дайындық қызу жүргізіліп жатқан болатын. Үлкенге де, кішіге де Шашубай ақынның кім екенін тағы бір еске түсіріп, насихат жұмысын жүргізу. Той-думанды Нұрекең өзі басқарып жүргізді. Тіпті керемет асаба ма деп қалдық. Әркімге сөз бергенде өлеңдетеді, өзі де ән шырқайды. Жұртты жанына үйіріп алады, дөңгелете би билетеді... Қойшы сол күні Шашубай көшесінің ғана емес, бүкіл ауылдағы үлкенді-кішінің есінен кетпейтін мәдени шара өткізді.

Қалам ұстағандарды, өнерге жақындарды қатты қадірлейді. Сонау кеңес кезінде ауданға ақын-жазушылар, көрнекті артистер келгенде жолбасшы болып, Нұрекеңнің елді аралатқанын да көргенбіз. Сөйтсек, жүрек түкпірінде, жан дүниесінде рухани қайнар бұлақ қайнап жатқан екен ғой.

* * *

Өмірдің ызғары, салқын құралайы болады. Аяулы ұлы Жеңіс жас қайыңның бүршігіндей желкілдеп өсіп келе жатқанда қайғылы қазаға ұшырады. Басқа да ыңғайсыз оқиғалар кездесті. Нұрекең қайғыны карағайға қарсы біткен бұтақтай көтерді, мойымады. Бұған да сабыр, төзім, ақыл-сана керек-ақ. Арты жақсы болды, жеңгіміз Тишкен екеуі ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немерелерінің бал күлкісіне бөленіп жатқан жайы бар. Жеңгіміз ұзақ жыл мәдениеттің рухани отауы кітапхана саласында еңбек етті. Кейде әзілдейміз, – өлең-жырға, ән-әуенге құмарлығыңыз жеңгіміздің кітапханасынан бастау алды ма екен, – деп.

Алайда, тегінде, қанда бар қасиет қалмайды ғой. Түбі бір жарып шығады. Нұрекеңнің үнемі ой толғанысында жүретіндігі осыдан болса керек. «...Кейде ой келеді, дүние байлыққа, мансапқа, табысқа деген құмарлық, талас, шайқас адам баласын құртып тына ма деп. Міне, кей адамның жаманы өмірдің мәнісі дүние байлықта тұрғандай осыған сенетіні, ойланбайтыны, алданатыны... Шіркін, өмірде қаншама жақсы адамдар бар. Алайда, сенің көзіңнің ашылуына қадам жасауыңа, үйренуіңе әлгі жақсы адам құр себепкер болады, осыны ұмытпасак екен деп ойлаймын».

Бұл Нұрекеңнің қойын дәптеріндегі ой-толғамдары.

Нұрекең қазір Ақтоғай ауданындағы Шашубай кентінің тұрғындарының бірі. Ағамыз 75-ке, жеңгіміз 70-ке келді. Биязы қалпы, асқарын ақ шалған, халқына адал еңбек етті. Рухани жоқшысы, іздеушісі болып жүр. Біздер сияқты інілерінің алдындағы адастырмайтын шамшырағы, бағдар шамы. Бала-шағасының асқар тауы. Нұрекең Алатаудың етегінде туып, арқа жерінен бақытын тапты. Аяулы әпкеміз әйгілі өнер дарыған киелі Жаңаарқаның тумасы.

Жетпіс бес белесіңіз құтты болсын, жақсы аға!

Оралбек ЖҮНІСҰЛЫ,

Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі, ҚР-сы Мәдениет саласының үздігі, «Ұлт мақтанышы» медалінің иегері.

A decorative border with a repeating pattern of stylized, symmetrical floral or scrollwork motifs, enclosing the central text.

ӨМІР ТУРАЛЫ ӨЛЕҢДЕР

*Өлеңдерім менің жазған жан-жақты,
Ойларым бар, түсінсеңдер салмақты.*

ӨЛЕҢ ӨЛМЕЙДІ

Өлең – өмір, оның адам авторы,
Өлең – шабыт, онсыз оның жоқ құны.
Өлең – шындық, ол өмірден алынған,
Өлең – өлмес ақындардың көз нұры.

Өлең – өнер түспейді ол оңайға
Өлең жазсаң қиындықты қолайла.
Менде жазам ол өлеңді талпынып,
Оның сырын жеңбекші боп калайда.

Өлең деген – ақындардың толғағы.
Өлең – сәби әлпештейтін қолдағы.
Өлең менің ұйқастарым күнделік,
Өлең менің шамшырағым жолдағы.

ӨЛЕҢГЕ БАҒА БЕР

Өлең өшсе, өшпейді ғой өмірде,
Тамызықсыз жанбайды ғой көмір де.
Кітап шықпай қала ма деп қорқамын,
Бұл нарықты себеп қылып көңілге.

Өлеңдерім менің жазған жан-жақты,
Ойларым бар, түсінсендер салмақты.
Кітабым жоқ, газеттерге басылса,
Оқырсыздар, оқырмандар ардақты.

Сөз ұғатын іні менен ағасың,
Автордың да түсініңдер шамасын.
Өлеңімнен қандай кінә табасың,
Өздеріңіз беріңіздер бағасын.

ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН ЖЫР

Бұл жерде мен жүре алмаспын паң күліп,
Түн өткізіп, атса-дағы таң күліп.
Кетейін десем құдалар, көрші-қолаң бар,
Кетпейін десем, қалам ба бір күн мәңгіріп.

Бұл жерде ортақ бәрімізге Ай, Күн бар,
Бірақ тек маған ғана сай бір мін бар.
Кетейін десем, БАЛҚАШ көлі-айдын бар,
Кетпейін десем, жүрегімде қайғым бар.

Бұл жерде мен танығам оң мен солымды,
Орнаттым мұнда бүгінгі болмыс-болымды.
Кетейін десем, көршілерімді қимаймын,
Кетпейін десем, бөгейді біреу жолымды.

Осының бәрі шетінен есті тандырып,
Ешкімде жоқ – деп ойлаймын жанды ұғып.
Жіберші деймін жүректің дертін жазайын,
Кетем – деп қорқам бас ауған жаққа қаңғырып.

Ақтөбегіск. 9
ШҮКІРШІЛІКKE HE ЖЕТЕР

Жүре-жүре көп сырларға қанықтым,
Оң-солымды жүре-жүре таныппын.
Туысымның дүниекоңыз жолдасы,
Кездескенде ақыл айтты... жалықтым.

Ұрсып айтады, жай айтады, сөзінде шек жоқ тегі,
Менің түзу жүргеніме окпелі.
«Бұл түріңмен қай уақытта байисын»,
Үйіңе келер туыстарың да көп дейді.

Өмір ме екен күлер кезде күлмесек,
Тойымсыздық – шалып түсер ілмешек.
Соқырмыз ғой, аш көздердің дүниені,
Қандай күйге жеткізерін білмесек.

Заман жақсы, шүкіршілікке жетер не,
Ойымызды лайлаймыз бекерге.
Ақша, алтын алып кеткен жоқ ешкім,
Бұл ауылдан ол «ауылға» кетерде.

Тірлігінді мақсатыңмен теңестір,
Нағыз бақыт – дүние жинау емес құр.
Ере бермей алақанның соңынан,
Ара тұра қабырғаңмен кенес құр.

Көп іздейміз табатындай тыныштық,
Хабарларды күтеміз көп бір ыстық.
Махаббаттан басталама – жақсылық,
Қуаныштан басталады – туыстық.

«Туыс» дейміз, жақын тартып әр жанды,
«Сыбыс» дейміз жаңсап шалып қалғанды.
Сүйген дұрыс, білген дұрыс Адамды,
Жақсылықпен жалғау керек арманды.

Бәріне де «Шүкір», «Шүкір» дегенмін,
«Шүкір» алда күтіп тұр ғой келер күн.
Шүкірлігім жетпегендей боп жатады,
Бір шумағы жетпей тұрса өлеңнің.

Білмеймін не сыйлайтынын келер күн,
Шүкір қылам не сыйласа көнермін.
Ақыл ойым тұрған кезде шатыспай,

Шүкірлігім тұрған кезде тереңмін.
Ақыл мен шүкірлік тынысындай бір әннің,
Осы екеуі көгім болса – Шынармын!
Кім біледі дәл осындай бір ойдың,
Тереңінен көктеп шыққан шығармын.

Осы екеуі маған мүлдем ардақты,
Осы екеуі тыныштықты таңдапты.
Осы екеуі бір ой менен бір ойдың,
Өшіп бара жатқан жолын жалғапты.

Осы екеуі – бақ болыпты ырыс боп,
Осы екеуі тек жақсылық жүр істеп.
Осы екеуі маған сыйлап махаббат,
Осы екеуі кетті мүлдем туыс боп.

Жақсылықты тек жақсылық жалғапты,
Тек жақсылық үшін тірлік толғатты.
Шүкірлігім алтыннан да салмақты,
Ақыл ойым бәріненде ардақты.

Аталы сөз тесіп өтер өзекті,
Мүмкін кейбір оқырманды мезі еттім.
Мен бұл жолы түйінімен екі ойдың,
Жоғалмайтын жақсылықты сөз еттім.

2011жыл.

ПЕНДЕШІЛІК

Кейбіреулер сөйлейді-ай тіпті данасып,
Түкке тұрмас «бок» дүниеге таласып.
Жақынымен тіл табыспай жүрсе де,
Жүргендер көп бастығымен жарасып.

Билік кетсе қолыңнан кеп талайды,
Көңіл қалып аппақ жаным қарайды.
Кезіндегі дос боп жүрген адамдар,
Әйтеуір тек өсектеуге жарайды.

Менің жаным мейірімге шөлдейді,
Долы жүрек көп нәрсеге көнбейді.
Нарық болған бұл сұрқия заманда,
Жүрек емес ақша ғана сөйлейді.

Соңғы кезде азайды ғой адамда ар,
Көре алмаудан жасалды ғой қадамдар.
Аяғансып, түр танытып тұрғанмен,
Бірін-бірі аямайды адамдар!

НЕ КЕРЕК?

Не керек ол араны ашылғандар,
Не керек төгілген мен шашылғандар.
Не керек нашарларды басынғандар,
Не керек мықтыларға бас ұрғандар.

Не керек құлқыны үшін құныққандар,
Не керек былғанған мен былыққандар.
Не керек ұрлықпенен пайда көріп,
Не керек ар-ұятты ұмытқандар.

Не керек өз тілінен безінгендер,
Не керек өзін мықты сезінгендер.
Не керек неше түрлі ұрлық жасап,
Амалсыз анда-санда көз ілгендер.

Не керек «сауысқаннан» сақ болғандар,
Не керек жұмыртқадан ақ болғандар.
Не керек ақша менен алтын үшін,
Елі мен халқын сатқан сатқын жандар.

Не керек қой терісін жамылғандар,
Не керек жанынан жау табылғандар.
Не керек жағдайлары төмен адам,
Көз жасына солардың шомылғандар.

Сондықтан ел болуды үйренейік,
Болар істі ертеңге сүйремейік.
Сондықтан да ес жиып, тәуелсіз боп,
Қайғы мен қуанышты бір көрейік.

ШЫНДЫҚ ЖАЙЫНДА

Мөлдірлікті мөлдіретіп бұрса да,
Мүжіп бітті қара түндей ой тегі.
Кеңірдекке кездік тақап тұрсада,
Шыр-шыр еткен шындықты айтсақ қайтеді?

Ақты қара, қараны ақ деу – мәңгүрттік,
Бұл қарайған қан секілді жәйт тегі.
Көп киналған жан-дүниені жаңғыртып,
Шыр-шыр еткен шындықты айтсақ қайтеді?

Тазартып бір уланған ой-сананы,
Жүректегі бар шындықты ақтару.
Ақты ақ – деп, қара десек қараны,
Төле би боп қара қылды қак жару.

Айтылмаса шындығын,
Ашылмайды түндігің.
Сапырады сап-сары,
Су жұкпастар сұмдығын.

ӨЗІМДІ-ӨЗІМ ҚИНАЙМЫН

Бытыраса береке,
Кетер елден мереке.
Күн бұлттанса күйбеңдеп,
Дірілдейді көлеңке.

Кесел-күйын баршылық,
Қажымайды қарсылық.
Қаңбақтарда зырлайды,
Қалмас үшін жаншылып.

Ұтылмасын ұлттығым,
Күтті жылдар, күтті күн.
«Суырып» салып сөйлеумен,
Ел ішінде шықты үнім.

Қуатым да күшім де,
Елдігімнің ішінде.
Қуаныштың құстарын,
Аялаймын түсімде.

Өтінішім өмірден,
Қызыл шырай көрінген,
Егеменді елдігім,
Еркіндесін сеніммен.

Ойлан, ойлан жарандар,
Жау ұсынбас саған бал.
Төзімді тоздырма,
Қасиетті адамдар.

Ауыздықпен алысқан,
Жау келмейді алыстан.
Өз жағамды жыртады
Өз саусағым қарысқан.

Өзімді-өзім қинаймын,
Қинаймын да, қираймын,
Тарылады тынысым,
Кең далаға симаймын.

2010 ж.

КӨЛЕҢКЕ БҰЗА АЛМАЙДЫ – КӨҢІЛІМДІ

Сүйенішім сен ғанасың күні-түн,
Адастырма, шатастырма – үмітім!
Көңілімді бұза алмайды көлеңке,
Үзе алмайды үмітімді ұры түн.

Өшіре алмас жалынымды лаулаған,
Байлығына жол тапқандар саудадан.
Саудагерлер сан соқтырып кететін,
Олар қасқыр, әм кобра аумаған.

Мерейімнің биіктігі далада,
Дала менің шындық құйған санама.
Дала гүлі дәру болған сияқты,
О, дүние, сенің ауыр жараңа.

Сүйенішім сен ғанасың күні-түн,
Адастырма, шатастырма – үмітім!
Көңілімді бұза алмайды көлеңке,
Үмітімді үзе алмайды ұры түн.

ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ-АЙ

Тірлікті Құдай қиған ғұмыр еттім,
Мен қашан Құдайымсыз қыбыр еттім.
Кезінде «атеист» – боп жүрсемдағы,
Олдағы – бұйрығымен Құдыреттін.

Өмірің сыбаға емес саған ғана,
Өтті ғой атаң дана, бабаң дана.
Солардың салып кеткен сорабын тап,
Далиған даңғылдарға алаңдама.

Өзіңді жамандасаң өкінбессің,
Ешқашан әруақтарды жамандама.
Болады әруақтарға сиынуға!
Болмайды тірі адамға бұйыруға.

Тәңірім маңдайыңа жазу жазған,
Әркімнің өз басы бар иығында.
Шарапка барды жұмсап шашыламыз,
Тезірек күн өтсе – деп асығамыз.

Күн өтсе бұрынғылар жылайды екен,
Біз қашан байыптанып басыламыз.
Өмірде сыйласумен бақ сынадым,
Көп көрдім адамның да жақсыларын.

Жамандық жасап жүрсе маған біреу,
Кектеспей, кең Құдайға тапсырамын.
Өмірде мас та мәңгі, сау да мәңгі,
Өмірде тас та мәңгі, тау да мәңгі.

Өмірде сүю мәңгі, күйе мәңгі,
Өмірде дос та мәңгі, жау да мәңгі.
Еңбеккер – Ұлы Құдай! Ерінбейді.
Ешқашан мақсатынан шегінбейді.

Еңбегі – Ұлы ғалам көз алдында,
Бірақ та, Құдай өзі көрінбейді.
Өмірде кеңейеміз, тарыламыз,
Туамыз топырақ та жамыламыз.

Өмірде кім болайық, ол болайық,
Бір Құдай бұйрығына бағынамыз.
Құдайды ұмытамыз кей кездерде,
Сорласақ «Құдай-ай» – деп жалынамыз.

Өзіңше дүниеге төрлетесің,
Өзіңше атағыңды өрлетесің.
Асқақтап айбарыңа ай қаратпай,
Жауыңды жасқап ұстап жерлетесің.

Өл – жерде, сен – төрінде отырғанмен,
Өмірден ол да өтеді, сен де өтесің.
Ажалға батыр да бір, пақыр да бір,
Айтқанда әңгіменің ең төтесің.

2010 ж.

ЕСІМДЕ ЖОҚ

Біздер қалай таныстық, – Есімде жоқ,
Қалай ғана табыстық, – Есімде жоқ,
Алғаш не сөз айтқаным, – Есімде жоқ,
Үйге қалай қайтқаным, – Есімде жоқ.

Еске түспейді, қайғырамын несін мен!
Әйтеуір бір тандырдың ғой есімнен.
Құшағыңнан қанша шықпайын десемде,
Құшағыңда алжасамын есімнен.

Тандыра бер күтіп тұрмын шешімді,
Түңілдірсен, жинап алам есімді..!

ҚАЖЕТІ НЕ?

Істеген жұмысың, пайдасы болмаса,
оның – қажеті не?
Айтар сөзіңде шындық болмаса,
оны айтып– қажеті не?
Балаларыңды тәрбиелей алмасаң,
ата-ана болу – қажеті не?
Қарияңда ұят болмаса, оны қадірлеудің – қажеті не?
Адамдар арасында шынайы махаббат болмаса,
онда пәк сезімнің – қажеті не?
Жүректе мейірім нұры болмаса,
онда сыйласудың – қажеті не?
Билікте әділдік болмаса, онда ел болудың,
жұрт болудың – қажеті не?

Біреу калып, бірі озып жүр бүгін,
Айы оңынан тусын қайдан күллінің.
Барлық адам шеңберіне сияр ма,
Қалталылар тұтынатын «үлгінің»?

Келер ме еді жолдан оны бұрмас,
Шекпендінің мүддесі елмен бір болса.
Мықтылардың бақшалары ертеkte,
Ар-Ожданды Доллар жеңіп тұрмысы?!

Сен де, мен де өзімізше биікіңіз,
Адамдықтың отына бір күйіппіз.
Арымыздың алдында біз биікіңіз,
Адам заттың алдында – біз биікпіз.

Отаннан жаралған жаным да,
От алған – нәр алған қаным да.
Тірегім жанымдай – арым бар,
Жалында, жүрегім, жалында!!!

ТӘРТІП ТУРАЛЫ

Ағалардан жеп жүрген соң саркытты,
Жас күнімнен болдым өзім тәртіпті.
Қисық жолға түспеген сияқтымын,
Жырларым да тура өзіме тартыпты.

Күн мен түннің, уақыттың кезегін,
Бір Алланың тәртібі – деп, төземін.
Таң атады, кеш батады ойласам,
Неге менің өртенеді өзегім??

Тоқта, асықпа алсаң ептеп сәл тыным,
Бүгін неге бүтін емес, жартымын.
Балаларға жеткізе алсам болғаны,
Үлкендердің айтып кеткен тәртібін!!!

2011жыл.

ӨЛЕҢІМ – АРҚАЛАҒАН ҮМІТІМ ҒОЙ

Аусарлықпен ауған сынды екпінді,
Жастық шақта серілікпен не тынды.
Оңашада отырғанда сеземін
Ойдағылар жыр болмаған секілді.

Әлі күнге қажырыма сенем мен,
Ол қайғы мен қуанышты тең емген.
Күнделікті «бір қақпайлар» арқылы,
Тағдырым бар тамыр тартқан тереңнен.

Бүгін міне күнге бұрып бетімді,
Айтып жүрмін шумақтатып ниетімді.
60 пенен 70-тің арасында *(зейнетте жүрген кезімде)*
Жырсыз күнім – нұрсыз күнім секілді.

Өткен жоқты өкіндірген аз айым,
Өз әлімше ойдың түбін қазайын.
Шығар болса осы ойымнан бірдеңе,
Суырылған жырларымды жазайын.

Талаптылар жақсылыққа тап болып,
Жеткізе алмай қалдырмағай ат-көлік.

Ұнамаса егер менің жазғаным,
Лақтырамын қаламымды қақ бөліп.

Уа халайық! Тарғыл тауға, паң кырға,
Ғашық еткен разымын тағдырға.
Мені бірақ қайдан шыққан ақын, – деп,
Өлеңімнің обалына қалдырма.

Айта алмай жүрмін кейде мен,
Ойлаған белден астым, – деп.
Жаздым ба екен ойлы өлең,
Қиындыктан қаштым, – деп.

Болсадағы қуаты – күй, азығы – ән,
Алыстадым өмірімнің жазынан.
Бере алмаспын басқаларға бал ашып,
Өлең менің өлмейтұғын – қазынам.

НАУРЫЗДАҒЫ ҚУАНЫШ

Наурыз тоймен құттықтадық іңірде,
Бар қуаныш жайнап тұрды түрінде.

Жас уақытта бастан кешкен шаттығы,
Әлі күнге тәтті екен тілінде.

Соны білін өз-өзімнен тамсандым,
Тіліндегі тәтті сырды аңсармын.
Жаның сенің жұмбақ әлі тұңғыық,
Оны әбден шешкенімше шаршармын.

Орындалмай қорқам жүрек үкімін,
Бұзылар – деп, екі жарты бүтінім.



Ҳанералерім: Дияс, Ауга, Ҷаҳан, Айжан



Жануамек



"Залалар" - өрбi қоралдық бiрлестiсiлiк ұжымы



"Заламтер" - зорди қоралдық бірлестілігі ұжымы



*Ауылдаштар: 1 катарда: Мел, Жааннар, Бахтияй
2 катарда: Әліртай, Зорғатак, Андрей, Маратжан, Бибіжолма*



Сара Саржан, мек. Мишкен



Мен, Мишкев, Галия, Замкен, Первай



Жасулан тилек айткан кыз



Бақыт, Кеңарал, Мишкев, мен



Бегали Бибиржан, Мишкен мен



Аналай, Хасеин, Макек, Ергек, Дана



Зура, кудайылар: Айлаш, Әбш, Дарина, Әбш, теңей



Ҳеҷис бадам



*Ҳаққон: Ғафари, Айдак, Айжан, мек, Ҳаққос,
Ауда, Мушкен, Ҷаҳан*



Мушкел, мек. Ауга



Хага, Тумура, Мушкел, Асбана



Согуе, мек. Хатгое



Мухади, Мухен аялбай, Мишкек



*Ҷаншайда санар: Саламат, Нурбуви, мек, Рахметолла, Зоя,
Фазиз, Мишкек, Ернур, Аюба, Манур, Туга, Ермак*



Ғенерация:



Ауғана



Aisya, Aqsa, Yaqin



Duqa



1- қатар: Мел, Мишкек, Минар, Ирика
2- қатар: Бақтияр, Қайрат, Дилара, Минур



Ақжолға сапар: Жаңғос, мел, Минур, Мишкек



Алабастаги бауырларим мен келим, кечерелериммен



Арзухан кечереммен



Асиялай кечереммен




Алибас: Ҳурралиқ, Ҳурбуџи, Мишкен, мек. Қайрат



Ҳурбуџи, Мишкен, мек. Саламат, Ҳурралиқ, Булбузак.



Ҳезқазан: Соул, мек. Ётсен, Гадр, Ирина



Алматы. Метроға



Алматы вокзаны. Мер, Мухомев, Саламат



*Астанада.
Жангос, Айгала, Жижек, лек. Түлмира, Ауда*

Есейіп ол кетсе-дағы өзімен,
Әлі сәби желбіреген тұлымы.

Өскен сайын сүймес қалай анасын,
Бар мейірді сонан ғана табасың.
Баласына ол ешқашан да сарқылмас,
Күннің нұры, таудың жұпар ауасы.

Жүрсек қанша оң істерге сүйіне,
Егерде мен айтар болсам күйіне.
Кейбіреулер ата-анасын шыдатпай,
Тапсырып жүр әкеп қарттар үйіне.

Бұдан артық катыгездік бола ма,
Одандағы айналсашы молаға.
Екі аяғы салбырап, текті қайтсін,
Ақыл болса, бауырым!
Ондайларға жолама!

Ары қылсын оның бетін анашым,
Ең асыл жан әке-шеше, бала үшін.
Ақылдылар қия кетпейді алдынан,
Менің оған титтей де жоқ таласым.

Анам барда таңым күліп ататын,
Жүрер жолым теп-тегіс боп жататын.
Оны күнге теңер едім әттең-ай,
Кең дүниені қиып ол да бататын.

Бар ма теңеу анашыңа табылар,
Ана жайлы әр адамның әні бар.
Көптен көрмей жүрсең көңіл құлазып,
Көрген кезде жан дүниені жадырар.

О, дүние, жетер ме екен арызым,
Өтелетін күн болар ма парызым?
Меккеге де апара алмай аркалап,
Ана алдында көп болды ғой қарызым!

2010жыл

ДОСТАРЫМА

Жылдан-жылға қатары селдіреген,
Құрбы-құрдас тұнған ой-мөлдіреген.
Мінезі бар әркімнің, бөлек-бөлек,
Жырласа ақын туатын небір өлең.

Достарым-ай, қатары селдіреген,
Сақалдары самалмен желбіреген.
«Кеткендеріп» кайтейін сағындым-ау,
Тұнып тұрған әрқайсы мөлдір өлең.

Көңіліңді көтеріп, жүретұғын,
Жақсы ісіңе құлағын түретұғын.
Қалған досқа айтамын алғысымды,
Қай кезде де көңілімді бұратұғын.

Қашанда сүйенішің ел дегенің —
Суына бал татыған шөлдегенмін.
Айналдым бірге жүрген достарымнан,
«Бөтендігім» болса да кет, - демедің.

* * *

Жиырма жылда, бір кездескен достарым,
Бурыл тартып, ағарыпты бастарың.

ДОС ДЕГЕН НЕ?

Дос дегенің – кеудеңдегі жүрегің,
Өмірдегі қуанышты тірегің.
Егер досың ақ пейілді жан болса,
Орындалар өмірде бар тілегің.

Дос дегенің – кеудеңдегі жаның ғой,
Тамырыңда толқып жатқан қаның ғой.
Дос дегенің егер ақтан кездессе,
Өміріңде бар қызығың – жарың ғой.

Дос дегенің – өкпең менен бауырың,
Білмейсің бе дос жолының ауырын.
Соның үшін дос деген адамдар,
Алсын тауып осы достың тәуірін.

Дос дегенің – көрер көзің емес пе,
Қысылғанда сөйлер сөзің емес пе?
Қиыншылық басыңа іс түскенде,
Сүйеу болып досың сонда келмес пе?

Шын іздесен табылмай ма асыл дос,
Шын дос болса, өмірің сенің өтпес бос.
Адамшылық ар-ұятты сақтайтын,
Сыр шашпайтын адамменен басың қос.

БАРАТЫН ЖЕР БІРЕУ...

Жан аямас досың мен туған бауыр,
Талқыға салып алар тез емес пе?

50 мен 60-тың тап ортасы,
Жігіттің шарықтаған кезі емес пе?

Көнекөз қариялар болса жаныңда,
Шежіренің дайындаған сөзі емес пе?
Жаман туыс жолдаспен қатар тұрса,
Өмірде құтылмайтын ез емес пе?

Алдыңда ақыл айтар ағаң болса,
Алтынның жарқыраған өзі емес пе?
Артыңнан ерген бауыр болса нашар,
Асылдың қасындағы бөз емес пе?

Нашар туса өз ұлын, қызыңменен,
Әншейін көз тарталық жез емес пе?
Бала-шағаң, әйелің беттен алса,
Тірідей өлгенменен тең емес пе?

Қарсы алмай қабақ шытса бауырыңыз,
Үстіңе тастай салған зіл емес пе?
Еңбегің жасап жүрген зая кетсе,
Ақкөңіліңді торлаған күс емес пе?

Туғаныңнан адал болса жиендерің,
Табиғат сыйлап берген гүл емес пе?
Ағайын, тіршілікте сыйласайық,
Бәрібір баратын жер бір емес пе?

ОЙ ДЕГЕН НЕ?

Қаңғыртарсың кара басты, шіркін ой,
Ойға батсаң, қызық болмас ешбір той.

Зіл сияқты қара тастай болмай ма,
Көтеріліп көкке өрлеген тұла бой?

Ой дегенің ол – болмай ма у жылан,
Бір сағатың кем бола ма бір жылдан?
Көңіліңе қайғы түсіп, ой басса,
Құтылмассың ол ойлардан сен жылдам.

Пана болар тек ойыңа сүйген жар,
Ол болмаса кең дүние болар тар.
Тілегі мен жүрегі бір болатын,
Шын жүрекпен таза сүйген қайда жар?

Таба алмадым ешбір жерден оны мен,
Жүрегіме қайдан табам енді ем?
Тілегіме бәрі түгел дүниеден,
Жалғыз ғана осы жүрек болды кем.

Орындалар күні бар ма тілектің,
Қуанатын күні бар ма жүректің?
Адалынан кездестір деп жарымды,
Жалғыз тілек жалғаннан мен тілеппін.

Ой дегенің түп-тұңғыық, ол – өзен,
Ойға көмек бола алмас пендеден.
Пана болар тек ойыңа сүйген жар,
Көмек болмас сүйгеніңнен өзгеден.

КІМ СҰЛУ?

Жер жүзіне жарық берген күн сұлу,
Жүрегіңді жарып шыққан үн сұлу.

Барлық қайғы-қасіреттен құтылып,
Тәтті ұйқыда ұйықтап қалған түн сұлу.

Алтындай боп сылдыр қаққан су сұлу,
Жер жүзіне шешек атқан гүл сұлу.
Жаздың күні жанға сая болатын,
Мұнарланып, сағымданған ну сұлу.

Қара алтындай топырағы жер сұлу,
Жауға жерін бермейтұғын ер сұлу.
Жер қорғайтын адал ерін жаратқан,
Бәрінен де осылардан ел сұлу.

Оймақ ауыз, күлімдеген көз сұлу,
Жүрегіңе майда тиген сөз сұлу.
Таспа белді, өзі торы сымбатты,
Бәрінен де сүйген жарға қыз сұлу.

Ақ тамақтан кернеп шыққан ән сұлу,
Дос жиналып бірге татқан дәм сұлу.

КӨҢІЛ ДЕГЕН...

Көңіл деген – жаңа шыққан күндей ғой,
Кейбір кезде айсыз қара түндей ғой.
Кең дүние – бақыт, қызық болса да,
Кейбір кезде тас қараңғы індей ғой.

Көңіл деген – соғып тұрған жүрегің,
Өмірдегі ақ ниетті тілегің.
Қанша соғып алданса да, алаңдап,
Бір кездерде жоқ боласың, білемін.

Көңіл деген – қызық екен таусылмас,
Өмір бойы бір қартаймай болсаң жас.
Көтерілін көкке өрлеген көңілің,
Су сепкендей басылады-ау болып тас.

Көңіл деген кейде шалқып тасиды,
Кейбір кезде тектен-текке жасиды.
Кейбір кезде шын сырыңды айта алмай,
Амал қанша, ішің күйіп, ашиды.

Көңіл деген – кейбір кезде шөлдей ғой,
Кейбір кезде шалқып жатқан көлдей ғой.
Кейбір кезде думан-тойы басылып,
Алыс жерге көшін кеткен елдей ғой.

МАЗАҚ БОЛДЫҚ!

Тілімізді менсінбей болған мазак,
Қазақша қашан сөйлер қайран қазақ.
Айтам – деп «ілім-білім» білмей қаппыз,
Тіліміздің болғанын тілім-тілім.

Қазақшаға әсте біз қызықпаймыз,
Көреміз тек шетелдік телефильм.
Енесі орышалап отырғасын,
Қазақша не айтады үйде келін.

Қарғаша қаңқылдамас қаз бен үйрек,
Нағыз жаның ашыса, бұрса бүйрек.
Құстарда өз тілімен түсініседі,
Халайық!

Ұл-қызыңа қазақша үйрет.

Киелім – ұлттық тілімді,
Сүйемін үйреткен ғылымды.
Сүймес ем қадірлеп елімді,
Егер мен сүймесем ділімді.

Домбыра – мұңдасым, сырласым,
Қондырған жүрекке мұң нәшін.
Күйлерді төгілтің тартайын,
Өзге емес өз халқым тыңдасын.

Мін артып өмірден көшпейік,
Қызығып «былықты» кешпейік.
Тірлікте ешкім жоқ өлмейтін,
Пеңдеміз!

Жанайық өшпейік!!

«Тоқырау» заманы өтті, – деп,
Өзінше тон пішкен мықты көп.
Алысқан күрестің жеңісін,
Сыртта да көретін шықты көп.

БАҚЫТ ЕМЕС – КӘРІЛІК, НЕ БОЛСА СОЛ БӘРІ – ІЛІК

Кәрілік қыс, жастық шақ болар жазы,
Жаратушы бір Алла әділ қазы.
Күзден кейін келетін қыс секілді,
Өмірдің көбі кетіп қалды азы.

Алпыстағы өмірің күзге ұқсас,
Іздейсің әңгімеге өзің тұстас.

Шақырусыз ешқайда бара алмай,
Түлкідей тығыласың іннен шыкпас.

Кәрілік жолаушыдай билеті жоқ,
Арттағы қалған ізге көңілің тоқ.
Бұл дүниеден аларың дүние боқ,
Пайдасыз бәрі қалар дүние бос.

Туғаннан соң ей, қалқам, өлу парыз,
Аңдулы сөйлеген сөз, басқан әр із.
Ахретке барғанда бір сұрау бар,
Жаман іске жолама, болма қарыз.

Біреу білер осыны, біреу білмес,
Аңдиды бірін-бірі болып күндес.
Уақытты аз ғана тату өткіз,
Мәңгілік бұл өмірде ешкім жүрмес.

Мәңгілік өмір болса, болмас мәні,
Өлмесе әке-шешең айтшы кәне.
Рухы ұшып кетер бөлек жаққа,
Бейіті көз алдында жатыр әні.

Әңгіме айтатұғын жаныңдағы,
Тірі болса кемпірі шалдың бағы.
Сыйыспай келінің мен көшіп жүрсе,
Сыйымсыз қу шал дейді халық тағы.

Жамандығы әр жерден берер қылаң,
Жаман келін үйіңе кірген жылан.
Әке менен анадан тумағандай,
Ақыл айтсаң өзіңе болар ылаң.

Кейбіреуге мына сөз болар удай,
Осы сөз сыртқа шықты, ішке сыймай.
Артық кеткен егер де жері болса,
Кешірші, жаратушы патша Құдай!

Жастық шақ осымен болар тәмам,
Кәрілікке қаратса бастым қадам.
Адам басы Алланың добы деген,
Ойлай бер әрі қарай болса санаң.

Жаксы сөз үлкендерге болар дәрі,
Бір кездерде жаста болған шалдың бәрі.
Беттен алмай үлкенге түзу сөйле,
Боларсындар, ей жастар, сенде кәрі.

Кәрілік түскендейсің қазған орға,
Әдейі шықпастай ғып құрған торға.
Жамандығын балаңның естіп қалсаң,
Жаның шықпай отырарсың эзер зорға.

Ақыл айтқым келеді тыңдағанға,
Түсіне ме құр тұрып ымдағанға.
Өзің де жас кезінде болдың қандай,
Дей көрме ақыл айтып жынды адам ба?

Мысалменен келеді менің сөзім,
Үлкенге де, кішіге керек төзім.
Я, Алла кешіре гөр күнәм болса,
Ол жаққа жібергенде орап бөзін.

Аман қыл балам менен немеремді,
Айтпаңдар жамандайсың тағы неңді.
Осымен сөзімді тоқтатамын,
Оқығандар айтындар артық-кемді.

ӨМІРІМ

Өмірім кейде шалқып, кейде сөніп,
Кей кезде жансыз жандай бейне өлік.
Тағдырдың жазуына амал бар ма,
Келемін бар азапка мен де көніп.

Өмірім кейде арманға жеткендей-ақ,
Кей жандар көңілге ұнап некен-саяк.
Кей кезде шарықтайды қиялданып,
Армансыз, еш қайғысыз жүргендей-ақ.

Өмірім – кейде тұман ашылмаған,
Жүрегім – кейде жалын басылмаған.
Өксітіп, өзін-өзі жаралайды,
Не қызық бар дегендей енді маған.

Өмірім кейде дауыл, ескен желдей,
Жасы да қара көздің төккен селдей.
Тек қана бір тіршілік алаңдатад,
Дұшпанға іштен тынып, белді бермей.

Өмірім кейде аяз сықырлаған,
Сүрініп кететіндей бассам қадам.
Ойрандап дүниені өтер едім,
Емеспін мен хайуан, атым адам.

Өмірім кейде лаулап жанған оттай,
Жүрек те ешбір жанға тіпті соқпай.
Сен кімсің осыншама артық туған,
Маңайда коз толатын еш жан жоқтай.

Өмірім – кейде кеуіп қалған көлдей,
Өтеді-ау, шіркін, жүрек аңсап, шөлдей.
Тас жүрек тек әурелеп жас өмірді,
Кетеді-ау арманда боп кезі келмей.

ҚАЗІРГІ АУЫЛ

Біздің ауыл төрт мезгілді санаған,
Нарық заман шат өмірді тонаған.
Босап қалған, қирап қалған ауылда,
Қарттар қалған хабар күткен баладан.

Балықшылар балықтарын аулап жүр,
Саудагерден балық құнын даулап жүр.
Бір кездегі көл балығын сақтайтын,
«Тоңазытқыш» меншік болып қаусап тұр.

Балықшының ашылғандай сырлары,
Бұл ауылда сезіледі мұң бары.
Қариялар түн ұйқысы бұзылып,
Оқтын-оқтын «соткаларын» тыңдады.

Пенсия алса, құдайы беріп қауымға,
Алып қалған немерені бауырға.
Ұлдары мен келіндерін жіберген,
Жұмыссыздан сыймаған соң ауылға.

Отыр міне екі көзі төрт болып,
Сағыныштан жол қарайды өрт болып.
Қалаларда жүрген бала уайымы,
Жабысады жүрегіне дерт болып.

ӨМІРІМ

Өмірім кейде шалқып, кейде сөніп,
Кей кезде жансыз жандай бейне өлік.
Тағдырдың жазуына амал бар ма,
Келемін бар азапқа мен де көніп.

Өмірім кейде арманға жеткендей-ақ,
Кей жандар көңілге ұнап некен-саяқ.
Кей кезде шарықтайды қиялданып,
Армансыз, еш қайғысыз жүргендей-ақ.

Өмірім – кейде тұман ашылмаған,
Жүрегім – кейде жалын басылмаған.
Өксітіп, өзін-өзі жаралайды,
Не қызық бар дегендей енді маған.

Өмірім кейде дауыл, ескен желдей,
Жасы да қара көздің төккен селдей.
Тек қана бір тіршілік алаңдатад,
Дұшпанға іштен тынып, белді бермей.

Өмірім кейде аяз сықырлаған,
Сүрініп кететіндей бассам кадам.
Ойрандап дүниені өтер едім,
Емеспін мен хайуан, атым адам.

Өмірім кейде лаулап жанған оттай,
Жүрек те ешбір жанға тіпті соқпай.
Сен кімсің осыншама артық туған,
Маңайда көз толатын еш жан жоқтай.

Өмірім – кейде кеуін қалған көлдей,
Өтеді-ау, шіркін, жүрек аңсап, шөлдей.
Тас жүрек тек әурелеп жас өмірді,
Кетеді-ау арманда боп кезі келмей.

ҚАЗІРГІ АУЫЛ

Біздің ауыл төрт мезгілді санаған,
Нарық заман шат өмірді тонаған.
Босап қалған, қирап қалған ауылда,
Қарттар қалған хабар күткен баладан.

Балықшылар балықтарын аулап жүр,
Саудагерден балық құнын даулап жүр.
Бір кездегі көл балығын сақтайтын,
«Тоңазытқыш» меншік болып қаусап тұр.

Балықшының ашылғандай сырлары,
Бұл ауылда сезіледі мұң бары.
Қариялар түн ұйқысы бұзылып,
Оқтын-оқтын «соткаларын» тыңдады.

Пенсия алса, құдайы беріп қауымға,
Алып қалған немерені бауырға.
Ұлдары мен келіндерін жіберген,
Жұмыссыздан сыймаған соң ауылға.

Отыр міне екі көзі төрт болып,
Сағыныштан жол қарайды өрт болып.
Қалаларда жүрген бала уайымы,
Жабысады жүрегіне дерт болып.

Осылай ғой бүгінгі өлі тыныштық,
Қайран ауыл – бізді өсірген ырыс-құт.
Өскен жастар алыс-алыс қалада,
Күндерді аңсап өзінде өткен тым ыстық.

БАЛЫҚШЫЛАР

Балықшылар – негізі мықты адамдар,
Қандай қиын болса да ықпағандар.
Толқын болып жатса да көл бетінде,
Ауын тартып біткенше шықпағандар.

Көл үстінде толқынмен алыскандар,
Сөйтіп жүріп өзара жарысқандар.
Танымастай түрлері өзгерсе де,
Жағалауға шыққанда таныс жандар.

Еңбегі мысшыларға болған азық,
Дем алмаған бір сәт те белін жазып.
Кезінде ашаршылық тамақ болды,
Ұсталған Балқаш көлден табан балық.

Көтергенде ауыр жүк жігерленер,
Халқы үшін балықшы боп тіленгендер.
Аулаған балықтарын дер кезінде,
Дастарханға саудаға жібергендер.

Балықшылар «батыр» деп қабылдадым,
Жігердегі от – сендердің жалындарың.
Тіршілікке адамзат азық берген,
Аман жүр, айдындағы бауырларым!

НАУРЫЗ – 2012

Жыл басы ғой бұл Наурыз, біл осыны қандасым,
Биылғы қыс қатты болды, енді ондай болмасын.
Қысқа деген дайындықты әлден бастап жасайық
Қоян жылғы қателіктер ойымызда қалмасын.

Ұлу жылы келді міне, сүйрендетін құйрығын,
Кім біледі «Кібісе жыл» бұл өмірдің бұйрығын?
Жолдауымен Елбасының жарылқаған Жаңа жыл,
Қалай ғана қолдамайсың әлеуметтік сыйлығын.

Артық екен санағанда биылғы жыл бір күнің,
Соған қарап жоспарлансын тұрмысың мен тірлігің.
«Мысық» құсап тышқандарды қорек қылған
күн сайын,
«Жеп қоймасын» – деп тілейік аңдыскандар
бір-бірін.

Жайып салдым өздерің, ойымдағы сырымды,
Гүл орнына ұсынамын жазып келген жырымды.
Құттықтаймын уа халайық!

Мерекелі күніңді,
Құттықтаймын жылдың басы –
Наурызыңды бүгінгі!

2012 ж.

ОЙДАН ШЫҚҚАН ҰЙҚАСТАР

Қандай жақсы балаңыз сөз тыңдаса,
Бағынып саған, сол сөзіңді құндаса.

Сорың бар ғой сол сөзіңді тыңдамай,
«Жамандарға» ілесіп-ап жынданса.

Ойлы бала ақылдан азбайды,
Ойынан от алып, маздайды.
Жағдайы кетсе дағы азбайды,
Не пәле көрсе дағы қазбайды.

* * *

Өкінер білместік көп менде,
Кешіргін ол үшін жек көрме.
Бойымда осындай мінім бар,
Еске алма арадан кеткенде.

Аяқта бір істі бастасаң,
Уақытың тез өтер «саспасаң».
Жақсылық ісіңнен көрінер,
Заңдылық қалпыңнан аспасаң.

* * *

«Шалқайма» байлығың асканда,
Менсінбей ешкімді – карама аспанға.
Судай боп ағады байқайсың бір күні,
Төгілер бар байлық «өзіңше» тасқанда.

Ер көптің бақытын ойлайды,
Еңбегінің жемісін тойлайды.
«Құныққан» билікке жеткенде,
Өз халқын жесе де тоймайды.

* * *

Қызықтап қарасаң гүлің шоқ,
Қызықпай оқысаң, білім жоқ.

НАУРЫЗ – 2012

Жыл басы ғой бұл Наурыз, біл осыны қандасым,
Биылғы қыс қатты болды, енді ондай болмасын.
Қысқа деген дайындықты әлден бастап жасайық
Қоян жылғы қателіктер ойымызда қалмасын.

Ұлу жылы келді міне, сүйреңдетін құйрығын,
Кім біледі «Кібісе жыл» бұл өмірдің бұйрығын?
Жолдауымен Елбасының жарылқаған Жаңа жыл,
Қалай ғана қолдамайсың әлеуметтік сыйлығын.

Артық екен санағанда биылғы жыл бір күнің,
Соған қарап жоспарлансын тұрмысың мен тірлігің.
«Мысық» құсап тышқандарды қорек қылған
күн сайын,
«Жеп қоймасын» – деп тілейік аңдысқандар
бір-бірін.

Жайып салдым өздерің, ойымдағы сырымды,
Гүл орнына ұсынамын жазып келген жырымды.
Құттықтаймын уа халайық!

Мерекелі күніңді,
Құттықтаймын жылдың басы –
Наурызыңды бүгінгі!

2012 ж

ОЙДАН ШЫҚҚАН ҰЙҚАСТАР

Қандай жақсы балаңыз сөз тыңдаса,
Бағынып саған, сол сөзіңді құндаса.

Сорың бар ғой сол сөзіңді тыңдамай,
«Жамандарға» ілесіп-ап жынданса.

Ойлы бала ақылдан азбайды,
Ойынан от алып, маздайды.
Жағдайы кетсе дағы азбайды,
Не пәле көрсе дағы қазбайды.

* * *

Өкінер білместік көп менде,
Кешіргін ол үшін жек көрме.
Бойымда осындай мінім бар,
Еске алма арадан кеткенде.

Аяқта бір істі бастасаң,
Уақытың тез өтер «саспасаң».
Жақсылық ісіңнен көрінер,
Заңдылық қалпыңнан аспасаң.

* * *

«Шалқайма» байлығың асқанда,
Менсінбей ешкімді – қарама аспанға.
Судай боп ағады байқайсың бір күні,
Төгілер бар байлық «өзіңше» тасқанда.

Ер көптің бақытын ойлайды,
Еңбегінің жемісін тойлайды.
«Құныққан» билікке жеткенде,
Өз халқын жесе де тоймайды.

* * *

Қызықтап қарасаң гүлің шоқ,
Қызықпай оқысаң, білім жоқ.

НАУРЫЗ – 2012

Жыл басы ғой бұл Наурыз, біл осыны қандасым,
Биылғы қыс қатты болды, енді ондай болмасын.
Қысқа деген дайындықты әлден бастап жасайық
Қоян жылғы қателіктер ойымызда қалмасын.

Ұлу жылы келді міне, сүйреңдетін құйрығын,
Кім біледі «Кібісе жыл» бұл өмірдің бұйрығын?
Жолдауымен Елбасының жарылқаған Жаңа жыл,
Қалай ғана қолдамайсың әлеуметтік сыйлығын.

Артық екен санағанда биылғы жыл бір күнің,
Соған қарап жоспарлансын тұрмысың мен тірлігің.
«Мысық» құсап тышқандарды қорек қылған
күн сайын,
«Жеп қоймасын» – деп тілейік аңдысқандар
бір-бірін.

Жайып салдым өздерің, ойымдағы сырымды,
Гүл орнына ұсынамын жазып келген жырымды.
Құттықтаймын уа халайық!

Мерекелі күніңді,
Құттықтаймын жылдың басы –
Наурызыңды бүгінгі!

2012 ж.

ОЙДАН ШЫҚҚАН ҰЙҚАСТАР

Қандай жақсы балаңыз сөз тыңдаса,
Бағынып саған, сол сөзіңді құндаса.

Сорың бар ғой сол сөзіңді тындамай,
«Жамандарға» ілесіп-ап жынданса.

Ойлы бала ақылдан азбайды,
Ойынан от алып, маздайды.
Жағдайы кетсе дағы азбайды,
Не пәле көрсе дағы қазбайды.

* * *

Өкінер білместік көп менде,
Кешіргін ол үшін жек көрме.
Бойымда осындай мінім бар,
Еске алма арадан кеткенде.

Аяқта бір істі бастасаң,
Уақытың тез өтер «саспасаң».
Жақсылық ісіңнен көрінер,
Зандылық қалпыңнан аспасаң.

* * *

«Шалқайма» байлығың асқанда,
Менсінбей ешкімді – қарама аспанға.
Судай боп ағады байқайсың бір күні,
Төгілер бар байлық «өзіңше» тасқанда.

Ер көптің бақытын ойлайды,
Еңбегінің жемісін тойлайды.
«Құныққан» билікке жеткенде,
Өз халқын жесе де тоймайды.

* * *

Қызықтап қарасаң гүлің шоқ,
Қызықпай оқысаң, білім жоқ.

Егерде жаманмен бір жүрсең,
Салт-дәстүр, накыл сөз тілің жоқ.

Күшіңнен ой мықты жамағат,
«Ішуден» таба біл қанағат.
Күнделік шығынды есепте,
Артыңнан ермесін жаман ат.

* * *

Әр қилы болса да өмірі,
Қарттардың әлі жас көңілі.
Өмірде көп жағдай болсада,
Ойы отты жандары өмірлі.

Меншілдік ластап көркемді,
Күншілдік шындықты өртеді.
Кей басшы қорлаумен өшігіп,
Таптап жүр өсірмей өркенді.

Жақсының қадірін білмесең,
Жақсымын дер едің кімге сен?
Мен, жақсы болам – деп ойлама,
Жақсыдан ғибарат ілмесең.

* * *

Көпке мін тағуды қоспадым,
Айыбым көп менің достарым.
Тірлікті ар үшін бағалап,
Жақсы істің ақырын тосқамын.

Ұнатқан ісінді тастама,
Үлгі етсе үйреткін басқаға.
Уақытың босқа боп өтеді,
Ұнамсыз тірлікті бастама.

Науқасқа көмегің болмаса,
«Талтақтап» жүргенің далбаса.
Мыңдаған байлықтан не пайда –
Бір адам одан нәр алмаса.

Жарыңның қадірін білмесең,
Өзіңнің «жауысың» күнде сен.
Береке-бірлікті білмесең,
Боларсың келеке мүлде сен.

Тіршілік – ең қымбат сыйласым,
Достарым, қатарлас қимасым.
Күнделік бас қосып жүргендер,
Бір-бірін сыйлауын тыймасын.

Ел – жұрттың салтынан аспаймын,
Кел достар! Қонаққа ас дайын.
«Сыбаға, омыртқа, шеке» бар,
Сезіммен сыйлауды бастаймын.

ОЙ – ТҮРТКІЛЕР ТОПТАМАСЫ

Қалған мұра Атамнан – ізеттілік,
Арымды соған қойдым күзеттірін.
Адалдық менің сәби Айбарым ғой,
Маңдайынан жүргені жүз өптіріп.

Жалақым менің зорға бір,
Тиіп еді қолға бір,
Түрлі төлемақылар...
Төсып меіні жолда тұр.

Қордаланған қарыздар...
Кезектесін жолда тұр,
Неше түрлі парыздар...
Олармен бірге сол да тұр.

Шамалы алған айлығым,
Азын-аулақ шайлығым,
Өзімнен ұзап алысқа,
Кеткісі келмей қолда тұр.

* * *

Жаз өтіп, күз өмір өзгерді,
Қысты енді уақыт көз көрді.
Қарылып замана қысына,
Кәрілік қалайша тез келді?

Көктемге гүлденген өрікті,
Өктем жел тозаңдап, өбіпті.
Жемісі күтіммен өсіпті,
Жемісті тал сыйға беріпті.

Жалынды жүрегім шаршама,
Жанымды безеуге бар шама.
Арымды кастерлен өлеңмен,
Барымды берейін баршаға.

Байлығым – денсаулық, күдерім,
Қайғы-мұң болмаса үдедім.

Алмаған камалды алам деп,
Алладан амандық тіледім.

Өмір – мұң, сен бірақ мұнайма,
Өмірін сүйген ер құлай ма?
Күшірлік бөлмасын, тоба деп,
Шүкірлік қылайын Құдайға.

* * *

Шіркін дүние сен неткен ғажап едің,
Күнде-күнде келеді жаза бергім.
Түңілгенмен қор көріп адамзаттан,
Қате шығар тек сенен қала бергім.

Өмірге өкінбеймін келгеніме,
Ризамын ғой қызыл тіл бергеніне.
Ақындығым арманға жетелейді,
Ризамын дүниеге ергеніме.

Ер азамат шаңырақтың несі,
Шүйкебастың арқа сүйер киесі.
Азаматтың қателігі білінбес,
Ал әйелге жұғады екен күйесі.

Ер азамат отбасының тірегі,
Асырайды ақылы мен білегі.
Қалыс қалады қалтарыста тағы да,
Әйел атты босағаның жүрегі.

Ер азамат отбасының бақыты,
Сәбилердің күлкісіне бөленген.

Жақсы болса азаматы білімді,
Әйел – ана қуанышқа кенелген.

* * *

Бір сөз менің оралады ойыма,
Нәзік әйел нәзікпін деп мойыма.
Мойын қайда бұрылса бас сонда ғой,
Екендігін ер-азамат мойында.

Жас келген соң, көңілім ашылмады,
Аспан түнек бұлт басқан күн сиқатты.
Күлкі келеді, себеп жоқ күлуіме,
Сол күлкінің арты да бос сиқатты.

Уақыт шіркін өтеді су сияқты,
Өмір шіркін қиыры жоқ ну сияқты.
Қиялменен өтеді әр таң атқан,
Сыр ақтарар қатарың аз сияқты.

Дүбірлі түсінбейтін бұл дүние,
Ойлап отырсаң түсесің жайсыз күйге.
Туыс-жолдас бір-бірін танымастай,
Шырқ айналған бұл неткен жалған дүние!

Жүрегім қайран менің елжіреген,
Сескенеді кейде қорқып әлде неден.
Кейде шаттық кернейді жүрегімді,
Түңілемін кей кезде бұл дүниеден.

* * *

Тұрады екен бұл өмір армандардан,
Жан болмайды арманға алданбаған.

Бір күніңнен бір күнді қызықты етін,
Қол бұлғайды жеткізбей алдын саған.

Тұрады екен бұл өмір сағыныштан,
Сағынасың күндерді алып ұшқан.
Бұл өмірдің заңы деп бағынасың,
Сағынасын кезді де жаңылысқан.

* * *

Әркімнің бар жекжаты, туыс, қатары,
Елдің салты – келіп, кетіп жатады.
Туыс келсе, жарың жүрсе түнерін,
Осы емеспе жанға нағыз батады?!

Жары жақсы жатты жақын етеді,
Ондай үйде ас пен шаттық жетеді.
Сыйластық жоқ, жылуы жоқ от еккен,
Жекжат күліп, кәрі ата аш кетеді.

Көздің құрты – алтын, күміс тас болар,
Татулықта үзім нан да ас болар.
Еңбек, ұждан, нысап, сабыр, сыйласу,
Бесеуінсіз жүрек отсыз, бос болар.

Жылуы жоқ сұлулықтан сақтағай,
Жалыны жоқ жылулықтан сақтағай.
О жастарым – жалғастарым өтінем,
Өтші, өтші ар-намысты аттамай.

* * *

Есек пен арғымақ тең осы күнде,
Кім қарар, электр бар, шыққан күнге.

Бақ қонса жынды, соқыр, таз да бірдей,
Бақ қайтса кім қарайды ойлы үнге.

Бұл күнде бұлбұлменен құзғын бірдей,
Ызамен кеткің келер өмір сүрмей.
Біреуді біреу шоқып, рақымы жоқ,
Пәле мен жала іздейді текке жүрмей.

* * *

Бұл кезде жағымпаздық басты міндет,
Болды ғой қостап сөйлеу үлкен індет.
Байқап көр шындық жағын аузыңа алып,
Жіберер кім болсаң да жүндеп-жүндеп.

Біреуді біреу жесе талап, зорлап,
Біреуді біреу кетсе боқтап, қорлап.
Бұл дүние адамдардың «ақ ниеті»,
Мінекей, сонда ғана орындалмақ.

* * *

Өлең, мені құшағыңа алсайшы,
Жүрегіме жәйлі әнді салсайшы.
Жүрегімнің егер емін таппасаң,
Әурелемей құр бекерге қалсайшы.

Өлең, сенің құшағыңа енейін,
Қиын болсаң азабыңа көнейін.
Жүрегімнен жалыныңды аяма,
Тым болмаса бір жарқырап сөнейін.

Өлең, мені әуре қылма бекерге,
Жүрегімнен тәтті үнің кетер ме?

Қанша шырқап салғаныммен мен сені,
Сүйгеніме, нәзік әнім жетер ме?

Өлең десе, қуанады жүрегім,
Жас баладай уанады жүрегім,
Жүрегіме егер жәйлі ән тисе,
Жараланған жұбанады жүрегім.

* * *

Төңкеріліп, бос қараған,
Қара көзден не пайда?
«Сүйемін» деп босқа алдаған,
Ер жігіттен не пайда?

Біреді күндік махаббатқа,
Қызыққаннан не пайда?
Мәңгілікке жар болатын,
Жаным сүйген жар қайда?

Аққан судай сылдыраған,
Шешен тілден не пайда?
Қиылып тұрған қара қастың,
Қиығынан не пайда?

Түрі әдемі ешбір мінсіз,
Одан саған не пайда?
Мінез, көркі бірдей келген,
Таза сүйген жар қайда?

Бақ-дәулеті тағы да бар,
Одан маған не пайда?
Қызыққанмен оған еріп,
Түспес саған еш пайда?

Ең аяғы жиып келіп,
Теріп оны айтқанда.
Сегіз қырлы, бір-ак сырлы,
Болып келген жар қайда?

«Сүйем» дейсің босқа әурелеп,
Сүйгеніңнен не пайда?
Бір күндікке жүрегінді,
Игеніңнен не пайда?

Ақ жүректі босқа кірлеп,
Қиратқаннан не пайда?
Жан жарың бар, біреудікіп,
Жаратқаннан не пайда?

* * *

Өмірім менің құлпырған,
Бейне бақша гүліндей.
Бай табиғат бас иіп,
Қарап тұр маған күлімдей.

Ерікті жаспын, сайрандап,
Жүруге қайда барсам да.
Еріктімін білімнің,
Қандайын таңдап алсам да.

Бақытты боп туған жан,
Мен боламын ерікті.
Әнімді шырқап естіртем,
Отаныма көрікті.

* * *

Жүрек дейді әрбір жан,
Жүректе не бар осынша.
Жүрек деген жандарға,
Бұл да болды қосымша.

Жүректе не бар осындай,
От боп күйіп жанатын.
Суық хабар естісе,
Ілезде сөніп қалатын.

Жүрек деген не нәрсе,
Ешбір емі болмайтын.
Бірден бірге бұрылып,
Еш жанға көңілі толмайтын.

Жүрек деген немене,
Лүпілдеп босқа соғатын.
Өттім мен де жүректің,
Таба алмай тағатын.

* * *

Өй түсті жас жүрекке алуан көп,
Япырау, осы болды-ау жанымды жеп.
Өмірде бір қызық жоқ осы ойдан,
Не нәрсе осы ойға болды сеп.

Таппадым әлі күнге жүрек теңін,
Таппадым әлі күнге жүрек емін.
Таппадым көңіл күйін жәй болатын,
Дарига-ау, қашан алар тыныс-демін.

Қай уақыт болар мұның ойлағаны,
Неткен ой осы күнге қоймағаны.
Дүниеде еш теңім жоқ деп өмірде,
Маңайда ешбір жанға тоймағаны.

Жетпей ме енді ойы көп ойлаған,
Неткен ой әлі күнге бұл қоймаған.
Жарамас бұл өмірде теңім жоқ деп,
Маңайда ешбір жанға көз тоймаған.

Жансың ғой жаралған сен адамзаттан,
Жоқ шығар ерекшелік асып жатқан.
Тым құрыса біреуіне ерімейді,
Жүрегің бұл не нәрсе боп қатқан.

* * *

Қоямын әнмен шырқап қолымды анық,
Тілегі бейбітшілік барлық халық.
Дүниеге соғыс өртін тұтатпаққа,
Қан құмар сұмдар отыр жарлық салып.

Әнімді шырқап салған естір көп жан,
Үніме ерер халық миллион сан.
Дүниенің түкпірінде достарым көп,
Қоятын қолын үнге төкпеске қан.

Әр сөзім атомына қарсы құрал,
Жыр төксем оққа қарсы, қалай шыдар.
Тілегі барлық халық, барлық ұлттың,
Жойылсын қан төгуші арам сұмдар.

Сүймейміз зұлымдардың қара түнін,
Шығармау дүниеге сұмның үнін.

Бір тілек, бір жүреппен қарсы аламыз,
Дүниеде бейбітшілік нұрлы күнін.

* * *

Ала берші, ала берші білімді,
Алу үшін арна барлық күніңді.
Өшпес ерлік жасай білген халқыңның,
Қыраны бол ертеңі мен бүгінгі.

Өле-өлгенше әділдікті жақтаған,
Ойламағын ешуақытта тақ қамын.
Бәрінен де үлкен бақыт біз үшін,
Бұл өмірде өз орныңды тапқаның.

* * *

Көре алмас барың болса туысыңнан,
Беретін жоқ болғанда досың жақсы.
Жағымпаздан жаныңда қутыңдаған,
Бетіңе тура айтатын қасың жақсы.

Арамдықпен жинаған байлығыңнан,
Кедей боп адал өмір сүрген жақсы.
Жұмаққа сайран салып барғаныңнан,
Аман-есен тірі жүрген жақсы.

Алтыннан тиеп алған көлігіңе,
Бір кило болсадағы астық жақсы.

Тәттіден уылдырар тіліңізді,
Ауыз дәмін кіргізер ащың жақсы.

Жамандардан білмейтін бағаңызды,
Түсінетін сөзіңді естің жақсы.

Түйелерден жүндесе бүлк етпейтін,
Қой бастайтын қораға ешкің жақсы.

Ыстықтан қан ағызар мұрыныңнан,
Ызғар өтер табаннан сызың жақсы.
Ұлдан гөрі атыңа кір келтірер,
Болсадағы жат-жұрттық қызың жақсы.

Тондыратын бораны мен қардан гөрі,
Еріп кетер ұстасаң қырау жақсы.
Күлкіден де дарақы мағынасыз,
Жоқтап жатса жақсысын жылау жақсы.

Бүркіттен қартайғанда тышқан аулар,
Құтқармас қаз-үйректі сұңқар жақсы.
Сере шығар жабыдан сойған кезде,
Топқа түссе бәйге алар тұлпар жақсы.

* * *

Ақындық енді тыным аласыңба?
Жоқ әлде бос әуреге саласың ба?
Сөздерім әр сөйлеген ұйқас болып,
Жұққандай үлкен-кіші баласына.

Балқаштың маңайдағы белестері,
Көл жатыр кей кездері жел еспеді.
Жаз болып айдын жаққа қарағанда,
Достарым көлге түскен елестеді.

Жасымда ердім тағдыр жетегіне,
Қойшы енді қарайлатпа кешегіге.
Достарға талай-талай арнау жазып,
Келіп қаппыз жетпістің етегіне.

Жанымның таптым дәру жарасына,
Шашубай мен Балқаштың арасына.
Емхана бар дертіңді емдейтұғын,
Жұмыс берді мендей зәру баласына.

Жаз өтті, күз жарықтық сараңдады,
Шабыс жоқ, баяу жортаң аяқ қалды.
Ағаштың жапырағы түсіп жатыр,
Тишеке (бәйбіше) сенің ғана саяң қалды.

Ырысым ғой Тишкен атты жолдасым,
Сол жасаған дастарханға толды асым.
Тілейтінім бар Алладан сол ғана,
Әруақтар бізді әрдайым қолдасын!

2012 ж.



АРНАУЛАР

«ҚАЛАМГЕР» - ӘДЕБИ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

Балқаш көлі. Осы өңірден саусағынан саулап күй төгілген, таңдайынан ән ұшқан, сөйлесе арынды, тауды қозғар қарымы бар, толғанса тарау-тарау жыр төгілетін дәулескер күйші, жезтаңдай әнші, елге әділ төрелігін айтқан би-шешен мен от ауызды ақындардың мекені. Менің де бар саналы (40 жылдай) өмірім осында өтті. Қазірде сол біртуарлардан қалған жол жалғанып, дәуіріне қарай қанат жайған. Десек те, бұл шоғырдың бас құрайтын ортасы, қолдаушысы болмаса, әдеби ортаның қалыптасуы қиын ғой. Сондай орталықты ақын-сазгер дәрігер Көпболсын Бекмағамбетов қолға алып, 2011 жылы заңдастырды.

Мүшелігіне ақындар: Жанболат Башар,
Қуандық Сәденов,
Махмет Нұртаза,
Ілияс Мұқай,
Қуаныш Аманқұлов,

журналист: Қанафин Нұрканат,

сазгер: Баймырза Қадыр,
Әбіл Кәріпбай,

Айтбай Карипбеков, мен – Нұрғазы Нұрмұхамбетов сияқты жанашырлар тізе қостық. Бірақ бұл ұйым 2002 жылы құрылған. Соған міне 10 жыл болып, атқарылған жұмыстарды қорытындылап, жаңа міндеттер қойылды. Осыған байланысты бір-екі ауыз жыр арнаймын:

«Қаламгер» - әдеби қоғамдық бірлестігі,
Өскелең ұрпақтарды бірлестірді.
Ақсақал ағалары қоғам құрып,
Соңынан көп жастарды ілестірді.

Жалғастырып ақындар өнегесін,
Кең жайды «киіз» үйдің керегесін.
Рухани байлығына үлес қосып,
Бөлеп жүр қызық тойдың берекесін.

Істелген жұмыстарды жіпке тізіп,
10-жылдық болған күнін атап өтті.
Жергілікті ақын мен сазгерлерім,
Ән-күй мен көптің көңілін тебіrentті.

15.03.2012 жыл.

ЖЕҢІСКЕ - 65 ЖЫЛ

Соғыстан қайтқан қарттарым!
Демалып бір күн жатпадың
Еңбекке жұртты көтеріп,
Білмей де қалдың кей кезде,
Таңның да қалай атқанын.
Күннің де қалай батқанын.
Алпыс бес жыл мінеки,
Достарың мен бірігіп,
Жеңісті тойлап жатқаның.

Ардагер менің қарттарым!

Соғыстан қайтқан қарттарым!
Тойлаған сайын Жеңіс күн,
Еске алып өткен күндерді,
Майданда қалған достарды,
Еске де алып жатқаның.
Азайған сайын қатарың,
Уайымдап оны жатпадың,
Тәрбие беріп жастарға,
Достарыңды мактадың.

Ардагер менің қарттарым!

Соғыстан қайтқан қарттарым!
Кезінде жас боп өздерің,
Патриоттық сезіммен,
Жауға да шаптың қайтпадың.
Отан қорғау ниетінмен,
Шаршадым деп айтпадың.
Үлгі болып жастарға,
«Ақылды бол» - деп баптадың.
Ұстазы болдың жастардың.

Ақылды менің қарттарым!

Соғыстан қайтқан қарттарым!
Айқасып жаумен келгенде,
Ауылдағы көрдің ғой,
Елдің не істеп жатқанын.
Оларға өзін қосылып,
Қыздырдың еңбек майданын.
Тылдағы еңбеккерлерді,
Ұмытып кетпей жыл сайын,
Дұрыс қой еске алғаным.

Ардагер менің қарттарым !

Соғыстан қайтқан қарттарым!
Қаншама жыл өтседе,
Тарихта қалды аттарың.
Елбасы сыйлап сіздерді,
65-Жылдық тойына,
Сыйлық жасап жатқанын.
Бізде оны қолдаймыз.

Аман бол, асыл қарттарым.!

НЕМЕРЕЛЕРІМЕ

Пенсияға шықсамда,
Көп нәрсені көрмеппін.
Көп нәрсеге кезінде,
Мен онша мән бермеппін.

Немеремді қолға алсам,
Иісі шығады жөргектің.
Өз баламды кезінде,
Бұлай ұстап көрмеппін.

Шаршамаймын байқасам,
Бұрынғыдан сергекпін.
Кезінде өз баламды,
Көтермеппін өсылай.

Әлде уақыт болмады ма,
Немесе мән бермедім.
Жастық шақпен жүргенде,
Балалардың қалай өскенін.

Шындығында көрмедім.
Мамасының арқасында,
Сылтау қылып балаларды,
Курортқа да ертпедім.

«Немере ыстық» – деген сөз,
Басымызға келді ғой.
Айдана, Аида – Айжан, Ұлжан,
Атасын жақсы көреді ғой.

Соғыстан қайтқан қарттарым!
Айқасып жаумен келгенде,
Ауылдағы көрдің ғой,
Елдің не істеп жатқанын.
Оларға өзің қосылып,
Қыздырдың еңбек майданын.
Тылдағы еңбеккерлерді,
Ұмытып кетпей жыл сайын,
Дұрыс қой еске алғаным.

Ардагер менің қарттарым !

Соғыстан қайтқан қарттарым!
Қаншама жыл өтседе,
Тарихта қалды аттарың.
Елбасы сыйлап сіздерді,
65-Жылдық тойыңа,
Сыйлық жасап жатқанын.
Бізде оны қолдаймыз.

Аман бол, асыл қарттарым.!

НЕМЕРЕЛЕРІМЕ

Пенсияға шықсамда,
Көп нәрсені көрмеппін.
Көп нәрсеге кезінде,
Мен онша мән бермеппін.

Немеремді қолға алсам,
Иісі шығады жөргектің.
Өз баламды кезінде,
Бұлай ұстап көрмеппін.

Шаршамаймын байқасам,
Бұрынғыдан сергекпін.
Кезінде өз баламды,
Көтермеппін осылай.

Әлде уақыт болмады ма,
Немесе мән бермедім.
Жастық шақпен жүргенде,
Балалардың қалай өскенін.

Шындығында көрмедім.
Мамасының арқасында,
Сылтау қылып балаларды,
Курортқа да ертпедім.

«Немере ыстық» – деген сөз,
Басымызға келді ғой.
Айдана, Аида – Айжан, Ұлжан,
Атасын жақсы көреді ғой.

Соғыстан қайтқан қарттарым!
Айқасып жаумен келгенде,
Ауылдағы көрдің ғой,
Елдің не істеп жатқанын.
Оларға өзің қосылып,
Қыздырдың еңбек майданын.
Тылдағы еңбеккерлерді,
Ұмытып кетпей жыл сайын,
Дұрыс қой еске алғаным.

Ардагер менің қарттарым !

Соғыстан қайтқан қарттарым!
Қаншама жыл өтседе,
Тарихта қалды аттарың.
Елбасы сыйлап сіздерді,
65-Жылдық тойыңа,
Сыйлық жасап жатқанын.
Бізде оны қолдаймыз.

Аман бол, асыл қарттарым.!

НЕМЕРЕЛЕРІМЕ

Пенсияға шықсамда,
Көп нәрсені көрмеппін.
Көп нәрсеге кезінде,
Мен онша мән бермеппін.

Немеремді қолға алсам,
Иісі шығады жәрфектін.
Өз баламды кезінде,
Бұлай ұстап көрмеппін.

Шаршамаймын байқасам,
Бұрынғыдан сергекпін.
Кезінде өз баламды,
Көтермеппін осылай.

Әлде уақыт болмады ма,
Немесе мән бермедім.
Жастық шақпен жүргенде,
Балалардың қалай өскенін.

Шындығында көрмедім.
Мамасының арқасында,
Сылтау қылып балаларды,
Курортқа да ертпедім.

«Немере ыстық» – деген сөз,
Басымызға келді ғой.
Айдана, Аида – Айжан, Ұлжан,
Атасын жақсы көреді ғой.

Соғыстан қайтқан қарттарым!
Айқасып жаумен келгенде,
Ауылдағы көрдің ғой,
Елдің не істеп жатқанын.
Оларға өзін қосылып,
Қыздырдың еңбек майданын.
Тылдағы еңбеккерлерді,
Ұмытып кетпей жыл сайын,
Дұрыс қой еске алғаным.

Ардагер менің қарттарым !

Соғыстан қайтқан қарттарым!
Қаншама жыл өтседе,
Тарихта қалды аттарың.
Елбасы сыйлап сіздерді,
65-Жылдық тойыңа,
Сыйлық жасап жатқанын.
Бізде оны қолдаймыз.

Аман бол, асыл қарттарым.!

НЕМЕРЕЛЕРІМЕ

Пенсияға шықсамда,
Көп нәрсені көрмеппін.
Көп нәрсеге кезінде,
Мен онша мән бермеппін.

Немеремді қолға алсам,
Иісі шығады жөргектің.
Өз баламды кезінде,
Бұлай ұстап көрмеппін.

Шаршамаймын байқасам,
Бұрынғыдан сергекпін.
Кезінде өз баламды,
Көтермеппін осылай.

Әлде уақыт болмады ма,
Немесе мән бермедім.
Жастық шақпен жүргенде,
Балалардың қалай өскенін.

Шындығында көрмедім.
Мамасының арқасында,
Сылтау қылып балаларды,
Курортқа да ертпедім.

«Немере ыстық» – деген сөз,
Басымызға келді ғой.
Айдана, Аида – Айжан, Ұлжан,
Атасын жақсы көреді ғой.

Соғыстан қайтқан қарттарым!
Айқасып жаумен келгенде,
Ауылдағы көрдің ғой,
Елдің не істеп жатқанын.
Оларға өзің қосылып,
Қыздырдың еңбек майданын.
Тылдағы еңбеккерлерді,
Ұмытып кетпей жыл сайын,
Дұрыс қой еске алғаным.

Ардагер менің қарттарым !

Соғыстан қайтқан қарттарым!
Қаншама жыл өтседе,
Тарихта қалды аттарың.
Елбасы сыйлап сіздерді,
65-Жылдық тойыңа,
Сыйлық жасап жатқанын.
Бізде оны қолдаймыз.

Аман бол, асыл қарттарым.!

НЕМЕРЕЛЕРІМЕ

Пенсияға шықсамда,
Көп нәрсені көрмеппін.
Көп нәрсеге кезінде,
Мен онша мән бермеппін.

Немеремді қолға алсам,
Иісі шығады жөргектің.
Өз баламды кезінде,
Бұлай ұстап көрмеппін.

Шаршамаймын байқасам,
Бұрынғыдан сергекпін.
Кезінде өз баламды,
Көтермеппін осылай.

Әлде уақыт болмады ма,
Немесе мән бермедім.
Жастық шақпен жүргенде,
Балалардың қалай өскенін.

Шындығында көрмедім.
Мамасының арқасында,
Сылтау қылып балаларды,
Курортқа да ертпедім.

«Немере ыстық» – деген сөз,
Басымызға келді ғой.
Айдана, Аида – Айжан, Ұлжан,
Атасын жақсы көреді ғой.

ПРЕЗИДЕНТКЕ

Далаға қарай алаңдай берем алаңдай,
Баяғы малдан қалыпты босап далам бай.
Жеткіз деп түгел жолдады сәлем Ел менен,
Мен Сізбен күнде сырласып жүрген адамдай.

Әр түрлі ойлар, әр түрлі пікір әр үйде,
Көреген коңіл алдамшы сөзге ери ме?!
Марапат, мадақ, мақтаудың бәрі достық та,
Сынаудың бәрі дұшпандық емес әрине.

Тырнағың келмес жазылмай жатқан жараны,
Сыйлықтың емес, абыройы өсті параның!
Шыдаудай-шыдап: «Шүкірлік» десе біреулер,
Кейбіреулердің ашылған әбден араны!

Қиыны қиын! Амал жоқ бірақ көнбеске,
Қақымыз да жоқ сол қиындықты жеңбеске.
Сіз сенген жандар ақтауға соны тиіс қой,
Ел басын алдау – халқын да алдау емес пе?

Сенгеннен кейін төзбейді неге салмаққа,
Бүлдіріп біреу ұятқа басшы қылмақ па?
Түрмеде жатып шіруге тиіс арсыздық,
Сытылып шығып, жоғалып жатыр жан-жаққа.

Сенеміз: ертең ғажайып қоғам орнайды,
Жеткенше соған қаншама қазақ сорлайды.
Ақындар әсте халық сөзін сөйлейді,
Президентін де қорғайтын тұста қорғайды.

Халықтан тумай туады кімнен алыптар,
Сенсеңіз егер сенуге тұрар халық бар!

Бүгінгі менен тарихтағы орын бір емес
Болашақ өзі бағасын берер анықтар!

Гүлге де бөлер келешек ұрпақ құмайтты,
Замана бірақ біздерді бүгін мұңайтты.
Президенттің жүгі кашанда ауыр – білеміз,
Перзенттік парыз одан жеңіл деп кім айтты?

САЛАМАТҚА – 50 ЖАС

Елу деген – ердің жасы еңселі,
«Ардағым» - деп арқа тұтар ел сені.
Сенімменен қадамыңды баса бер,
Елу деген парасаттың өлшемі.

Елу деген – байсалды боп есею,
Елу деген елдің жүгін көтеру.
Мерейтоймен құттықтаймыз өзінді,
Қанжығаңа ілінсін деп қос елу.

Нұрғазы-Тишкен, қазан айы, 2010 жыл

Құрметті Жасұлан 50-жас мерейтойыңмен шын
жүректен құттықтаймыз!!!

Күндей күлімдеп, жаздай жадырап, ағайын туыстың
ортасында ұзақ жасап, жүре беруіңе тілектеспіз!

Жасұлан сені!
Елуде дегім келмейді,
Көп болса отыз беремін.
Амал жоқ кенжең 15-те,
Құжатыңды көріп сенемін.

Сақтап тұрған жас калпын,
МАЯНЫҢ көңілі емеспе!
Әрдайым Сені осылай,
Көрейік биік белесте!

Азаматсың абыройлы, өнегелі,
Белгілі бақыт баққа бөленеді.
Тарақты КӨРІМ-қажы ұрпағысың,
Інілі, ұлды-қызды, немерелі.

Жұп жазбай жора-жолдас, достарыңмен,
«Тасарал» туған жерің бойға сіңген.
Көп жаса, бақытты бол жан ұяңмен,
Жүзге жет қол ұстасып МАЯҢМЕНЕН!!!

Әл-Фараби ала бергін білімді,
Алу үшін арна барлық күніңді
Қажылыққа барып келген атаңның,
Қыраны бол ертеңі мен бүгінгі.

Келешекте әділдікті жақтағын,
Ещуақытта ойламағын тақ қамын.
Үлкен бақыт Ата-Анаң бәрінен,
Бұл өмірде өз орныңды тапқаның!

Нұрғазы-Тишкен, қараша айы 2010 жыл

**Балқаш қалалық «Балқаш өңірі» газетінің
редакторы құрметті Жанболат Башар!**

Сізді, сіз арқылы «Балқаш өңірі» газетінің журналистері мен барлық қызметкерлерін келе жатқан Баспасөз күні қарсаңындағы 75 жылдық мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Қаламыздағы 4 газеттің ішінде ана тіліндегі жалғыз газеттің 30 жылдай ыстық-суығына жаны ашып жүрген оқырман ретінде сіздерге қазақ тілін дамытудағы үлестеріңнің арта беруін тілеймін. Қаламдарың ұшқыр қарымды, өнерлерің биік дарынды бола берсін.

Оқымасам бір апта,
Көтермейді көңілім.
Басқа ақпарат бір басқа,
Сыйлаймын «Балқаш өңірін».
Қазақша жалғыз ақпарат,
Тарататын саясаттың қырларын.
Не істелін жатыр қалада?
Айтатын соның сырларын.
Болып жатқан тіршіліктің тірегі,
Тілшілер мен журналистер жүрегі.
Қайда, қандай оқиғалар боп жатса,
Дәл сол жерде журналистер жүреді.
Оқырмандар қаладағы тірлікті,
Журналистің қаламынан біледі.
Сондықтан да ағайын,
 намыс болса бойыңда,
Елдің айтар өмірін,
 оқы «Балқаш өңірін»!
Нұрғазы Нұрмұхамбетұлы, еңбек ардагері.

ҚҰРДАСЫМ АМАНАЙҒА!

Балқаш қаласының «Батыр Ана» атанған, арыстай 6-ұл тәрбиелеп жеткізген Қуанышбек келіні Аманай құрдасымды 70 жасқа толған мерей тойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Деніңіз сау болып, Қаскен көрмеген қызықты көріп, бала-шаға, немере, шөбере ортасында ғасыр жасаңыз! Еңбегіңіздің рахатын көріп, камсыз қарттық құшағында болыңыз! Көп емес (ол поэма ғой) бір-екі ауыз жыр шумағын тарту етеміз:

Құтты болсын екі – 35 жасыңыз,
Әлі талай асулардан асыңыз.
Ұрпағыңның қызығына кенеліп,
Бақытты боп тау суындай тасыңыз!

Кеше-бүгін каумалады қыз-ұлын,
Деп тілейді – сарқылмасын қызығың.
Жүз жасаңыз «ғасыр әже» атанып,
Шалмасыншы Аужекеңнің жүзін мұң.

Құрдасыңмен жас күніңдей ойнағын,
Бұл өмірдің қызығына тоймағын.
Шөберенді шөпілдетіп сүйе бер,
Шөпшектің де болатынын ойлағын.

Нұрғазы-Тишкен, 16.03.2012 жыл.

Тайкен БАШАРҰЛЫ ҚАЛИЕВ

Тайкен Башарұлы Қалиев қадірлес аяулы азамат еді. Жақында әкеге деген сағынышын Анаргүл бастаған балалары, туыстары ас беріп, марқұмның үзеңгілес бірге жүрген замандастары мен туған туыстарының басын қосты. «Жампоз» атты естелік кітап шығарып, қалың қауымға таратты. Сол кітапта менінде естелігім басылыпты.

Мен бұрын Приозерный ауданының құрылған күнінен бастап, 1977-1987 жылдары аудандық партия комитетінде 2-хатшы болып істегенмін. Сол кезде ойлап қарасам, ауданға қосылған партия, совет, ұжымдарында өзім қатарлы (мен 35-те едім), өзімнен көп болса 5-10 жас үлкен азаматтар қызмет істеген екен. Жасы ептеп үлкен болса да сол адамдар егде көрінін, өзінді жас санайды екенсің.

Мамандығым ауылшаруашылығы саласы болғандықтан, сол салада істеп жүрген азаматтармен көп араластым. Кадр іріктеп, таңдап, өз орнына пайдалану аудандық партия комитетінің құзырында болған заман. Оның ішінде басшылар таңдау менің құзырымда болғанын айтқым келеді. Әрине мамандық-зоотехник болғандықтан, кезінде бір институт түлектеріне көңілім бұрылғанын жасырмай айтсам, сол кезде ел басқару ісіне араласып жүрген Қалиев Тайкеннің есімі көз алдымда. Тайкенмен мен алғаш 1977 жылы қатты қыс болып, мал жұтаған кезде «Айыртас» совхозында ауылдық советтің төрағасы болып істеп жүргенде таныстым. Совхоз директоры қыс басында жем-шөп жетпейтінін сезіп, асылып қаза болған. Содан қыс бойы жарты жыл совхозда басшы жоқ болды. Мұны айтып отырғаным, сол уақыттағы елдің амандығын, ауылдың амандығын

сақтауға бірден-бір ат салысқан азаматтығы, адалдығы, адамгершілігі биік азамат осы Тайкен дер едім.

Менің пайымдауымша (әркімнің өз пікірі өзінде) оның асып тасқанын ешкім айта алмайды. Ақыл-парасат, кең мінез келбетіне жарасқан азаматтығы есімде қалыпты.

Әсіресе ол кезде партия кадрларын іріктеуге үлкен мән берілген. Сондай іріктеу кезінде «Балхаш» совхозы жаңа құрылып, партия басшылығына Тайкен Қалиев сайланды.

Бұл 1979 жылдың күзі болуы керек. Өзі қызмет істеген кезінде Тайкен сол кездегі партияның талаптарына сай байсалдылықпен атқарды, ашу шақырмады, мінез көрсетпеді. Сабырлы салмақты қалпынан таймады. Одан да басқа Бектау-атадан келе жатқанда, машинадан түсіп, Шашубайдың машина тоқтамай қойғанда (70 жасында) екі қолын кезек көтеріп, одан екі аяғымен машина тоқтатқан жерін көрсеткені, оны бір еске алғанымыз есімде. Ойлап отырсам, осы әңгімелердің өзі адамды бір серпілтумен бірге үлкен естелік қалдырады екен. Тек партия қызметінде емес, өнерге, әдебиетке де жақын адам еді. Осы уақытқа дейін арамызда жүргенде бәлкім өнер адамдары еңбектерін жоғары бағаларма еді.

Себебі жолда жүргенде іш пыстырмай Шашекең туралы көзімен көргендерін жыр қылып айтып отырушы еді. Інісі Жанболаттыңда «Шашубай танушы» болуыда содан ба - деп ойлаймын. Мүмкін, осы Тайкен ағаның кебін киіп келе жатқан, үлкен буын болып қалған біздер де кезінде сол кісілердің бағасын біле қоймаған шығармыз. Майда сөз қууға, тілмен шағуға кезінде уақыт болмапты. Әрқашан ағалар бойынан ірі мінез іздегеннің біріміз. Көңіл түпкірінде,

жүреkte азда болса азаматтық қасиет қалыпты. Оны еске түсіріп, қолға қалам алдырған сіздің балаларыңыз Гүлнар, Анар, ақын Жанболат інілеріңіз. Жарық та жақсы қызылшырай бейнеңізді қара жердің қойнауына қимағандай көзалдымнан өткеріп, өткен күннің сағымына көз тігемін. Себебі партияның кезінде 1982 жылы Орта-Дересін клубында өзім басқарып, «БАҚИ БОЛ» бауырым – деп шығарып салып едім. Марқұмның артында қалған балаларының әкелері жайлы жазған естелігіне өз үлесімді қосқаныма қуанамын.

Әкесі көрмей кеткен қызықты балалары көріп отыр. Балаларын ержеткізіп, оқытып, ұлын ұяға, қызын қыяға қондырған Тайкеннің жары Нескенге денсаулық, балаларына бақыт тілеймін.

**Шашубай кентінің соңғы соғыс ардагері –
ЖАҒЫПАР АҚБЕРҒЕНҰЛЫНЫҢ
1-жылдығына**

Мінезім бар секілді құймақ – өлең,
Анам маған үлкенді сыйла, – деген.
Үлкендерден ауысқан кішілікті,
Үлкендердің өзіне сыйға берем, – деп казактын
ақиық ақыны М.Мақатаев айтқандай, осы күнге жеткен
ардагер аталарымыз бен аналарымызға, жете алмай
кеткен, талай бірге тойлаған, 65-жылдықты ойлаған,
Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, қазір еске алып
отырған ұрпақтарына осы жыр жолдарымды арнаймын.

Ақбергенов Жағыпар ағай, қымбаттым,
Кезінде өзің ақыл айттың тіл қаттың.
Бөтенсінбей қай туған – сен болсаңда,
Әкемдей боп – әр сөзіңді тыңдаттың.

«Жеңіс туын» қолға ұстаған, асыл ер,
«Жеңіс күні» жүруші еді қасыңда ел.
Айтқаныңа құлақ түріп ағайын,
Жолыңды ашты нелер биік, асу, өр.

Қызметіңді адал болып ұқтың сен,
Елмен бірге ауасын да жұттың сен.
Жарты ғасыр «Балқашбалық» еңбегің,
Зейнеткеде осы жерде шықтың сен.

Еңбегімен ел үмітін ақтайды ер,
Бәйгесін де бұл Жақанның шаппай бер.
Әркімдер-ақ ата-анасы сияқты,
Әрқашанда сені есіне сақтайды ел.

Жетпей кеттің 65-жыл тойына,
Көп сөздерің келіп отыр ойыма.
Кездескенде әрбір берген батаңыз,
Үлгі болсын үш ұлыңның бойына.

Ұмытпайды өзіңізді Жас ұлан!
Ғұмыр бойы шырқалады асыл ән.
Кеткеніңмен мәңгілік сен сапарға,
Шәкірттерің бой көтерер қасыңнан.

КӨШЕ АТЫ БЕРІЛГЕНДЕ:

О, Жақа қасиетің – адамдығың,
Халқыңа, ел-жұртыңа адалдығың.
Бейне бір жаралғандай мейірімнен,
Дос түгіл, жауыңа жоқ жамандығың.

Сізге арналған ескерткіш ашылғанда,
Өзінше той шашу боп шашылғанда.
Балықшылар күніне сәйкес кепті,
Өмір бойы еңбек еттің артыңызда із қалып.

«Жақаң» деген атыңды,
Ұзын даңғыл көше беріп,
Мәңгі өшпес белгідей,
Ескерткіш тас тұрғыздық.
Көрген сайын ағайының,
Сағынады балбыраған жүзіңді,
Биязды күлкі үніңді.

*Нұрғазы Нұрмұхаметұлы,
еңбек ардагері.*

ТӨЛЕУ ЕСБОЛОВТЫҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА жоқтау

Топырағың торқа болсын, бауырым,
Ержеткелі Балқаш болған ауылың.
Жатқан жерің жарық жайлы болсын деп,
Тілеп отыр осындағы қауымың.

Еске аламын, Төке, сені сағынып,
Әруағыңа басымды иіп табынып.
Екі жылдай тіл қатпадың ешкімге,
Жатырсың ба құм көрпеңді жамылып.

Кешіре гөр алдыңыздан, қателік болса жасаған,
Аман болсын артта қалған, өзің көрген босаған.
Бізде қонақ бұл өмірге, ертелі кеш барамыз,
Тіршілікте ұмыт қылмай, Төкеңді еске аламыз.

Жатқан жерің жайлы болсын,
Торқа болсын топырақ.
Қараңғы жер жарық болып,
Жанып тұр ғой шамшырақ.

Періштелер жәрдем беріп,
Демеп жүргей әруақ.
Артта қалған ұрпағыңа,
Нұрын төккей күншуақ.

Жебеп, желеп жатсын Төке!
Әруағың біздерді,
Үлгі тұтар шәкірттерің,
Сіз қалдырған іздерді.

12 ақпан 2010 ж.

«Төкеңе деген құрмет – шәкірттеріне міндет».

БАТА

Иә, Алла бере гөр,
Халқыма береке бер.
О, Халайық!
Бергенің Алла алмасын,
Өсе берсін мал басың.
Көбейе берсін жан басың,
Жағаңнан дұшпан алмасын,
Досыңның көңілі қалмасын,
Көңілдерің көкке самғасын.
Жалпақ жатқан жайлауға,
Басқа ел келіп қонбасын.

Тыныш болсын замана,
Бейбітшілік орнасын,
Тәуелсіздік туымыз,
Күнге сәлем жолдасын.
Бесіктегі сәбилердің,
Бақайшығы тоңбасын.
Маужырап тұрған дүние,
Апыр-тапыр болмасын.

Жау жағадан алмасын,
Бөрі етектен шалмасын.
Төп бастаған азамат,
Өрге тартсын арбасын.
Ынтымақты кім бұзса,
Халық соны қарғасын.

Жаңбыр жауып тамшыдан,
Дария толсын қаңсыған.
Аман болып патшамыз,
Асығы түссін алшыдан.
Құт-береке кетпесін,
Диханшы мен малшыдан.

Бақыт ашып қақпасын,
Есігін ерте жаппасын.
Пәле жала қазақты,
Іздесе де таппасын.
Алладан рахмат,
Пайғамбардан шапағат,
Риза бол жамағат!
Аллаһу әкбар!

ЖАС ЖҰБАЙЛАРҒА БАТА

Бисмилла-ир-рахмани – рахим!
Шаңырақтары шат болсын,
Ниеттері ақ болсын!
Іргелері берік болсын,
Періштелер серік болсын,
Қазаннан от кетпесін,
Белдеуден ат кетпесін!
Кергелері кең болсын,
Ақыл-ойлары тең болсын!
Шамдары жарық болсын,
Қуанышқа қарық болсын!
Перзенттері көп болсын,
Қайғы-уайым жоқ болсын!
Көңілдері ашық болсын,
Байлықтары тасып-толсын!
Құдайым қуат берсін,
Жандарына шуақ берсін!
Ұзақ ғұмыр берсін,
Биік тұғыр берсін!
Қызықты өмір берсін,
Көл-дария көңіл берсін!
Ынтымақты, ырысты болсын,
Ағайынға жұғысты болсын!
Бастарына бақ қонсын,
Жаратқан ием жақ болсын!
Өрістері малды болсын,
Үй-іштері жанды болсын,
Махаббаттары мәңгі болсын!
Әумин!

Жаңбыр жауып тамшыдан,
Дария толсын қаңсыған.
Аман болып патшамыз,
Асығы түссін алшыдан.
Құт-береке кетпесін,
Диханшы мен малшыдан.

Бақыт ашып қақпасын,
Есігін ерте жаппасын.
Пәле жала қазақты,
Іздесе де таппасын.
Алладан рахмат,
Пайғамбардан шапағат,
Риза бол жамағат!
Аллаһу әкбар!

ЖАС ЖҰБАЙЛАРҒА БАТА

Бисмилла-ир-рахмани – рахим!
Шаңырақтары шат болсын,
Ниеттері ақ болсын!
Ірғелері берік болсын,
Періштелер серік болсын,
Қазаннан от кетпесін,
Белдеуден ат кетпесін!
Кереғелері кең болсын,
Ақыл-ойлары тең болсын!
Шамдары жарық болсын,
Қуанышқа қарық болсын!
Перзенттері көп болсын,
Қайғы-уайым жоқ болсын!
Көңілдері ашық болсын,
Байлықтары тасып-толсын!
Құдайым қуат берсін,
Жандарына шуақ берсін!
Ұзақ ғұмыр берсін,
Биік тұғыр берсін!
Қызықты өмір берсін,
Көл-дария көңіл берсін!
Ынтымақты, ырысты болсын,
Ағайынға жұғысты болсын!
Бастарына бақ қонсын,
Жаратқан ием жақ болсын!
Өрістері малды болсын,
Үй-іштері жанды болсын,
Махаббаттары мәңгі болсын!
Әумин!

Жаңбыр жауып тамшыдан,
Дария толсын қаңсыған.
Аман болып патшамыз,
Асығы түссін алшыдан.
Құт-береке кетпесін,
Диханшы мен малшыдан.

Бақыт ашып қақпасын,
Есігін ерте жаппасын.
Пәле жала қазақты,
Іздесе де таппасын.
Алладан рахмат,
Пайғамбардан шапағат,
Риза бол жамағат!
Аллаһу әкбар!

ЖАС ЖҮБАЙЛАРҒА БАТА

Бисмилла-ир-рахмани – рахим!
Шаңырақтары шат болсын,
Ниеттері ақ болсын!
Іргелері берік болсын,
Періштелер серік болсын,
Қазаннан от кетпесін,
Белдеуден ат кетпесін!
Керегелері кең болсын,
Ақыл-ойлары тең болсын!
Шамдары жарық болсын,
Қуанышқа қарық болсын!
Перзенттері көп болсын,
Қайғы-уайым жоқ болсын!
Көңілдері ашық болсын,
Байлықтары тасып-толсын!
Құдайым қуат берсін,
Жандарына шуақ берсін!
Ұзақ ғұмыр берсін,
Биік тұғыр берсін!
Қызықты өмір берсін,
Көл-дария көңіл берсін!
Ынтымақты, ырысты болсын,
Ағайынға жұғысты болсын!
Бастарына бақ қонсын,
Жаратқан ием жақ болсын!
Өрістері малды болсын,
Үй-іштері жанды болсын,
Махаббаттары мәңгі болсын!
Әумин!

Жаңбыр жауып тамшыдан,
Дария толсын қаңсыған.
Аман болып патшамыз,
Асығы түссін алшыдан.
Құт-береке кетпесін,
Диханшы мен малыңдан.

Бақыт ашып қақпасын,
Есігін ерте жаппасын.
Пәле жала қазақты,
Іздесе де таппасын.
Алладан рахмат,
Пайғамбардан шапағат,
Риза бол жамағат!
Аллаһу әкбар!

ЖАС ЖҰБАЙЛАРҒА БАТА

Бисмилла-ир-рахмани – рахим!
Шаңырақтары шат болсын,
Ниеттері ақ болсын!
Іргелері берік болсын,
Періштелер серік болсын,
Қазаннан от кетпесін,
Белдеуден ат кетпесін!
Керегелері кең болсын,
Ақыл-ойлары тең болсын!
Шамдары жарық болсын,
Қуанышқа қарық болсын!
Перзенттері көп болсын,
Қайғы-уайым жоқ болсын!
Көңілдері ашық болсын,
Байлықтары тасып-толсын!
Құдайым қуат берсін,
Жандарына шуақ берсін!
Ұзақ ғұмыр берсін,
Биік тұғыр берсін!
Қызықты өмір берсін,
Көл-дария көңіл берсін!
Ынтымақты, ырысты болсын,
Ағайынға жұғысты болсын!
Бастарына бақ қонсын,
Жаратқан ием жақ болсын!
Өрістері малды болсын,
Үй-іштері жанды болсын,
Махаббаттары мәңгі болсын!
Әумин!

Әбіл ЖҰМАҚОЖАҰЛЫНА
70-жасқа арнау

70 жасқа келіп тұрсың халқыңмен
Еліңе ұнап жайбарақат қалпыңмен.
Құшақтап бір сүйіп алғым келеді
Партияның бізге үйреткен салтымен.

Аруағына әулиенің табынғам
Ақындығың өріс тапты жадымнан.
Туған күнге бата тілек айтарға
Ағайындар жиналыпты сағынған.

Бауыр басып, інімдей боп ертеден,
Жазған жырлар өзегімді өртеген.
Екі 35 болсадағы жасыңыз,
Әлі күтеді жақсы жырлар ел сенен.

Өз басыңда білім, ырым жетерлік,
Уақыт сені жіберітті «шешен» ғып.
Дәл өзіңдей жүрегінде дағың жоқ,
Қожаларда болмайды екен бөтендік.

Жақсы арманға жастайдан шөлдедіңіз
Кітабында арнаулар жақсы тілек еңбегіңіз.
Өмірге мың мұражай қалдырдыңыз
Тіршілікпен тіріліп көргеніңіз.

Жырларыңда Балқаш көл сыр ақтарып,
Сізді көрсе тұрады шуақтанып.
Ақ маржан денесінді ойнайтындай
«Ақөлеңнің» сазаны сияқтанып.

Таңқалады тірлігіне сараң жұрт,
Қаламгермін Сізге тілеймін амандық.
Әлі талай тойларыңды төйлай бер,
Жас күніңнен бойы біткен «Адамдық»!

*70-жасқа арнаған 7-куплет өлеңімді
қабыл алғайсың.*

Нұрғазы Нұрмұхамбетұлы

**ҚҰРМЕТТІ
РАХМЕТОЛЛА – ЗАФИРА!**

Ал Раха! Арта түссін мерейің,
Жүзіңізден тек қуаныш көрейін.
80-жасқа толған бүгін тойыңда,
Алғыс-жырдан алқа тағып берейін.

Тіршілікті ішіп-жеу деп ұқпаған,
Бөлашаққа жасай білген нық қадам.
Мұрагері ата-баба салтының,
Біздің құда – өзіңізсіз мықты адам.

Өзімізді бөтенсініп бөлмеген,
Бәрімізге жайлау болдың шөлдеген.
Кішіпейіл мінезіңмен әрқашан,
Жасай бергін қызығың көп көрмеген.

Зоя апаймен өтті 55 – жаз бен күз,
Сан асумен белестерден өттіңіз.
Немерелер, шөберелер – бәріне,
Талай терді аянбай-ақ төктіңіз.

Ғұмыр қысқа, әзіл-ойын жарасып,
Жақсылар жүр таңмен бірге таласып.
О. Зағира! Арамызда аман жүр,
Көзімізде қара мойыл қарашық.

Өнегелі от басы боп өнгенсің,
Тағдыр жолын бір адамдай көргенсің.
Адамдардан алған атақ-абырой,
Бүгін міне 80-ге де жеткенсің.

Жеті шумақ өленімде – өрнегің,
Өрлеп жүрін көңіліме төрледің.
Құда болып 30-жылдай мінеки,
Ұрпағыңды ұлы еңбекпен тербедің.

Ізгі тілекпен құдаларың:

Нұрғазы – Тишкен.

26.09.2015 жыл. Балқаш қаласы.

*Бүгін міне еске алайық,
Еске алып тұр аймағың,
Рухтарың биік болғай,
Нұры жаусын Алланың!*

*Ерекше едің неғылайын,
Адалдық еді күткенің.
Ақылшы болып ортамызда,
Неге жүре түспедің?*

*Барыңды бағалайтын,
Жоғыңды санамайтын,
Ата-анам біздер үшін
Пейілің даладай-тын.*

*Кеше ғана бала едік бүгінді
Тағдыр жазды есейдім – деп түңілме.
Ата-анаңды сыйлай білсең санамен,
Жан дүниең рахат табар түбінде.*

*Шіміркентіп, жабырқатар жат есім
Жанына ешкім байлап жүрмес әкесін.
Түсімізге жиі кірер анамыз
Баласының кешіретін қатесін.*

*Немере, шөберелер шыңға шырқады
Бетке алды бүгін өздерің жатқан қырқаны.
Бір аунап түсер әке мен шеше бүгінде
Ел жұртын жинап, ас беріп жатса ұрпағы.*

*Бармын деп ешкім қазір мақтанбайды
Борышымыз осымен ақталмайды.
Ажақа жанындағы рухтарды алсаң
Арымыз жерге ешбір тапталмайды.*

Еске алушылар: балалары, немере-шөберелері

A decorative rectangular border with a repeating pattern of stylized, symmetrical motifs, possibly resembling traditional folk art or a specific cultural style. The border is composed of small, interconnected elements that create a continuous, ornate frame around the central text.

**ОИДА ЖҮРГЕН
ПІКІРЛЕР**

ОЙДА ЖҮРГЕН ПІКІРЛЕР

Осы адам кейде «келіп» «кетін» жатқан табысқа бола туған-туыстығынан қол үзе, олардан алшақтауға тырысатынын, мен түсінбеймін. Өйткені, оның басқаларға (туыстарға) қарағанда сәл жоғары табыс барма, бітті?! Сені танымауға әрекет жасайды, туған-бауыр дегенді ұмытады, өмірі ештеңе көрмегендей, ештеме болмағандай болатынын қайтесің. Кейде аман-есендігінді білуге де жарамайды-ау, сараң мінез көрсетеді. Бұдан кейін басқа адамнан не күтуге болады деген ой келеді. Қайырымы жоқ! Бұл-адамның адасуының бір көрінісі сияқты... Сол уақытта табыстарын – «мәңгілік дүние» ретінде көреді-ау, шамасы десең! Әйтпесе... неге өйтпеске, бүйтпеске....

Адам кейде күнделікті бір қам-қарекеттен, бір нәрседен, абайсыз мүлт кетін жатса, қателессе, қиындыққа ұшыраса сол адамды түсінуге, көмек беруге емес, керісінше еүсінбеуге, ақыл айтпауға барынша тырысып бағатынымыз бар. Неге? Оның сол қателігін, әлсіздігін пайдаланып; кінәлап берекесін қаштырамыз, үрей-жан жал туғызамыз, моральдық жағынан тірідей жерлеуге де дайын тұрамыз. Неге? Ең бір ауыр тиетіні – туғандарынан осындай адамды адам құрлы қормейтін кейбір нақұрыстардың шығатыны! Сонда ойлайсың туған не, басқа тау не – бәрібір сияқты...

Кей адамның несі жаман десе?.. Мен өзімше жауап бергім келеді. Байқауымша, қандай да бір пайдалы, не пайдасыз; өзінің не өзгенің еңбегімен, іс әрекетімен табыс тауып, ол табысы көбейген сайын, соғұрлым адамның да өзгеретіні. Өзгергенде дене бітімі емес, жаны өзгереді. Айналаға мұрын шүйіре

карау; тәкаппарсыну; менсінбеу; өзін тым жабық ұстап, басқалардан жоғары санау – осындай жасанды жаман қылықтар... Жайшылықта, адам бойында көзге көрінбейді, білімбейді, болмайды. Бірақ, әлгіндей себептерге байланысты осылардың бәрін өзіміз жасанды қылып жасаймыз, жасадық та. Өйткені, бізде қанағат жоқ; ұят, намыс жоқ, иман, білім, сауат әлсіз?

Көрдіңіз бе жоғарғы табыс – адамның адамшылық рухани болмысын қаншалықты өзгертетінін. Кейде ой келеді; дүние байлыққа, мансапқа, табысқа деген құмарлық, талас, шайқас-адам баласын құртып, тынама деп. Міне, кей адамның жаманы өмірдің мәнісі дүние байлықта тұрғандай осыған сенетіні, ойланбайтыны, алданатыны....

Шіркін өмірде қаншама жақсы адамдар бар...

Аттарын атауға да болады, бірақ бірін айтсаң, бірі өкпелейтін пендеміз ғой. Сол жақсы адамның – ақылын, ойын, бітім-болмысын, ісін, еңбегін, жан-дүниесін неғұрлым түсінген сайын, таныған сайын, бағалаған сайын, сен де соғұрлым – жаңа өмірлік бетбұрысқа, жаңа пайдалы іс-әрекетке, жаңа рухани ізденіске, жаңа тазалыққа, көркемдікке, шынайылыққа батыл қадамдар жасауын мүмкін. Қадам жасай отырып сол жақсылардың біріне айналасың.

Алайда, сенің көзіңнің ашылуына, қадам жасауына, үйренуіне әлгі жақсы адам құр себепкер болды. Осыны ұмытпасақ екен деп ойлаймын.

Жақсы адам айналасына – тазалық, жылу, нұр, мейірім, пайдалы білім, тәрбие, үлгі, сыйластық, жігер, жақсы ой, сезім береді.

Мен ойлаймын осы әр нәрсенің, әр істің, әр бастаманың өз кезегі, кезеңі, уақыты бар деп. Кейде соған шыдамдылық танатпай жанталасып анаған,

мынаған басымызды, одан қалса қолымызды созамыз. Істеген шаруамыз өнбесе, ақталмаса-соған бола байбалам саламыз, өкпелейтініміз тағы бар. Бізге кейде төзімділік жетпейтін сияқты.

Алла берген қысқа өмір – арзан күлкіден, өтірік еңбектен, пайдасыз тірліктен, бос уақыт откізуден, алып-қашпа сөзден тұрмайды. Бәрін қолдап жасап алып, соның (өмірдің) сыйқын кашыратынымыз, қорлайтынымыз өкінішті – ақ...

Қарап отырсақ, сақалдың ағы түкке тұрмайтын болғандай...

Көпті көрген ақсақал қариядан, өмірді көрмеген, қалталы есалаң тірлігі биік, жастардың сөзі өтімді болып барады. «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін»-дегендей, қариялардан шынымен береке кашайын деді ме? Әлде, қалай деп те ой келеді.

Өз қадірінді, құнынды дер кезінде бағалай білмесең неше түрлі құйтырқы надандар – ертең сені құнсыздандырады. Құның, қадірің болмаса, несіне адаммын деп жетісесін деп те ойлайсың.

Кейде біз өз жеке басымыздың пайдасын қатты ойлап, жақындарымыздың жылулығын сезбей, сезінгіміз келмей; ел, жер аралап; өткінші абырой «даңқ», «байлықтың» артынан қуып, түбіне, шегіне жету үшін кейбір амал, айла-әрекет қолданып, аяғында адасатынымызды қайтесің?! Ешнәрсенің түбіне, шегіне адамзат жеткен емес, жетпейді де.

Өйткені біз жай ғана пендеміз. Бұл (түбіне, шегіне адамзат жеткен емес) «абырой», «даңқ», «байлық» туғандарымыздың қасында түкке тұрмайды, салыстыруға келмейді де. Осындай пайдасы жоқ талпыныс-адам арасындағы бірлікті, жылулықты алшықтатады. Одан да уақытымызды босқа сарп етпей,

жакындарымызга шамамыз келгенше жәрдемдесіп,
ортактасып, әрқашан бірімізге сүйеніш болайық...

* * *

Осы адам кейде «келіп», «кетіп» жатқан табысқа бола туған-туыстығынан қол үзіп, олардан алшақтауға тырысатынын,- мен өзім түсінбеймін. Өйткені, оның басқаларға(туыстарға) қарағанда сәл жоғары табысы бар ма, бітті дей бер?!

Сені танымауға әрекет жасайды, туған-бауыр, жакын екеніңді ұмытады, өмірі ештеңе көрмегендей, ештеңе болмағандай болатынын кайтесің? Кейде аман-есендігіңді білугеде жарамайды-ау, сараң мінез көрсетеді. Бұдан кейін басқа адамнан не күтуге болады деген де ой келеді екен. Қайырымы жоқ! Бұл адамның адасуының бір көрінісі сияқты. Сол уақытта табыстарын – «мәңгілік дүние» ретінде көреді-ау шамасы дейсің! Әйтпесе, неге өйтпеске, бүйтпеске.....!!!

Адам кейде күнделікті бір қам-қарекеттен, бір нәрседен, абайсыз мүлт кетіп жатса, қателессе, қиындыққа ұшыраса, сол адамды түсінуге, көмек беруге емес, керісінше түсінбеуге, ақыл айтпауға, барынша тырысып бағатынымыз бар. Неге?

Оның сол қателігін, әлсіздігін пайдаланып,- кінәлап берекесін қашырамыз, үрей-жанжал туғызамыз, моральдық жағынан тірідей жерлеуге де дайын тұрамыз. Неге?

Ең бір ауыр тиетіні – туғандарынан осындай адамды адам ғұрлы көрмейтін кейбір нақұрыстардың шығатыны! Сонда ойлайсың туған не, басқа жау не – бәрі-бір сияқты.....?

Кей адамның несі жаман десе? Мен өзімше былай жауап бергім келеді.

Байқауымша қандай да бір пайдалы, не пайдасыз, өзінің не өзгенің еңбегімен, іс-әрекетімен табыс тауып, табысы көбейген сайын адамның да өзгеретіні...

Өзгергенде дене бітімі емес, жаны өзгереді. Айналаға мұрын шүйіре қарау, тәкаппарсыну, менсінбеу, өзін тым жабық ұстап, басқалардан жоғары санау – осындай жасанды жаман қылықтар.... Жайшылықта, адам бойында қозғалып көрінбейді, білінбейді, болмайды. Бірақ, әлгіндей себептерге байланысты – осылардың бәрін өзіміз жасанды қылып жасаймыз, жасадық та. Өйткені, бізде – қанағат жоқ, ұят, намыс, иман жоқ, білім, сауат әлсіз!

Қордыңыз бе жоғары табыс – адамның адамшылық рухани болмысын қаншалықты өзгертетінін. Кейде ой келеді... дүние байлыққа, мансапқа, табысқа деген құмарлық, талас, шайқас – адам баласын құртып, тынама – деп. Міне, кей адамның жаманы, өмірдің мәнісі дүние байлықта тұрғандай осыған сенетіні, ойланбайтыны, алданатыны....

Шіркін өмірде қанша жақсы адамдар бар.... Аттарын атауға да болады, бірақ бірін айтсаң, бірі өкпелейтін пендеміз ғой. Сол жақсы адамның ақылын, ойын, бітім – болмысын, ісін, еңбегін, жан-дүниесін неғұрлым түсіпген сайын, таныған сайын, бағалаған сайын, сен де соғұрлым – жаңа өмірлік бетбұрысқа, жаңа пайдалы іс-әрекетке, жаңа рухани ізденіске, жаңа тазалыққа, көркемдікке, шынайылыққа батыл қадамдар жасауың мүмкін. Қадам жасай отырып сол жақсылардың біріне айналмасыңа кім кепіл?

Алайда, сенің көзіңнің ашылуына, қадам жасауына, үйренуіне әлгі жақсы адам құр себепкер болды. Осыны ұмытпасақ, – деп ойлаймын.

Жақсы адам айналасына – тазалық, жылу, нұр, мейірім, пайдалы білім, тәрбие, үлгі, сыйластық, жігер, жақсы ой, сезім береді.

Жаман адам айналасына – ластық, катыгездік, кек – ашу, күдік, үрей, алауыздық, берекесіздік, қулық, пасық ой, надандық береді.

Мен ойлаймын осы әр нәрсенің, әр істің, әр бастаманың өз кезегі, кезеңі, уақыты бар – деп. Кейде соған шыдамдылық танытпай жанталасып, анаған, мынаған басымызды, одан қала берсе қолымызды созамыз. Істеген шаруамыз өнбесе, ақталмаса – соған бола байбалам саламыз, өкпелейтініміз тағы бар. Бізде кейде төзімділік жетпейтін сияқты.

Алла берген қысқа өмір – арзан күлкіден, өтірік еңбектен, пайдасыз тірліктен, бос уақыт өткізуден, алып-қашпа сөзден тұрмайды. Бәрін қолдан жасап алып, соның (өмірдің) сыйқын қашыратынымыз, қорлайтынымыз өкінішті-ақ.....

Қарап отырсаң сақалдың ағы түкке тұрмайтын болғандай. Көпті көрген ақсақал қариядан, өмірді көрмеген «қалталы» тірлігі биік жастардың сөзі өтімді болып барады. «Аузы қисық болсада байдың ұлы сөйлесін»-дегендей, қариялардан шынымен береке қашайын деді ме? Әлде, қалай – деп те ой келеді.....

Өз қадіріңді, құныңды дер кезінде бағалай білмесең, неше түрлі құйтырқы надандар – ертең сені құнсыздандырады. Құнын, қадірің болмаса, несіне адаммын – деп жетісесің...?

Кейде біз өз жеке басымыздың пайдасын қатты ойлап, жақындарымыздың жылуын сезбей, сезінгіміз келмей, ел мен жер аралап, өткінші «абырой – даңқ», «байлықтың» артынан қуып, түбіне, шегіне жету үшін небір амал-айла, әрекет қолданып, аяғында адасатынымызды қайтесің?! Ешнәрсенің түбіне, шегіне адамзат жеткен емес, жетпейді де.

Өйткені біз жай ғана пендеміз. Бұл «абырой», «даңқ», «байлық» – бәріде туғандарымыздың қасында түкке тұрмайды, салыстыруға келмейді де. Осындай пайдасы жоқ талпыныс-адам арасындағы бірлікті, жылулықты алшақтатады. Одан да уақытымызды босқа сарп етпей, жақындарымызға шамамыз келгенше жәрдемдесін, ортақтасып, әрқашан бірімізге біріміз сүйеніш болайық ағайын!!!

Ойымдағыны жазып отырып, кейде ойлаймын осыны кім оқыр дейсің, оқыса қандай пікірде болар екен – деп. Бірақ біз қазір пікір айтудан да, оны жазудан да қалып бара жатқандаймыз. Жазған адамның өзін пәтуалап, соған (мені айтады) не керек қарап жатпай ыңғай жаза береді, жаза береді деуіде мүмкін. Сондықтан әркімнің өз еркі демекпін!

*Нұрғазы Нұрмұхамбетұлы,
еңбек ардагері, зейнеткер.*

Ойдағы пікірлер

Жазудан жалықпайтындар журналист немесе жазушы больш шығатынына таңқалуға болмайды.

* * *

Бір кездесуде Асанәлі Әшімов: «Кейбір жоғары лауазымды адамдар таланты орта адамдарды қабылдауға құмар» — деп еді. Себебі, талантты адам шындықты айтып қоюы мүмкін ғой.

* * *

«Осы сенің кешке дейін жазғаннан басқа білетінің бар ма!» Саудамен айналысатын досым күйініп маған осыны айтты. Рахмет саған, досым. Қазіргі кезде мұндай сөзді естудің өзі бақыт дер едім.

* * *

Рамазан айында күнәға белшесінен батып, түйені түгімеи жұтып, ақшаны арбасымен басып, ел үстінен күн көріп отырып, молда шақырып, құдайы тамақ беретіндер бар. Қолынан келсе, құдайдың да көңілін тапқысы келетіндер қазір аз емес.

* * *

Ескен желдей, көшкен селдей өтіп жатқан өмір. Біреудің шекесі шылқып, біреудікі тырысып жүр. Кешегі Кеңес заманында адамдардың бәрі тең праволы еді. Енді соның бәрі жалған екен. Ибн Сина айтады: «Адамдардың тең болуының өзі әділетсіздік».

* * *

Қазір өзімен-өзі болып алғаннан кейін ешкімді қабылдамайтын, ешкіммен сөйлеспейтін, ел үшін ешқандай мәселе шешпейтін, сонда да болса уәдешіл чиновниктер тобы қалыптасуда. Бұл аса қауіпті құбылыс дер едім.

* * *

Өзге ұлттың өкілі қазақша сөйлесе «таң» қалып, өзі үйреткендей мақтанып, астындағы атын түсіп беріп дарақыланып кететін қайран қазақтар-ай. Төрткүл дүниенің көпшілігі ағылшынша сөйлейді. Олардың жаны қалай шықпай жүргеніне таңқаласың.

* * *

Тарихты өзі келген, тоқтаған жерден бастайтындар бар.

* * *

Талғам, білім, сауаттың жөні бір басқа, талантты тану үшін де талант керек емес пе!

* * *

Бүгінде «астананы ауыстыру» керек пе еді деген сөздер әр жерде айтылып жүр. Қарсы адамдар да баршылық. Меніңше, келешектегі тағы бір жаңа астана туралы әңгімені ізін суытпай бастап жіберсе жақсы болар еді. «Керегі жоқ, осы дұрыс» деген пікірлер көбейіп, жаңа астана Ақмоламызды көркейтуге себебі тиер ме еді.

* * *

Нағыз рушыл, жершіл адамның өзі сол туралы көп айта беретін адамның өзі болса керек.

* * *

Қазір не көп, әр түрлі қорлар көбейіп кетті. Қауыпсыздандыру қоры, зейнетақы қоры, қайырымдылық қоры... Ал енді, қайырымдылықты қалай түсініп жүрміз деген сұрақ туады. Неше түрлі ұйымдастыру шараларын қолданып каражат жинаймыз. Теледидар көрсетеді, газеттер жазады: мысалы, бір бизнесмен балалар үйіне келін сәбилерге ойыншық үлестірін жүр дейді. Немесе шетелден бірнеше рет қайырымдылық қорлары келіп жатыр. Көпшілік осының бәрін «Е, мынау азаматтық жасап жатыр екен

гой» деп жатады. Меніңше, осының бәрі сырт көз үшін сияқты. Не деген жасандылық, сұңғыла көз бояушылық десенізші. Шын мәніндегі қайырымдылық олай болмаса керек еді. Өркениетті дамыған елдерде іскер адамдар бірнеше отбасын, балалар үйін, мектепті, қарттар үйін тұрақты қамқорлыққа алады. Соларға байланысты шаруаларды үздіксіз шешіп отырады. Жырымдамайды, садақа бергендей жылт етіп бір көрініп жоғалмайды. Жатса, тұрса қасында. Шын мәніндегі обал-сауап осы болу керек. Қазақ «сый қылсаң сыпыра қыл» деп неге айтқан!

* * *

Білімділердің айтуына қарағанда, «өз бойындағы кемшіліктерді түзеумен жүріп, өзгелердің кемшілігін көруге уақыт таппаған адам ғана өзіне тиеселі істі білген және атқарып жүрген адам болып есептеледі» екен.

Шынында да осы біздер, өз кемшілігімізді көбірек айтамыз ба, әлде жек көрінішті қызықтардың барлығы өзгелердің басында ма?? Әрине ішің білсін, дәл осы кезеңде «бәрі өзімнен» деген кісі ілуде бір болмас, жұрттың көпшілігі «өзгелердің иттігінен» зардап шегіп жүрген шерменделер. Әйтпесе өзінікінің бәрі «дұрыс». Иә, әйтеуір біз үшін басқа біреу кінәлі, жата қап соны, соның өрен-жаран, үрім-бұтағын жамандай жөнелеміз-ай кеп!!!

Мысалы күресте жығылған балуанның қасына барсаңыз, өз әлсіздігін қарсыласының күштілігінен көріп отырғанын көрмейсіз. Дәл сол сияқты өзіміздің жалқаулығымызды өзгенің пысықтығынан көретін қылығымыз асқынып-ақ тұр. Отыран жерде біреуді жамандау, сыртынан неше түрлі ғайбаттау.

Жиындарда болдың, жылмитып тұрып қырып

тастағаны болмаса, ата сақалы аузына түскен ағаларымыздың (казір сақалдары жоқ болып тұр ғой...) аузынан «біреу жақсы» деген ести алмай жүрміз. Ауылдарда болдық, «әдептен озбайтын» эп-әдемі келіндеріміз аядай ауылдың эптер-тәптеріп шығарып, талай әңгімені ортаға салып отырады. Өзер басын көтерін отырған апаларымыз, жеңгелеріміз анау, ел басқарып жүрген азаматтарды былай қойғанда, мәжіліс, сенат депутаттарының, өз елімізді қойып арынын баса алмаған қалпы Обаманың, Путиннің «жағасына жармасатынын» қайтерсің.

Қойшы, әйтеуір осы күні жиын-той, дастарқан басы, бас қосулардың бәрінде (екі адамның әңгімесі) міндетті түрде біреулерді сыртынан сыбап отыру кең етек алды. Қашан көрсең, алдында сүттен ақ, судан таза болып тек өздері отырады, иығынан асып қарайын десең арғы жағы қаратүнек... олардың айтқаны шын ба, өтірік пе бір Алла білсін, білетініміз – біздің көңілімізге жамандықтың, тіпті «не болар» екен – деген үрейдің ұрығы себіліп үлгереді, қарадай мазамыз кетіп дөңбекшіміз де қаламыз.

Шындық іздегін болып сұмдық іздеп, үнемі барлы-жоқты пәлекеттерді жиып-теріп, оның өңін айналдыра жалпақ жұртқа (интернет деген шықты) жария қылатын ағайынның бұл қылығы қайсыбір ақпарат құралдарына, телеарналарға да жұғысты боп бара жатқандай. Бұрынғылар айтады екен, «кісіні бетіне мақтама, артынан даттама» – деп. Біз болсақ осы асыл қағиданы ар-ұяттың, адамгершіліктің, әдептіліктің көзін бақырайтып қойып, аударып киіп алдық. Өзі бар жерде мақтаймыз, өзі жоқ жерде даттаймыз. Егер кемшілігін түзесін деген ниетпен айтсақ – өзіне айтар едік қой. Оны да ұмытып кеткендейміз. Жалпы, біреудің сыртынан сөз

айту – түптеп келгенде соны айтып отырған адамның азаматтығына сын емес пе. Сол сыртынан айтылған сөз рас болса – ғайбат, жалған болса – жала болады екен. Яғни, сыртынан сықпыртып отырған сөзің рас болса да, өтірік болса да саған тек қана зиян, күнә арқалаудан басқа әперетін жақсылығы жоқ көрінеді. Ендеше, неге бос сөзге сонша құмар болдық екен? – деп те ойлайсыз.

Тағы да сол ақиқатқа табан тіреген ғалымдардан, білімділерден шыққан сөз. Қоғамның өзі сағат секілді, оның ұзын және қысқа тілі өз орнында, өз қызметін мүлтіксіз атқару арқылы ғана, сол сағаттың дұрыс уақыт көрсетуіне өз үлесін қоса алады. Ал енді сол сағаттың бір тілі қанша дұрыс айналып тұрғанымен екінші тілі өз орнында болмаса ол сағат іске жарамайды ғой. Ендеше, аузымыз көпіріп өзгені сыбап отырған біздер өз орнымызда отырмыз ба, өз қызметімізді дұрыс атқарып жүрміз бе? деген орынды сұрақ туады. Осы жайлы ойлап көрдіңіз бе, ағайын?! Ойласаңыз, ойыңызға не түйдіңіз?...

Нұрғазы Нұрмұхамбетұлы
22.03.2012

Адырайып 60-келді!

Бойыңнан түзулік, қойныңнан қызулық кетіп.

Жастар «ақсақал» – деп төрге шақырғанда сақал-мұрттан жұрдай иегінді уқалап, «уһ» – деп іштей күрсінесің. «Баяғыда тас қопарып, жауқазын қазғанбыз» – деп өтірік мақтануға әбден үйреніп аласың.

Сыртыңнан қарағанда: – аңдап басқан аңшыға да ұқсайсың;

– құмалақ салатын бақсыға да ұқсайсың;

– бөркі қисайған малшыға да ұқсайсың;
– музейге тапсырған қамшыға да ұқсайсың.

Содан кейін «армысың» – деп келіп сырқау,
«Саумысың» – деп келіп ауру айналдыра бастайды.

Содан кейін «ойбай белім, сегіз көзім, құлағым,
қуығым, жүрегім, тізем» – деп дене мүшелеріңді
қыздың атын жаттағандай күндіз-түні жаттайсың.

Сонда да «бөрі аштығын білдірмес» – дегендей, ие
– 50 ер шағың, – 60 дер шағың – деп өзіңді-өзің алдап
қоясың.

Шымшымалар

Жұмыс орны – ЖШС,
Табатыны көп ақша.
Әттеген-ай не пайда
Білмейді ол қазақша.

* * *

Сауаттысың – Айнамкөз,
Кәсіпкерсің – Ботакөз,
Ибалысың – Қаракөз,
Барлығың да жақсысың
«Қайран тіл мен, қайран сөз».
Ибалы да сауатты
Біледі обал, сауапты.

* * *

Ұрысайық деп дұрыстап,
Тырысайық деп дұрыстап,
Оңашада бас қосыпты,
Ұрысқақ пен тырысқақ.

Ұрысқақ біраз ұрысты,
Тырысқақ біраз тырысты.
Ақырында тарады
Бітіре алмай бір істі.

Бірін-бірі алған балақтан,
Тірліктен қалай өнерсін.
Болмайтын істі жаратқан,
Жаратқанға не дерсін.
Елестетсек көзге біз,
Жел ұшырған қаңбақты.
Боласың сондай, сен силық,
Болмасаң егер, салмақты.

* * *

Келмеске кетгі партия,
Комсомол және пионер.
Бүгінде қалды ол біреу,
Жалғыз – коррупционер.

Бұрындары бар еді,
Түйені түгімен жұтқандар.
Бүгін міне шығып жүр,
Вагондарды жүгімен жұтқандар.

* * *

Құдайдың ала жазындай
Басы жүрер жазылмай
Шарапқа шөлдеп кеткенбе,
Жазылмай қойды көктемде.
«Тиіспе оны, ұстама»
Жазылмайды ол бас кыстада.
Ішкендердің бастары

Өмір бақи жазылмас
Жұмыста да, үйінде.
«О дүниеге кетті бас»
Жазылмаған күйінде.
Мұсылман боп өзінше,
Атаймын – деп «айтты»
«Айт» күніде арақ ішіп,
Мас боп үйге қайтты.

Құдайдың ала жазындай,
Басы жүрер жазылмай.
Араққа шөлдеп кеткенбе?
Жазылмай қойды көктемде.
«Тиіспе оны, ұстама»,
Жазылмайды ол бас қыстада.
Ішетіндердің бастары,
Өмір бақи жазылмас
Жұмыстада, үйінде.
О дүниеге кетті бас,
Жазылмаған күйінде.
Мұсылман боп өзінше,
Атаймын деп айтты,
Айт күні де арақ ішіп,
Мас боп үйге қайтты.

* * *

Қатты айтты ұқпады,
Жай айтты іштеңе шықпады.
Көзіміз әрең ашылды,
Қалтаға пара тыққалы.

Төркіндері жақынның,
Жиналмайды төсегі.

Барып киіп, үй кезіп,
Таусылмайды өсегі.

Бастары қосылғанда екі әйел,
Бір-біріне айтады екен білгенін.
Қай еркектің кіммен қалай жүргенін,
Оңаша кіммен күлгеніп.... т.б.

* * *

«Қонақты қондырма, қондырған соң тоңдырма».
Екі ессізден есалаң туады.
Өтірікші сөзі өттен де ащы.

Иттердің ұжымы болмас.
Күмәні бар қыздар күнделік жазбас.
Бетке айтам деп, бет жыртыс.
Көкімені, керең ғана жеңер.
Сырғытпа да – суайттың бір түрі.

Бір қақпайлар

Әкім қып, сыйласа сүйіп көп
Әкімдік арынды биіктет.
Дерттеніп ақшаға құл болсақ
«Өртеніп» ақшаңмен күйіп кет.

Шыншыл сөз өсірді бағымды
Күншілдер сындырды сағымды.
Әр істің ақырын саралап
Ақылым тағдырға бағынды.

Бір бірін абысын қолдаса
Намысын тірлігін қорғаса.

Дауылға мойымас ағайын
Ауылда татулық орнаса.

Көңілден шықса деп өлеңім
Өңінен бұзбай сөз теремін.
Дөп бассаң ойымды оқырман
Жақтасаң, шындыққа сенемін?!

Туыстар мені де ұғындар,
Ізбасар шәкірт қыз-ұлым бар.
Ел үшін жүректен туылған
Өлмейтін аздаған жырым бар.

Достарым ісінді қолдаса
Ал олар ақ адал, оң болса.
Бағынды құдайым оңдаса
Ұдайы қамдан, дерт қонбаса.

Мақалдар

Айды қанша жек көрсеңде,
алақанмен жаба алмайсың.

Арқада қыс жылы болса,
арқар ауып несі бар?

Ит құтырса иесін қабады,
Шымшық құтырса, бүркітке шабады.

Бүркіт қартайса, тышқаншы болады,
Құл құтырса, құдыққа қармақ салады.

Жақсының сөзі – кепіл,
Жаманның өзі – кепіл.

Суды көп кешсе – шалшык,
Сөзді көп сөйлесе – татык

Алтын жерден, Батыр елден.

Маңдайы жарылған батыр
Таңдайы жарылған шешен.

Батыр жау барда сыйлы,
Би дау барда сыйлы.

Құс көкте, ат тауда
Жігіт жауда сыналар.

Жүз адам мақтаған кісі
Жүз адамға татиды.

Бала күлкіге тоймас,
Жаман ұйқыға тоймас.

Суда сұлтан болсаң
Уәзірің шортан болар.

Арық атқа тұз бермес,
Ақылсызға қыз бермес.

Нақыл сөздер:

Өмір теңіз, онда жүзем деменіз,
Ізгілікпен жасалмаса кемеңіз.

Жақсылық көрсем, өзімнен,
Жамандық көрсем, өзімнен.
Тағдыр қылды, біреу қылды,
Дегенді шығарамын сөзімнен.

Махаббатқа жетпейді,
Өлең жырдың өресі.
Махаббаттың өзі ғой,
Өлеңдердің төресі.

Қанатындай сұңқардың,
Тұяғындай тұлпардың.
Иман жүзді қуатты,
Мен жастарға сенемін.

Дос деп ойлап құшқаным,
Болып шықты-ау дұшпаным.

Сүюдің сырын көзден көрме, көңілден ізде.
Білгің келсе сүйер әлде сүймесін,
Ашып қара көңілін күймесін.

Туралықтың болуы дүние ісі,
Ондайды жақтырған ғой әрбір кісі.
Бұл дүниеде салтанат құрса әділет,
Көтерілер адамзат көңіл құшы.

Бұл дәуірде, өз тілін, әдебиетін білмеген,
кадірлемеген адам,
Толық міндің интеллигент емес деуге болады.
Себебі ол қандайлық білімі болса да,
рухани ой тәрбиесінде,
Сыңаржақ азамат болады.

Мұхтар Әуезов.

Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.
Өзін білмесең, білгендерден үйрен,
Үйрегеніңнен ештеңең кетпейді.

Ана тілін ұмытқан адам, өз халқының өткенінен де болашағынан да қол үзеді.

Сенбе ешкімге тұрса да қанша мақтап,
Қор қылады қулығын ішке сақтап,
Өзіңе сен өзіңді алып шығар,
Ақылың мен еңбегің екі жақтап.

Абай.

Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес. Оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс.

Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады.

Бүкіл әлемде адам баласы қаншалықты мол болса соншалықты жалғыз – оны жалғызсыратпайтын айрылмас адал досы – өзінің ойы ғана.

Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса – ол нағыз ұстаз.

Шәкірті жоқ ұстаз – мылқау ұстаз.

Оқытушы әлеуметтік әділетсіздіктің, адамгершіліктің жаршысы болуға тиіс.

Махаббатты – ләззат деп қана түсінген пенде қайғы қасірет, зар мен сор ғана әкеледі.

Алыс, жақын демеймін
Мұсылман, кәпір демеймін.

Кім өзімді қолдаса,
Соны қолдап жебеймін.

Қимасыңда қиғаның,
Сүюің мен сыйлауың.

Өмір – ешқашан шешімі табылмас жұмбақ,
Ешкім шығара алмас қиын есеп.

Ұстаз болу – өз уақытын аямау,
Өзгенің бақытын аялау.

Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде,
Күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін.

Жүйелі сөз жүйесін, жүйесіз сөз иесін табады.

Адам бақытты болуға тиісті, егер баға жанбаса, сол
адамның өзі ғана кінәлі.

Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан болады.

Оқушы жастардың ең сенімді ұстазы,
Сыр жасырмай ашық айтатын адамы – мұғалім.

Әділдікті мойындау, адал кісінің ісі.

Өз басыңды дауға берсең де,
Жолдасыңды жауға берме.

Әйелдер туралы

Әйел каласа, еркектен бәрін ала алады, тіпті фамилиясында!

Әйел ашуланса жеңіледі, еркелесе жеңеді.

Әйелдің басты қаруы – көз жасы.

Әйелді бақытты ету қиын емес.
Тек әйелді бақытты ете отырып,
Өзіңді де бақытты ету – қиынның қиыны.

Ең қысқа диалог – әйелдердікі,
Олардың диалогтері бастала салысымен-ақ екі
монологқа айналып кетеді.

Аз сөз – алтын, бірақ сол алтынды әйелдер ешқашан
мойындаған емес.

Әйел бәрін жасай алады.
Ал еркек әйелден қалғанын жасайды.

Әйел қандайда бір өтірігін жасырғысы келгенде
ғана шындықты айтады.

Әдемі болу оңай, бірақ соны айналаға дәлелдеу
қиын.

Мақалдар

Қазақта ұлағатты сөз бар
«Жақсылыққа жақсылық әр адамның қолынан,
Жамандыққа жақсылық ер адамның қолынан
келеді».

Көшермен болса жұрт жаман,
Кетермен болса қыз жаман.

Қонақ алдымен қабағына,
Содан кейін табағына қарайды.

Өзі жығылған бала жыламайды.

Бала көңілдің гүлі – көздің нұры.

Құдай ұрған қонағымен керіседі.

Ұлың көңілшек болса, атының соры,
Қызың көңілшек болса, басыңның соры.

Жауатын күн ыстық болады,
Болатын бала пысық болады.

Долы қатын жылауық,
Сұғанақ қатын сұрауық.

Ақылды көрші төрің,
Ақымақ көрші көрің.

Қадіріңді білгің келсе,
Көршіңнен қарыз сұра.

Жаксы көрші тапқаның,
Мол олжаға батқаның.

Көрші де көршіден тәлім алады.

Көрші қолайлы болса қора кең.

Қонақ қадірлі болса,
Қазан тез қайнайды.

Қонақ: таңертең алтын,
түсте күміс,
кешке мыс.

Дастархан басына отырып,
Қонақ аяғын көсілмес.

Қонағын сыйламаған,
Не баласын ұрар,
Не үйін сыпырар.

Жеңілмейтін қол – ел,
Қия тартпас жол – еңбек.

Жел желпіне соққанмен,
Таң мезгілсіз атпайды.

Атқан оқ тастан қайтпайды,
Елші ханнан тілін тартпайды.

Адам құрсағынан азбайды
Құлағынан азады.

Болар бала бесікте бұлқынар
Болар құлын желіде жұлқынар.

Жан жанды аңсайды,
Қарын нанды аңсайды.

Ел ақылсыз болмас,
Көл аққусыз болмас.

Еңбек етіп тер төккен,
Ішіп жейді тәбетпен.

Еңбексіз өткен өмір де бір,
Ерте келген өлім де бір.

Жүгірген жетпейді,
Бұйырған кетпейді.
Өмірді сүйген, өмірден орын табады.

Уайым ұйқыңнан айырады,
Күйік сұрқыңнан айырады.

Қара суық қардан жаман,
Жаман кісі жаудан жаман.

Күші асқанмен тартыспа,
Ақылы асқанмен айтыспа.

Қақпақсыз қазан қайнамас
Анасыз бала ойнамас.

Сіңген қызметің қандай,
Көрер қызметің сондай.

Жақсы көрші тапқаның,
Мол олжаға батқаның.

Көрші де көршіден тәлім алады.

Көрші қолайлы болса қора кең.

Қонақ қадірлі болса,
Қазан тез қайнайды.

Қонақ: таңертең алтын,
түсте күміс,
кешке мыс.

Дастархан басына отырып,
Қонақ аяғын көсілмес.

Қонағын сыйламаған,
Не баласын ұрар,
Не үйін сыпырар.

Жеңілмейтін қол – ел,
Қия тартпас жол – еңбек.

Жел желпіне соққанмен,
Таң мезгілсіз атпайды.

Атқан оқ тастан қайтпайды,
Елші ханнан тілін тартпайды.

Адам құрсағынан азбайды
Құлағынан азады.

Болар бала бесікте бұлқынар
Болар құлын желіде жұлқынар.

Жан жанды аңсайды,
Қарын нанды аңсайды.

Ел ақылсыз болмас,
Кол аққусыз болмас.

Еңбек етіп тер төккен,
Ішіп жейді тәбетпен.

Еңбексіз өткен өмір де бір,
Ерте келген өлім де бір.

Жүгірген жетпейді,
Бұйырған кетпейді.
Өмірді сүйген, өмірден орын табады.

Уайым ұйқыңнан айырады,
Күйік сұрқыңнан айырады.

Қара суық қардан жаман,
Жаман кісі жаудан жаман.

Күші асқанмен тартыспа,
Ақылы асқанмен айтыспа.

Қақпақсыз қазан қайнамас
Анасыз бала ойнамас.

Сіңген қызметің қандай,
Көрер қызметің сондай.

Ауырлықты нар көтереді,
Нар көтермесе, бар көтереді.

Атан түйе нар болса,
Тайлакпенен дос болар.

Есепсіз тірлік – ескексіз қайықпен тең.

Ерлі-зайыптылар ұрысар да, керісер,
Керісер де келісер.

Ерлі – қатын тату болса,
Шырағы жанар.
Ерлі – қатын араз болса,
Өмірден көңілі қалар.

Өз жарыңды жаттай күт,
Жат көрсінде түңілсін.
Бір бірінді қадір тұт,
Жұрт үлгі алсын, үңілсін.

Екі жақсы қосылса,
Өлгенінше дос болады.
Екі жаман қосылса,
Өлгенінше өш болады.

Қой аузынан шөп алмас, шөп алса да көп алмас.

Жас кездегі махаббат – ғажап,
Қартайғандағы махаббат – азап.

Әйелдің құлпы өзінде,
Кілті еркекте.

Жақсы жар жарты ғұмырың,
Үйдің ұлығы – ер
Ұйтқысы әйел.

Әйел дегенің – қызық,
Жасында жалықтырады,
Қартайғанда жалындырады.

Өмір саты, біреу өрге жылжиды, біреу төмен
сырғиды.

Алма ағашын бергеніне қарап бағала,
Адамды еңбегіне қарап бағала.

Өгіз мүйізінен, адам сөзінен ұтылар.

Адам құдіреті жүрегінде, ағаштікі түбірінде.

Арғымақ бәйгеде, адам қиындықта шындалады.

Әділдік жоқ жерде пара белең алады.

Мақтауға сенбе – аласы бар,
Даттауға сенбе – жаласы бар.
Өсекке сенбе – шаласы бар,
Сенсең сен – анық білгеніңе,
Көзбен көргеніңе.

Құлақпен естігеніңе көзбен көргендік жетіспейді,
Көзбен көргенге сол әрекеттің себебі жетіспейді.
Шындық ашылғанша сан тарау жалған сөз өрістейді.

Бұл заманда істі есті кісі емес, епті кісі бітіреді.

Жыртық үйді тамшы жейді,
Ағайыны аз қамшы жейді.

Ай жарығы өзіне түспейді.

Жетім өз кіндігін өзі кеседі.

Көпті жамандаған көмусіз қалады.

Саяк жүрсең таяк жерсің.

Берсең аларсың, ексең оарсың.

Жатқанды ұрма.

Әзіл-күлкі

Сапарлас үш жігіт жол қысқарсын деген оймен әңгіме бастайды.

–Менің келіншегім аяғы ауыр кезінде «Екі капитан! деген кітапты оқығанды ұнаушы еді. Ақыры шекесі торсықтай егіз ұл туды, – дейді біріншісі.

–Қазір жүгіріп жүрген үш бұзыққа босанарда менің келіншегімнің қолынан да «Үш ноян» деген кітап түспейтін, – дейді екіншісі.

Үшіншісінің үні шықпай қалады. Серіктері қараса түсі бұзылып кетіпті. «Бір жерің ауырып келе ме?» дейді екеуі қосарласып.

–Алла өзі жар болсын, айы-күні жақындап отырған келіншегімнің тоғыз айдан бері ермек қылғаны «Әлибаба және қырық қарақшы» деген кітап, – депті анау күрсініп.

* * *

– Айтыңызшы, мен жануарлардың қандай тобына жатамын? – деп сұрайды қажыған бір келіншек дәрігерден.

– О не дегеніңіз, сіз адам емессіз бе?

– Қайдағы адам? Өзіңіз қараңыз. Таң атпай тоғытылмаған қойдай ұйпа-тұйпа болып тұрамын. Содан ашқұрсақ қасқырдай жұмысқа жөнелемін. Маймылша жабысып автобуска ілігемін. Жеткенше аяғымды басқандармен итше ырылдасып барамын. Одан жүні жұлынған тауықтай болып түсемін. Күні бойы есек сияқты митыңдап жұмыс істеймін. Шыға салысымен зыр жүгіріп дүкендерді аралап, тапқан-таянғанымды түйе сияқты теңдеп алып, тасбақа қимылмен жаяулап үйге қайтамын. Кешкі тамақ дайындау, ыдыс-аяқ жуу, балаларға қарау тағы бар. Ақыры төсекке қалжырап құлағанда күйеуім:

– Сиырдай болмай әрі ығысшы, – дейді.

Сонда мен?..

* * *

Курорттан қайтқан келіншек күйеуіне дем алғандармен бірге түскен суретін көрсетеді. Олардың арасынан өзінің көңілдесін көрген жігіттің іші қылп ете қалады. Бірақ барынша сездірмей әңгіме барысында немқұрайлы «мынау кім?» деп сұрайды.

– Оны айтпа. Барғаннан қайтқанша қыдырмаған еркек кіндігі қалмады, – дейді өзеуреген келіншек.

Жігіт келесі күні кешке көңілдесінің үйіне барады. Ол да өзіне таныс суретті алдына тартады.

– Сен есімнен шықпай есеңгіреп жүрдім. Еркек біткенді елемедім. Қыдырған қыз-келіншектер әбден қызыққа кенелін құмарларын қандырды. Тек күйеуімен

барған бір келіншек қана жұбын жазған жоқ, – деген қылықты көңілдесі ақ білегін мойына орайды.

– Күйеуімен барған қайсысы? – дейді жігіт. Көңілдесі өзінің әйелін көрсетеді.

* * *

– Тамақ тағы дайын емес пе?! – деп кешкісін жұмыстан оралған күйеуі ашуланады әйеліне.

– Онда мен кеттім!

– Қайда кеттің? – дейді әйелі.

– Қайдасы не? Аштан өлемін бе, ресторанға барып келемін.

– Онда тұра-тұр 5-10 минуттай, мен киініп алайын, – дейді әйелі.

* * *

Жыл қайыру

13 жас 1 мүшел – балалық

25 жас 2 мүшел – жасөспірім

37 жас 3 мүшел – жастық

49 жас 4 мүшел – Ағалық

61 жас 5 мүшел – Пайғамбарлық

73 жас 6 мүшел – Ақсақалдық

85 жас 7 мүшел – Қарттық кезең

Жыл қайыру бойынша 12 жыл бір айналғанда, бір мүшел толады. Оған ана құрсағындағы бір жыл қосылып бір мүшел 13 жылға тең болады. Содан $13+12=25$; $25+12=37$ деп ары қарай осылай санала береді.

A decorative rectangular border with a repeating pattern of stylized, symmetrical floral or scrollwork motifs.

**АУЫЛ
БОЛАШАҒЫ**

Ауыл болашағы жайлы

Ауылдағы істейтін еңбек адамдарын құрметтеу дәстүрін қайта жандандыру керек.

Шындығында Қазақстанда ауыл шаруашылығы, өнеркәсіпке қарағанда көп артта қалды десек артық болмайды. Мамандығыма байланысты ол туралы көп оқимын, көп тыңдаймын. Бір кісідей тәжірибем бар деп ойлаймын. Әсіресе, мал шаруашылығының дөңгелегі теріс айналууда. Мұны мамандардың өздері де мойындайды. Ата-баба кәсібін ыңғайға келтіре алмай жүрген жайымыз бар. Бұрынғыдай мыңғыраған мал айдау, әсіресе кең байтақ Қарағанды облысында арманға айналған шақ болды. Жалпы мал санының аздығы, мал тұқымын асылдандыру жұмыстарының шалалығы, тағы басқадай күрмеуі көп күрделі мәселелер мал шаруашылығын жарға жығатын түрі бар сияқты.

Мысалы статистикаға үнілсек: тек қана ет көрсеткішін алайық Қазақстан бойынша 1990-99 жылдарда еттің экспорты – 180 мың тонна; 2009 жылы – бар жоғы 300 тонна; 2010 жылы – түк жоқ 0. Не деген сұмдық, ауылды қалай өркендетеміз??? Малшыларды, бақташыларды, мал мамандарын қалай көбейтеміз деген сұраққа жауап табамыз ба?

Ендігі біздің барынша назар аударатын саламыз – мал шаруашылығы десек, одан біз аса мол пайда табамыз. Себебі бізде, тағыда айтамын, барлығыда бар, бірақ асыл тұқымды малдың үлесі 60 пайызға жетпейді. Соны сатып алуға аса мол қаражат қарастырылды. Ал «2020 жылға қарай 180 мың тонна ет өндіретін болсақ, шыққан шығынның бәрін етпен қайтаруға болады» – деп айтқан еді Елбасы Н.Назарбаев.

Жарайды-ақ делік. Шетелден асыл тұқымды мал алып келсін, отандық етті де өндірсін, экспорттасын. Бірақ, әуелі дәл қазіргі таңда тығырыққа тірелген мал шаруашылығындағы, жалпы ауыл шаруашылығындағы қордаланған мәселелердің түйінін тарату қажет сияқты. Осы жерде айта кететін мәселе; әр аймақтан сайланған мәжіліс-маслихат депутаттары жер ерекшеліктеріне қарай ауылды (ауыл шаруашылығын) сақтаудың жолдарын қарастырмасқа?

Қордаланған мәселелер өте көп; олар туралы бұқаралық ақпараттарда жазылып та жүрген шығар. Мысалы былтырғы жылдар! «Орталық Қазақстан» бас редакторы Мағауия Сембай мырза «Маленков берген байталды, Хрущев келіп қайта алды» - атты көлемді мақаласы жарияланып, оған менде пікір қосқаным есімде. Өкінішке орай ондай пікір айтатын мамандар да жоқтың қасы.

Қазақстанның жер көлемі үлкен болғанмен, халқы аз. Жұмыссыздық болмауы керек. Ауыл тоқ болса, қалада тоқ. Сондықтан, менімше молшылыққа жеткізу үшін ауылды қолдау керек. Қираған мәдениет, тұрмыс, білім ошақтарын қайта салуды, тозған жолдарды жөндеуді, ұсақ-ұсақ фермерлердің басын біріктіру кезек күттірмейтін шаралар. «Ауыл» – деген сөздің өзі ондағы тұрғындар істейтін шаруа. Яғни мал өсіріп, егін егіп, балық аулап тағы сол сияқты ауыл шаруашылығын дамыту; сол арқылы ауылдың жағдайын жасау – деген сөз. Мысалы: қаланы ұстап тұрған ол жердегі өндіріс орындары емес пе? Қарағанды көмір өндіріп, Балқаш мыс өндіріп, Қаражал темір өндіру арқылы қала болып кеткен жоқпа? Кейінгі жылдары шаруа қожалықтары жылдан жылға қыста қысылып шыққанын көріп жүрміз. Мал азығы жетпей, көп мал шығын болып

жүр. Ауыл әкіміпен еш әрекет болмайды. Көршілерден, туыстардан еш көмек жоқ. Әркім өз амандығын ойлаған заман.

Мемлекет жекеменшіктен тұрмай ма? Бұл қалпында айтар едім. Бас басына би болып жерді бөліп алғандар ауылды көркейте алмайды... Қираған, азып-тозған ауылды қалпына келтіру үшін бірігу керек. Кезінде колхоздардан (ұжымшар) үкімет зиян көрген жоқ еді ғой. Олардың бәрі пайдалы болды. Басшылары Социалистік Еңбек Ері атанды. Әр ауылда жұмыс көздері ашылса, қалаға; билікке-үкіметке өкпелеп, амалсыздан туған жерін тастап көшіп кеткен, баспана жалдап күн көріп жатқан жастар кері қайтатынына сенемін. Ауылдың болашағы, келешегі жастар десек, ертең ел тізгінін ұстайтын да солар емес пе? Зиялы азаматтардың бәрі ауылдан шығып жатқан жоқ па?

Ол үшін әр ауылға білікті мамандардан жасакталған комиссия шығарып, жер байлығына байланысты атқарылатын жұмыстардың көлемін анықтап, оған жоба құжаттарын тапсырыс беріп, сонымен қорытып, облыс бойынша керекті қаржыны анықтап, бюджеттік бағдарламаға еңгізу керек.

Кейбір керек емес ғимараттарды (сән үшін, мақтаныш үшін) қоя тұрып, соған кеткен есепсіз қаржыларды ауылды көркейтуге жұмсалса, ол қаржының күні – ертең қайтарымы болатыны сөзсіз. Бұл реформаны бүгіннен бастамасақ, ертең кеш болады. Онсыз қымбатшылықтан, кедейшіліктен өмірі құтылмаймыз – деп ойлаймын.

Мал өсіріп жүрген бір ауылда тұратын кәсіпкерлердің басын қосып, біріктіріп мал сатып алуға, оны өсіруге екінші деңгейлі банктерден бес-алты пайыз жеңілдікпен көп жылдық несие беруді қолға алу

керек. Жеке фермерлерге, кәсіпкерлерге бөлініп жүрген көмектер көзге көрінбейді бір, екінші оған бақылау жауапкершілігі жоқ.

Алға ұмтылған шаруаны басқаруға бейім мамандарды қолдаса, жер көлемі, жайылымдары мол Австралия, Бразилия сияқты ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін ет, сүт корольдерінің шығуына жол ашылар еді. Мал шаруашылығы үшін біздің Қазақстанды оның ішінде Қарағанды облысын Еуропа елдерінің жерімен салыстыруға болмайды. Сонымен қатар Оңтүстік облыстарда халық жиі орналасқандықтан ауылдың сақталу деңгейі жоғары.

Нарық экономикасының негізгі алғы шарттары да молшылық, бәсеке, сапа емес пе? Ет, сүт, қаймақ, шұжық, қымыз, шұбат, жеміс-жидек сияқты адам ағзасына пайдалы, әрі сапалы өнімдерден дүкен сөрелері мен базарды толтырып қойса, кәсіпкерлер арасында бәсеке туып, баға түспей ме? Қара халыққа бұдан артық не керек. Мал басының кемуі, бәсекенің жоқтығы, азық-түліктің 70 пайызы сырттан әкелінуі, елді қымбатшылыққа әкеліп тіреп отыр.

Үкімет бағаны тоқтатуға дәрменсіз. Өндіріс атаулы толыққанды жұмыс істемеген, тек қана шикізат сатып күн көрген ауыл шаруашылығы құрдымға кеткен елден қандай келешек күтеміз? «Ештен кеш жақсы» бұрынғыдай ауыл атына заты сай, мал бағылып, егін егіліп, жұмысы қайнап жатса, жараспай ма? Бірақта ойлайсың: «осы сөзді биде айтады, бидің айтқанын құл да айтады, құлдың аузының дауасы жоқ» – деп. Дұрыс түсініңіздер. Ауылда қазір мектептен басқа ұжым қалмады. Жастар кетіп жатса, ол ауыл да мектепте құриды ғой. Осы жағын неге түсінбейміз, ағайын!

Үкіметтің ауылды көркейтуге бөліп отырған

қаражатын дұрыс ұйымдастыру жауапкершілігі жоқ. Көңілдеріне келсе де айтайын әкімдердің ауыл шаруашылығын оркендетуге тиіп отырған ықпалы жоқ. «Даяр асқа тік қасық» барына риза, жоғына тәуба – деп отырады.

Әркім өз күн көрісі үшін малын өсіреді. Кезекпен ұйымдасып малын бағады. Бірін-бірі қорға алмаушылықтан дау-дамай туады, ұрлық басталады тағы-тағылар... Малдың өсімі, өлімі ешкімге керегі жоқ. Қысқаша айтқанда осының бәрі келешек жастарды ауылда ұстауға кері әсерін тигізеді.

Сондықтан менімше, мемлекет көрсеткен көмегіне қарай талап қоюы керек. Тез арада әр ауылда ұжымдық шаруашылық (колхоз) құру туралы реформа болмаса, ауылды көркейтеміз – деген ұран босқа қалады – деп ойлаймын... «Бармақ бірікпей ине қолға ілікпейді». Әр ауылдың азаматтары, ауылды жоғалтпайтын жағын ойлап, намыстануы керек. Ауылды сақтау үшін бір қоғамның астына бірігіп, бір-бірлеріңе қол ұшын созуларың керек. Сонда ғана шаруашылық көзі ашылып, істерің алға басады. Әрине оның қиыншылықтары да аз емес. Оның бәрін жеңу де оңай емес. Мысалы жеке шаруалар техниканы алуға шамасы келмейді. Ол үшін бірігу керек т.с.с.

Бір ауылдағы бірнеше шаруа иелері бірігіп, ортасынан бір білімді, қолынан іс келетін маманды таңдап басшы сайлап алса дегендей көкейде жүрген көп ойлар маза бермеген соң жазып отырғаным. Шағын мақаламен ауыл шаруашылығының бәрін қамтыдым деп айту қиын. Сонда да болса шамам келгенімше біраз мәселені қозғамақпын...

Мәселенің тағы да бірден бір шешімі адам еңбегінің нәтижесі – деп білемін. Іс тетігі-маманда дейді ғой.

Қазір мал бағатын адам іздеген фермерлер, бизнесмендерді ақпараттардан көп кездестіреміз. Еңбек етіп жүрген майталмандар туралы очерктер, мақалалар жоқтың қасы «Еңбекті жырлау азайған заманда, ұрлықты жырлау көбейеді» депті бір ғұлама.

Бүгінгі сыбайлас жемқорлықтың орын алуы соның кәрі ме деп қаласын. Кезінде «социалистік жарыс» ұйымдастырылып, оның қортындысымен еңбек адамын құрметтеудің шынайы үлгісін көріп едік. Осындайда бұрынғы Кәсіподақ ұйымы, оған басшылық жасаған партия көзге елестейді. Еңбек адамдарын құрметтеу дәстүрін қайта қалпына келтіру керек шығыр. Еңбек адамдарының ісі жүріп жатса, басшылық та, ауылдың да абыройы емес пе?

Ауыл шаруашылығы жеке меншіктенген болғанымен, оның иелері, басшылары бар емес пе? Қоныстанған жері, ауылы, ауданы бар емес пе? Тіпті қаланың ішінде де ауыл шаруашылығы басқармалары бар ғой. Неге ол басқармалар әркімнің жеке шаруасына араласпағаны мен шаруашылық жүргізудің, дамытудың жоспарларын жасамасқа. Ондағы істейтін мамандардың жауапкершілігін арттырып, ақылдасып, келісе отырып, өзінің саласына қарай тапсырма беріп, орындалысын тексеріп отырса.

Газет, радиодан, телеарнадан журналистер келіп, ауыл шаруашылығы (мал, балық, егін) туралы ақпарат беріп жүрсе, мақтау сүймейтін адам болмайды, оған да еңбек адамдарының көңілі марқайып қалмайма?

Баяғыда еңбек адамдары туралы қандай марапаттаулар болып еді. «Ақбидай», «Ақмақта», «Жылқышы», «Тракторшы қарындас», «Шопандар жыры», «Сауыншы» т.б. толып жатқан әндер шығарылып, ауыл еңбеккерлерін мәз қылушы еді. Бұл

да бір шарушылықты, ауылды көтерудің саяси мәні бар жұмыстар еді.

Ендігі көкейде жүрген, әсіресе, елдің ертеңін жалғастыратын жастарға қатысты ойымды айтайын.

Қазіргі заманда не көп, оқу орындары көп. Ақылысы бар гранты бар т.б. Мектеп бітіргендердің бәрі де институттар мен университеттерге түскісі келеді. Ата-аналарының, туған-туыстарының көмегімен шамасына қарамай көпшілігі қарызданып, қауғаланып жоғары білім алуды мақсат етіп қояды. Кейбіреулері көңілі қаламаған мамандыққа да оқи береді. «Бітірген соң, көре жатармыз» деген пікірде болады. Студент жоғары оқу орынында мәңгілік оқи бермейді ғой. Төрт-бес жыл зулап өте шығады, әйтеуір диплом алады. Алғаны не керек, мамандығы бойынша жұмыс кездеспей жатады. Әртүрлі орта деңгейдегі жұмысқа барғысы келмейді. Жұмыс берушілердің де өз қағидалары, өз принциптері бар. Қайтсен де аласың деген заң жоқ. Бұрынғыдай жолдама беретін Министрліктердің құқығы жоқ. Біздің кезімізде 60-70 жылдары «тың игеру» қой шаруашылығы – екінші тың – деп оқу бітіргендерді жолдамамен, диплом бермей 3 жылға жіберетін. Сонда жастар еріксіз жіберген жерге барып жұмыс істейтін.

Халықпен, ақсақалдармен әңгімелескенде жастардың оқу бітіріп жұмыссыз жүргендерін жиі естиміз. Өз пікірімізді айтамыз, яғни балаларды білім деңгейіне қарамай жоғары оқу орнына сүйрей берудің қажеті жоқ екенін, ең қызығы кәсіптік білім алуына ықпал етуін айтып жүрмін.

Кеңес одағы тұсында СПТУ, ГПТУ-лар болғанын білеміз. Олар жастарды әртүрлі мамандыққа баулитын еді. Мысалы: ер балаларды көлік жөндеуші, дәнекерлеуші, механизатор, жүргізуші, сантехник

болуға, қыздарға тігінші, шаштараз, аспаз және басқа мамандықтарға даярлады. Оның барлығы халыққа аса қажетті мамандар болатын. Әсіресе көл үстінде параход, кемелерді жүргізетін мамандардың тапшылығынан балық шаруашылығындағы науқандық жұмыстарға қанша зиян келіп жатыр.

Балық та Ауыл шаруашылығының бір «онша керегі жоқ» саласы болып қалды. Ол туралы үлкен проблемалар өз алдына бір тақырып. Балықта есеп жоқ ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті, үкімет қанша пайдадан айрылып жатыр десеңізші...

Нарық заманы басталған тұста соның біразынан айырылды. Оқу орындары колледжге ауысқанымен, көп жағдайда олардың бұрынғы өндірістік базалары сақталмай қалды, кейбіреулері Шашубай кентіндегі судоводитель, судомеханик дайындайтын СПТУ-4 шашылып қалды.

Бұрын СПТУ-да оқытындар да шәкіртақы алатын. Осы орта арнаулы оқу орындарын қалыпқа келтіруге қазір үлкен мән берілуде. Қажеттілікке байланысты ірі кәсіпорындар «Қазақмыс корпорациясы» қазір «Балқаш политехникалық колледжін» ашып, өндіріске керекті мамандарын дайындап жатыр.

Халыққа жолдауында президент Н.Назарбаев: «Кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделін, қатаң түрде экономикалық қажеттіліктерімен өзара байланыстырылуы керек» – деп атап өтті.

Содықтан, кәсіптік білім беретін оқу орындары жастарға қазіргі сұранысқа байланысты мамандыққа баулып шығаруы тиіс. Ел экономикасы жақсарып келе жатқандықтан, шәкірттік ақы төлеу мәселесі қозғалған сияқты. Бұл шешімін тапса, жастарға жасалған

камқорлық болар еді. Әрі азаматтарымызды мамандық алуға қызықтырудың бір жолы – осы.

Халқымыз «Кәсіп болмай, нәсін болмайды» деген. Қандай да бір мамандық алған адам ешуақытта өкінбейді. Ол сол кәсіптік салада істесе де, әрі қарай оқып, басқа мамандақ алса да, зиянын көрмейді. Қосымша меңгерген кәсібі келешекте отбасын асырауына да жәрдемін тигізеді.

Бүгінгі таңда ауылдағы азаматтарымыз істейтін жұмысты көп жағдайда Орталық Азиядағы бірқатар мемлекеттерден келген адамдар атқарып жүр. Аудандарда да, ауылдарда да сырттан келгендер аз емес. Бұл өзіміздің кінәміз. Біздің жігіттер мен қыздар «осыны мен істеймін» десе, ешкім олардың қолын қақпайды. Соның нәтижесінде азаматтарымыз жұмыс орындарынан қағылып отыр. «Дипломмен ауылға» атты жарнама менімше жастарды онша қызықтырмай тұр. Ол үшін халықтың пікірімен санасып, ортақ пікір арқылы үкіметіміздің шешімі керек сияқты.

Нұрғазы Нұмұхамбетұлы, еңбек ардагері.

Шашубай кенті

Тәрбие заманға сай болуы керек пе?

«Заманына қарай күлкісі, тауына қарай түлкісі» деген сөз бар. Жомарт қазақтың көңілі ауған кісіге астындағы жалғыз атын мінгізіп жіберетін, жан біткенді жақын тартып, елжірей кететін ерекшелігі басқа ұлттарда сирек кездеседі. Біздің арманымыз — әдепті ұл, ибалы қыз өсіру. Бұл тәрбие бүгінгі заман рухымен үндес келе ме деген сұрақ туады.

Қазақ халқы тәлім-тәрбиені тек қазақша ұғымдармен жеткізген. Ол жөнінде ақылғөй, көпті көрген даналар былай деген: «Балаң — бақытың, балаңды қорға, балаңа жақсы үлгі бол. Балаңмен балаша ойна, бес жасқа дейін патшадай күтін, ханшадай ардақта, балаңмен бірге еңбектен...» тағы, тағы қалыптасқан қағидалар. Мұның бәрі дұрыс-ақ делік. Бірақ маңайдағы халықтарға қарап, тәрбиенің кейбір формасын өзгертуге тура келетіндей. Себебі, қай халықтың болашағы зор. Рух, мінез, адамның қайрат-жігері, бас имеу намысы...

Қазақ балаларының көпшілігі жасынан бұйығы болып өседі. Кез-келген жағдайға бейімделіп, еркінсіп кетуге, іштегі ұяңдығы жібермей тұрады. Әр ұлттың жазылмаған тек қанмен жалғасатын өзіндік дәстүрлері бар. Мысалы, шешен халқы үйден шығып бара жатқан баласына, «айналайын біреуді өлтіріп алма», — десе, қазақ керісінше бірденеге ұрынып қалма, заман жаман біреу ұрып кетпесін, байқа! — дейді. Немесе өзбектер баласына таңертең бір теңге беріп, кешке содан он теңге жасап әкел, — дейді екен. Ал жапондар баласына ойыншық әкелін, қиратып тастап, соны жина, — дейді екен. Біз сындырмай ойна деп, — кейде бір көрсетіп, көрмейтін жерге жинап қоямыз. Көрдiңiз бе, ұлттық тәрбие ерекшелігінің түп-тамыры қайда жатқанын.

Рас, қандастарымыздың бойындағы именшектік, ұялшақтық талай жерде топшысынан қағатын мінез. Тым жұлынып тұру да жақсы емес шығар, бірақ көпшілігі қажет жерде ойын батыл айтуға келгенде жалтақ, жасқаншақ. Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұрған қасиет көп жағдайда опық жегізіп жүр. Заманның өзгеруіне қарай басқа ел мәдениетін көрген соң көпшілік қандастарымыз балаларын да солай икемдеп жатыр. Кезінде Абай, Сәкен, Мұстафалар әкесінің ғана тәрбиесін көрген жоқ, оқу, білім арқылы бөтеннің де озық тәлімін үйренді. Қазір біз соған қайтып келе жатырмыз. Балаларымыз Батыс пен Шығыстың оқуына түсіп, білім алып шыңдалып қайтуда. Өлар басқа елде тәрбиенің мәнін түсініп, елін танып қайтатынына күмән жоқ. Менің бала тәрбиесінде айтарым, қазақтың екі үйінің бірінде қария бар. Немере көбіне тікелей үлкендердің қолында тәрбиеленеді. Сондықтан да қазақтың баласы сезімтал, жаны нәзік қонақжай келеді. Біздің ұлттық ерекшелігіміз де осы. Бұл жағынан алғанда балаларымызға қарап, «құдайға шүкір» деуіміз керек сияқты. Өркенниетті елдерде әр ұлт өз балаларын ұлттық қайнармен сусындатып, ана тілінде тәрбие беруге тырысады. Бала неғұрлым жасынан ана тілі мен ұлттық өнерге баулынып өссе, одан ұлтжанды, тәрбиелі азамат қалыптасады. Ең бастысы, біздің әрқайсымыз балаға бала деп қарамау керек. Өзіңмен тең үлкен кісідей сөйлесіп, қарым-қатынас жасау қажет. Сонда оның дамуы, ой-өрісі де ертерек жетіліп, әр нәрсеге үлкен мән беріп байыппен қарайтын болады. Егер кіші деп қарап, сенімсіздік танытсаңыз, балаңызды ренжітіп алуыңыз мүмкін. Кез келген баланы дербес, дара тұлға етіп өсіретін, биіктететін үлкендердің ата-ананың сенімді көзқарасы, тәрбиесі дер едім.

Қария сыйлау – ізгіліктің көрінісі

Атына заты сай осы, Балқаш еңірінде Елбасы жүргізіп отырған сарабал саясаттың сенімді тірегіне айналып отырған қазақ тіліндегі жалғыз беделді басылым – «Балқаш өңірі» газеті арқылы Елбасының биылғы Жолдауына өзімнің қолдауымды ұсынып отырмын.

Менің ойымдағы тілек көпшілік көңілінен шығатынына сенемін. Себебі, былтыр ақпанның 28 жұлдызында айтылған «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» Жолдауының барлығы дерлік орындалғанына көз жеткіздік. Теледидардан көргеніміздей Елбасының әр айтылған сөздеріне қатысып отырған Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, мәжіліске қатысушылар қол соғып, қошемет білдіріп отырды.

Бір жылдың ішінде істелген қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы ілгерілеу серпіні – біздің экономикамыздың өркендеп, өсуінің айқын айғағы екеніне көзіміз жетті.

Біздің халқымыз қашанда қарияларын қадірлеген ел. Өмірдің ауыртпалығын көріп, тағдырдың қиыншылығын тартқан егде жастағы адамдарды қанатының астына алған. Президентіміз Н.Назарбаев үлкендерге қамқорлық танытуды бірінші кезекке қойып, билік өкілдеріне тапсырып келеді. Оны біздер жақсы түсінеміз.

Осы жылы да бұл мәселеге ерекше тоқталды. Әсіресе, халықтың тұрмысына ықпал ететін әлеуметтік мәселелердің назардан тыс қалмағаны, оның ішінде, зейнетақы көлемінің көбейетіні барлық зейнеткерлерді қуанышқа бөледі.

Мысалы, тек зейнетақыны айтсақ, биыл, міне, қаңтар айында өсті. Енді, 2009 жылы 25 пайызға, 2010 жылы 25 пайызға, 2011 жылы 30 пайызға, 2012 жылы 2,5 есеге ұлғаятыны елімізде әлеуметтік саясаттың берік орныққанын, сөйтіп, үлкендерге қамқорлық, жалғаса беретінін байқатты. Оған сенетініміз, Мемлекет басшысы өз сөзінде келесі жылдан бастап 3 жылға арналған бюджет жоспары енгізілетінін айтты. Бұл сөз жоқ, барша қазақстандықтар үшін маңызды мәселе.

Ұрпақтарыма – өсиет!!!

...Бабалардың сөзі бар «жаман бала төрдегі басыңды есікке апарады, жақсы бала есіктегі басыңды торге апарады». Сондықтан да ұлыңды (немересіне айтады) ақылды білімді етін дайында. Анасы қызын адал жар, мейрімді ана, ақылды келін болуға дайындасын дер едім.

Ұл бала әкеге, қыз шешеге қарап өседі. Естерінде болсын, қартайғандағы өмірлерің жақсы, жаман болуы балаларыңа байланысты. Сондықтан өмірдегі ең басты тірліктерің, ол бала өсіріп, оны тәрбиелеу.

Адам бақыт пен қуанышқа тойған ба? Осы қысқа өмірде көзің жұмылып, пәни дүниеге кеткенше таусылмайтын, бітпейтін арман, қиял, қу тіршілік.

Өзімнің көрген қуаныш, қызығымды, бақытымды балаларым көрсе екен – деймін.

Ең бастысы ене мен келін арасындағы қатынас. Келін қыз кезінде басқа ортада өсті. Әр жанұя әртүрлі мемлекет тәрізді. Өз қағидасы, өз тәртібі бар дегендей. Олар бір-біріне ұқсамайды. Өз туған анаңнан кейін, екінші адамды (жарыңның анасын) өз анаңдай сезініп, түсіну де оңайға соқпауға тиіс. Оған да уақыт керек...

Ене мен келін арасындағы сыйластық, қарым-қатынас үлкен – философия! Ол екі жақтан бірдей.

Ең бастысы – қыз баланы өз үйінде, өз шешесі тұрмысқа шығуға дайындауы қажет сияқты. «Күйеуіңді сүйсең оның шешесін де сүйуге міндеттісің» – деп құлағына құя бергені дұрыс.

Есі бар, ұяты, намысы бар ұлға ана – қымбат, ана – қасиетті, оны сыйламаған, күтпеген (кім болса да) әйелмен өмір сүру – топастық, анасына деген сатқындық.

Анасының көңілін табу үшін, намысы, тегі бар азамат бір емес, бірнеше рет үйленуіне болады, ол кешірімді. Бұл мұсылмандықтың бір шарты – деп білу керек.

Ананың ақ батасын алмаған адам, бақытты болмайды. Жарының анасының қас-қабағына қарап, күтпеген әйелден жақсы ұрпақ та өспейді. Ондай отбасы өмірі, тек қу-тіршілік, жан сақтап күн көру тоңірегінде болады!

05.05.2011жыл

Жекжат сыйлау дәстүрлері

Халқымыздың қонақ жайлылығымен қатар, аталас, ауылдас, құда, күйеу, жезде, бажа, балдыз, жиен, дос, таныс, ұжымдас адамдармен сыйластық дәстүрлері жеткілікті.

Бұл дәстүрлер қазіргі күнге «дағдарысқа тойтарыс» үндеуіне үлкен пайда келтіреді деп ойлаймын.

Аталас ағайындар әрқашан да бір-біріне қамқорлық жасап, қарайласып отыруға міндетті. Мысалға айтайық: соғым басына шақыру, сыбаға беру, бас қосуды кішігірім шара ретінде өткізу, қуанышты құттықтау, қайғыға ортақ болу, т.б. ағайындық дәстүрлер салтқа айналған.

Бұл – атаға бөліну емес, бірлесу. Халқымыз бірлесуді бірлікке ұштастырған, ұлттық және адамзаттық дәрежеге көтеруді көздеген. Сол арқылы талай қиындықтарды бастан өткізген.

Қазақта «көрші қияметтік», «корші ақысы – тәңір ақысы» деп, көршіні ағайыннан да артық сыйлайды. Үй салмай тұрып, «көршіңді таңда» дейді. «Ауылы аралас, қойы қоралас» көршімен тілектес болу, оған көмектесін, қайғысына да, қуанышына да ортақ болу – дәстүр.

«Құданы құдайдай сыйла», «Құда-құда дегізген, құйрық-бауыр жегізген» деп қазақ құда құдаға, құдашаларды ерекше құрметтеуге ұрпақтарын баулап отырған. Құда сыйлау рәсімдері: құда түсу, жастарды үйлендіру, бесік тойы, мүшелтой, мерейтой, тілашар т.б. тойларды өз дәстүрімен, тәртібімен, кәде-жорасымен іске асырып отырған.

Ұрпаққа ата-анадан кейінгі ең жақсы жанашыр адам – нағашы. Өз жұртың – күншіл (бар болса көре алмайды, жөк болса, бере алмайды), қайын жұртың – міншіл (қолыңның ұзынына, жағаңның қызылына

карайды), нағашы жұртың сыншыл, нағыз жанашарың. Сондықтан, әрбір ұрпақ анасының шыққан тегі – нағашы атасын, әжесін, апасын, ағасын өзінің туған жақындарынан да артық көріп, айырықша сыйлауға міндетті. «Желке ас болады жалы болса, жиен ел болады малы болса» деп, халық жиеннің жиендік міндетін ерекше ескертеді. «Жақсы жезде – әкеңдей» деп қазақ жездені әкемен қатар қояды. Өйткені, жезде екінші ана – апаңның жұбайы. Сондықтан, ол балдыздарына барынша қамқорлық жасауға міндетті. Балдыздары жездесін әкесіндей сыйлап, құрметтейді. Сол сияқты, күйеу бала қайын атасын, енесін, қайын ағасын өзінің туыстарынан да артық сыйлай білу керек.

Қазақта достасу салты да ертеден қалыптасқан. «Досыңа достық – қарыз іс» деп Абай атамыз дос болған соң, достық жасаудың жолдарын жақсы білуді уағыздаған екен. Шын дос болу – бақыт, жалған достық – жауыздық. Досқа сыйлық тарту, достың қалағанын беру, досқа араша болу, достың көңілін сұрау, оған көңіл айту, т.б. халықтық жөн-жоралғы салт болып қалыптасқан.

«Жігітті жолдасына қарап таны» деген де мақал бар. Ол әркімнің жақсы-жаман болуы жолдасына байланысты екенін аңғартады. Нағыз жолдас кішіпейіл, қамқор, тілектес, ниеттес болуға тиіс. «Жақсы жолдас жеткізеді мұратқа, жаман жолдас қалдырады ұятқа» деп халқымыз жолдастықты адамның адамгершілік қасиеттерімен байланыстырған.

Осы айтылған сыйластық дәстүріміз өз мәнінде болып, іске асып жатса, нұр үстіне нұр болар деп ойлаймын. Әсіресе, қазіргі экономикалық дағдарысқа тойтарыстың бірден-бір жолы – бірлік, сыйластық дәстүрімізді жалғастырып, нығайта түсу.

Сөз күдіреті

Тілім еді тәуелсіздік теңдігім,
Көп ойлаймын ол жайында мен бүгін.
Айналама алаң болып кеп қараймын,
Мықты ма деп белімдегі белдігім.

Өз жерімде, өз елімде мен өзім,
Өз тілімнен қалай жеріп, беземін.
Осындай боп жазып жүрген өлеңім,

Алмас па екен алдымен сөз кезегін, – атамыз қазақ ежелден-ақ, сөз күдіретін өте жоғары қойып, қадірін төмендетпеген халық. Оның қашан да алыстан орағытып, майда тілінен ағытылған сөздер қозғалмайтын тау-тастарға дейін жан бітіріп жіберген. Яғни, өз дегенінен қайтпайтын, бірбеткей хандарың да, қаһарлы батырларың да, кеудесіне нан ініскен бай-шонжарларың да дуалы ауыздан шыққан кесек сөздерге қарсы жауап таба алмай, «жүндері жығылған». Осы сөз күдіреті әу бастан қазақты қазақ етіп келеді. Өйткені, қазақ канжардан емес, сүйектен өтетін сөзден жығылған. Тілден келген ұяттан елімді артық санаған. (Сөз сүйектен, таяқ еттен, өлімнен ұят күшті деген мәтелдер бар).

Алайда, адамзат баласын қойдай қайырып, өз дегеніне бағындырмай қоймайтын «үстемшіл» уақыт, қазақ даласында жүрген уытты сөздерді ұстап алып, ақ қағаздың бетінде, қаламның ұшына әкеліп бірақ қыстырды. Соған байланысты сөз күдіретінің сымбаты мен ұлылығы бәсеңдеген емес. Ауыз әдебиетінен толысып, түрленген әсем де бай тіліміз жазба әдебиетінде де одан әрі көркейіп, көсіліп келеді. Жетпіс

жылғы Кенес үстемдігі кезінде де қазақ халқының әдеби тілі тұрмақ, баспасөз тілінің өзі де бар сымбатынан, ой-өрісінің кеңдігінен айырылмаған болатын.

Ал, енді осы ұлтымыздың ең басты асылы – тіліміздің бүгінгі жағдайы қандай? – деген сұраққа әркім әртүрлі жауап беретіні ақиқат. Осы орайда, әдеби тілді әдебиетшілерімізге ысырып, өзіміз қалам тартып жүрген сала баспасөзге тоқталайықшы. Өйткені, қазіргі кезеңде ана тіліміздің ең басты күретамыры да, оның өсіп-өркендеуіне бірден-бір үлес қосатын қозғаушы күші де осы – баспасөз.

Бізде оның рөлін «Балқаш өңірі» ғана атқарып отыр. Жасыратын жоқ, бұл басылымның осы уақытқа дейін көтеріп келген жүгінің үстіне, еліміз егемендік алғаннан соң, ұрпақ тәрбиесі, оларды отан-сүйгіштік сезімдерге баулитын ұстаздық атты ұлағатты міндет жүктелді. Әрине, тіл сұлулығы баяғы кең мағыналы шабытты болмаса да, өзінің әдемі келбеті мен сүйекті тұлғасынан айырыла қойған жоқ. Бұл көбінесе алға қарай асыға басып, жаңашылдыққа бір табан жақын жүретін жасжурналистердің (Н.Кәрім, Г.Ермағанбетова, т.б.) жазу мәнерінің заман талабына қарай өзгеруіне байланысты болса керек. Себебі, бұрыннан қалам ұстаған қаламдастарының дені жазатын мақалаларын көбінесе бейнелеулер мен теңеулерге, әсерлеулер мен суреттеуге тырысып, пікірсайысқа шақырса, осы күнгі жас буын жарияланған көлемді материалдарының өзін артық-ауыз сөздерге бармай-ақ, қысқа ғана қайырып, тобықтай түйінмен түйіп тастайтын сияқты маған. Ал, осы екеуінің қайсысы дұрыс. Меніңше, тіл байлығың жетіп жатса, қазақтың мейлінше бай сөздерін барынша келтіріп, мақаланың майын тамызып, мақаладан мақала, пікір-ой туғызғанға не жетсін. Бұл тәсілдің

ұлт тілінің тереңінде жатқан сөздерді халық санасына сіңіріп (әрине, оқитын жастар болса), олардың ұмытылмауына септігін тигізетіні сөзсіз дер едім. Әрине, бұл «стильді» мылжындыққа балап, адамды жалықтыруы мүмкін деушілер де табылады. Батысқа еліктеп, жазғанымыздың бас-аяғын күзеп тастағаннан не ұтамыз? Бұл біздің сөздік қорымыздың сарқылуына әкеп соқпай ма? Оның үстіне біз басқа халық емес, тілдік қоры өте мол қазақ екенімізді ұмытпайық. Менімше, баспасөз хабар-ошар құралы ғана емес, сонымен бірге, тілдің бәрін сұлулығын, тектілігін, сипаты мен қырсырын айқара ашатын қақпасы, болашақ ұрпақты тіл тазалауына үйретіп, насихаттайтын тәрбиешісі де бола білу керек. Ол үшін біздің баспасөз, әкімшіліктегі тіл комитеті ең алдымен ұрпақ тәрбиесіне, әсіресе, ата-баба тілінің әкеден балаға сол қалпы, мұрты бұзылмай жетуіне мұрындық болып, қызмет еткені дұрыс болар еді. Сөзге, тілге байланысты мақал-мәтелдерді мектеп қабырғасындағы оқушылар арасында талқылап, пікір-талас ұйымдастырса, баспасөзге (газетке) деген құштарлық артпас па еді. Себебі, қай қоғамда қандай орта болмасын пікір-таласқа түспей, сөз сайысында ой қылышымен қақтығыспай, өсіп-өне алмасы керек. Бұл орайда, әр адам жеке тұлға, өзіпше бір ой иесі болғандықтан, өзгелермен пікірі бір жердей шығуы да мүмкін емес. Ортақ ойға келе алмай, қызылкенірдек болып, айтысқа түседі. Теледидардан көріп жүрген «Көкпар», «Сөзмерген» бағдарламасындай. Олар бірінің айтқанын бірі толтырып, бір ғана пікірге тоқталса, әжептәуір пайда болады. Сондықтан баспасөзде (бізде жалғыз газет) осындай ел мүддесін, игілігін көздеген пікір-сайыстар болып тұрса, бұрынғы жаза-жаза жауыр болған көкейкесті мәселелердің шешімі халық

колдауына ие болар еді. Тіпті, осы «Балқаш өңірінде» жарық көрген көше аттарын өзгерту, мектептерге батыр қыз Ә.Молдағұлова атын беру сияқты (мен пікірімді айтып жаздым) өзекті тақырыптар да өрісін кеңге жайып кете алмай, жылы жабылып қалуда.

Жазылған ойлар оқыған адамның ішінде өлетін болып жүр. «Көп түкірмесе көл болмайтынын» жұрт жапа-тармағай іліп әкетпесе, ой өспейтінін бүгінгі күні ұмыттық десем, артық болмайды.

Өңгіме басындағы «қазақ қанжардан емес, сөзден жығылған» деп түсіндірген секілді болдық. Бірақ, қазір сол баяғы сөздің беделі түсіп, салмағы жеңілдеп кетті. Бұрынғы басшылардың ұрысып, керек десе, ұрып қорқытатындарын майда сөзбен «бауыздау» арқылы айтқанын істейтінін көрдік. Сонда біз сөз күдіретін бойымызға сіңірдік.

Қазіргі баспасөз беттерінде күн сайын жарияланып жатқан сын материалдардың өзі ешкімді елең еткізбейді.

Бұл жағынан кешегі Кеңестер заманындағы баспасөзіміз «бақыттырақ» деп қаламын. Себебі, газет бетіне шыққан сын-мақала жауапсыз қалмайтын. Қорытынды шығатын. Баспасөз – партияның (ел басқарған) қаруы еді. Ал, қазіргі сынның сол күдіреті төмендеп кетті. Сынасаң, бәлеге қалдың дей бер. «Көкіректе сайрап тұр, тілді құдай байлап тұр» деп іштей қынжыласың да заңды бұзғандардың аты-жөнін жазалмай жалпылама түрде сипай салатын болдық.

Соңғы жылдары заман өзгеріп, жариялылық есігімізден сығалағалы бері еркіндікке шыққанымызға мәз болғандай қаламын кез келген тақырыпқа тарта салатын сарала басылымдар елімізде жетін-артылады. Оның жазғанының байыбына, саяси салдарына үңілмейтін болдық. Әйтеуір, «сенсация» іздеп жанталасуда.

Ол да дұрыс па, теріс па өзіміз білмей қаламыз.

Қысқасы баспасөз жаңалықтар жаршысы ғана емес, қазақтың әсем тілін тереңге мұртын бұзбай жеткізетін, жастарға ұлттық, рухты сіңіретін, болашақта елін, жерін қорғау үшін ештеңеден тайынбайтын қасиетке баулитын тәрбиешісі болу керек деп ойлаймын.

Сөз құдіретін түсіне білген халық, оның бағасын түсірмейді, ал, сөз бағасы түспеген елде әрқашан да берекелі өмір, баянды болашақ болады. Өйткені, сөз шымбайдан өтсе ғана ар-ожданның соты қалғымайды.

Тіл мен сөздің құдіретін жоғалтпайық!

Н.Нұрмұхамбетұлы

**Он бағдарлама жасаса да, тіліміз дамымайды
одан да нақты шара қолдану қажет**

«Мемлекеттік тілді дамытайық» деген құр сөзден тілге де, елге де, мемлекетке де келін жатқан ешқандай пайда жоқ. «Баяғы жартас — бір жартас» деп ұлы Абай айтқандай, тіліміз ілгері жылжымай тұр. Ол үшін нақты шаралар қолдану қажет сияқты. Яғни, мемлекеттік тілді дамытудың экономикалық негізін жасау керек. Әр адам мемлекеттік тілді дамытудан қандай пайда түсетініне көзі жетсе ғана қызығады, әйтпесе құр ұраннан салғырттық пайда болады да, «ұзын арқан кең тұсаға» салынады.

Тіл туралы қандай жақсы шешімдер мен қаулы, бағдарламалар бар. Амал не? Орындалмайды. Ұмытпасам, 1997 жылы Жезқазған облысы боп тұрғанда 1998-2000 деген бағдарлама жасалып, қаулы қабылданған. Міне, енді 1999 жылдың 19-наурызында Қарағанды абысы әкімінің шешімімен тура сондай (айна-катесі жоқ) бағдарлама қабылданды. Нәтиже болмаған соң жұрт оны оқымайды және іске асырмайды. «Балқаш өңірінің» 1999 жылғы 6-сәуірдегі санында жарияланған ақпарды оқысаңыздар, әлі де бұл қалпымызда 10 бағдарлама жасайық — тіліміз дамымайды.

Сіздер мысал үшін байқасаңыздар, ағылшын тілінің мәртебесінің жоғары екеніне куә болып жүрсіздер. Республиканы қойғанда, осы Балқашқа келген инвесторлар жұмысқа қабылдауда ағылшын тілін білуді басты шарт етіп қояды. Заман ағымына қарай күнкөріс үшін кәрі де, жас та сол тілді үйренуге мәжбүр болуда. Көпшілік ата-аналар балаларын соған үйретпедік деп өкінсе, біразы Америка, Англияға барып

оқып жатыр. Куәлік алғаннан кейін олар еңбекақысы жоғары жерлерге орналаса алады. Ал біздер газеттен бірлі-жарым мақала мен теледидардағы 5 минуттік «Тілашармен» шектеліп, көш соңында қалып өкініп жүрміз.

Ана тілін білмейтіндер (мемлекеттік тілді) жоғары еңбекақылы жерлерге (парламентте, министрлікте, әкімшілікте, мекемелерде) қызмет етеді. Олардың мемлекеттік тілді үйренуге ықыласы жоқ, тағын бергісі келмейді, пайдалы жұмыстан кеткісі де жоқ. Жұмысқа қабылданарда мемлекеттік тілді білу, білмеу кедергі емес. Сондықтан мен мынадай шараларды жүзеге асырса, пайдалы болар деп айтар едім:

- Кеңес үкіметі кезінде орыс тілін білмегендерді партия, кеңес органдарына қызметке алмайтын. Сол сияқты мемлекеттік тілді білмейтіндерді басшы органдарға жұмысқа алмау, тілді үйренуді уақыт беріп, талап қою керек. Қашанғы олар шығын шығарып аудармашылар іздейді, одан да өзі үшін үйренсін немесе шығынды (аудармашыға) өз қалтасынан төлесін.

- Әр маманды жұмысқа қабылдағанда мемлекеттік тілді білуін тексерген дұрыс.

- Штаттағы жұмысқа қабылданғандардың жалақысын оның мемлекеттік тілді білу дәрежесіне қарай топтарға бөлу керек (тілді сөйлей және таза білетіндер, тілде тек сөйлей білетіндер, тілді білмейтіндер, тағы сол сияқты).

Бірінші топтағылардың жалақысы екіншіден 30%-ке жоғары, ал үшіншінікін екіншіден 20%-ке төмен жасау керек. Еңбекақының тілді (игерумен байланысты екенін түсінген адам қайтсе де, тіл үйреніп, сөйлеуге тырысады. Бұл әдіс нәтижесін береді. Тез-ақ үйреніп кетеді. Мұндай тәжірибелер бұрын болған. Оның

ешкандай сөкеттігі жоқ. Әр азамат елімізде тұрғысы келсе, жоғары еңбекақы алғысы келсе мемлекеттік тілді үйренсін. Бұл жағдайға арнайы ақша бөлудің қажеті де жоқ. Өз мүмкіндігіне қарай тіл білмейтіндер есебінен оны білетіндерге қосымша төлей отырып, орта жалақыны сақтауға болады. Ай сайын немесе тоқсан сайын бір рет тілді игеру дәрежесін сынақтан өткізіп еңбекақыны өзгертіп отыруға болады. Әрине, бұған қарсы дау айтушылар да болады, себебі біздің Заңда «немесе» деген сөздер көп (мемлекеттік тілде немесе өз тілінде деп). Мұндай жағдайда мемлекеттік бағдарламаны қатаң басшылыққа алып, соның орындалысын өз дәрежесінде жүзеге асырса нұр үстіне нұр болар еді.

Нұрғазы Нұрмұхамбетұлы

Алыс туыстан көрші артық (тағылым)

«Қазақ халқы көршіні құдай қосады» дейді. Қонысы ортақ, егене араласып, күнделікті жүзбе-жүз кездесіп жүрегін адамдарды «көрші» дейміз. Адам күні адаммен дегендей, күнделікті өмірде адамдар көршіні қажеісімеді. Өйткені, қиналғанда, бір нәрсе қажет болғанда ең алдымен көршіден көмек сұрайсыз.

Қамшынын сабындай қысқа ғұмырда жақсы қврин бола білудің өзі үлкен сын дер едім. Жақсы көрші бола білудің жарқын мысалын ширек ғасыр көрші болған Кеңесбайұлы Кеңаралды айтар едім.

Бірде үлкен той жасап, ауылдан келген туыстарды, ағайындарды төрге отырғызып, оларға көп көңіл бөліп, күткен болуым керек. Сонда жаңағы көршім Кекең: «Нұреке, сіз кім болсаңыз да менің көршімсің, анау адамдарыңыз (алыстан келген туыстарды айтады) ертең кетеді, біз қаламыз, сондықтан, бізге де көңіл аударыңыз» дегені. Осы сөзде шынында да үлкен мән жатыр екен.

Жақсы көрші бола білу көңілдің әрін, тірліктің нәрін, өмірдің сәнін келтіріп, адам жанына шуақты сезім ұялатады екен. Айналадағы ел-жұртпен жарасымды сыйластық өмір сүруге деген құштарлықты арттырады. Жақсы көрші туыстан да артық саналатынын күнделікті сезіп жүрген адамның бірі өзіміз. Көршімнің талай жақсылықтары естен кетпестей... Сондықтан, ата-бабаларымыз өмірлік тәжірибелерінде үй алмай тұрып, кіммен көрші болатынына мән берген. Осы себепті халқымыз: «Көрші ақысы – тәңір ақысы» деп, оған аса мұқиятқараған. Көрші ақысы деген сыпайы мінез таныту, амандасу, ауырғанның халін сұрау, қайғысын бөлісу,

қуанышына ортақтасу, күнделікті тіршілікте дұрыс жөн сілтеу, тағы басқалар жатады. Осы қағидаларды сақтамаған көптеген көршілер жамандыққа ұшырап жататыны да белгілі. Құдай ондайдан сақтасын дейміз.

Тарихқа көз жіберсек, ғасырлар бойы жалғасып келген аяулы көршілік дәстүрі былай суреттелген. Салт-дәстүр бойынша көршілер күнде ертемен бір-бірін көрісімен дауыстап сәлемдесіп, қол беріп амандасатын. Күндізгі шаруаларын жайғасқан соң кешкісін үлкендер бас қосып, жаңалықтарын айтысып, ертеңгі істерін келісетін. Аз уақыт болса да әңгіме-дүкен құрып, қалжыңдасып, бір жасап қалатын. Алыстан ағайын, құда-жекжат, құрметті қонақ келе қалғанда көршісі сәлем беріп шығатын еді. Қонақтармен бірге отырып, әңгімелесіп, өткен-кеткенді айтысып, арты ән-жырмен ұласатын. Осының бәрі балаларға салт-дәстүр, тарих мектебі, тағылым болып саналатын. Соғымға сойылған малдың шекесіне шақырылып, әйелдер жағы дәмді, әуес тағамдарын бір-біріне беріп жататын еді. Мұның бәрі ара дәнекер, ынтымақ, ауыз бірлік ұйытқысы, сенім кепілі рөлін атқаратын.

Құдайға шүкір, өзіміз осы салт-дәстүрдің біразын көршілерімізбен сақтауға үлкен мән беріп келеміз. Күнделікті теледидардан «Көршілер» деген көріністі көріп, көңілде жүрген ойларымды көпшілікке таратып, аппарат арқылы іске жаратып жатсам деген ниетпен осы тақырыпта мақала жазып отырмын.

Әрине, көпшілік оқырманның көңілінен шығамын ба, шықпаймын ба, білмеймін. Дегенмен, жастарға тәрбиелік мәні болар деген ниеттемін. Өмірдің өзі көрсеткендей, көптеген көршілер белгілі бір себептермен тіл табыса алмай жатады. Бір-біріне ренжісіп, көшін те кете алмайды. Соған байланысты

айтарым: «ырылдайсың, қаппайсың, көршіден артық таппайсың» демекпін. Иттің өзі көршісіне үрмейтініне таңғаласың. «Көршінің итін ұрғаның, өзін ұрғанмен тең» демекші, адам көршісіне адал болуға, оны ренжітпеуге, сыртынан жамандамауға, көңіліне келетін іс-әрекеттер жасамауға, залалын тигізбеуге тырысуы керек.

Пайғамбарымыз да бір хадисінде: «Аллаға қиямет күніне сендім адам көршісін сыйласын» деп өсиет айтқан екен.

Қорыта келгенде, қоғамның бейбіт өмірін жақтайтын ескі салт-дәстүр көршімен тату-тәтті тұруға шақырған. Көршімен татулық адамдардың бір-бірімен татулығы мен сыйластығын, бауырмалдығы мен адамгершілігін сақтайды. Біле білгенге бұл да өмірдегі үлкен сынақтардың бірі. Сондықтан, ағайын, көршімен жақсы сыйластыққа не жетеді...

Газет абыройын көтерейік

Жас келген соң ескі әдетпен газет-журналдарды қадағалап отырамыз. Уақыт көгілдір экранмен өтеді. «Хабар» арнасындағы күніне он рет қайталайтын жаңалықтар жалықтырады. Кемшілігін айтып, оларға жазғаның жетпейді де. Толып жатқан шетелдік телесериалдар жастарға теріс тәрбие береді. Оның үстіне, шетел, республика, облыс жаңалықтарын қойғанда, аудан, ауыл жаңалықтарын естуге зәру боламыз.

«Балқаш өңірі» газетінің ұйымдасқан күнінен бастап (1977 ж. аудан құрылғанда «Ленин жолы» деген атпен ашылған) тұрақты оқырманымын. Бүгінгі нарықтық қиын кезеңде де газеттен қол үзген емеспін. Кейде адамның көңілінің көзін ашып, көсілетін кездерінде осы газетпен мұңдасып, сырласып, серпіліп қаламын.

Негізі, мен журналист, не жазушы емеспін, қазақ тілі мен әдебиетінің, тарихы мен мәдениетінің, салт-дәстүрлерінің жан-күйерлерінің бірімін. Аздаған ел біле бермейтін ақындығым бар. Құланаяқ Құлманбетке (суырып салма ақын, ХІХ ғасыр) аталас жақындығым бар. Сондықтан қазақ тіліндегі басылымдарға деген жанашырлығымның бір себебі осында ғой деймін.

Меніңше, газет оқырмандары алдындағы міндетін дұрыс орындауда. Кең тынысты, тілі жатық, коркем, тартымды, әлі де айтары мол. Газет бетінде жиі көрінетін халықтың жақсы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері туралы мақалалар, мекеме-ұжым басшыларымен күнделікті өмір және проблемалар жөнінде сұхбаттар назар аударарды. Материалдарды сұрыптап, таңдау дұрыс жолға қойылған, коркемдеуі де едәуір жақсы, ұлттық

мәнерде өрнектелуі де ұнайды. Бұл айтқандардан газетте әттеген-айлар жоқ, мүлде кемшілік жоқ деген ойлар тумауы керек. Газеттің әлі де салықалы, салмақты, оқырмандарға қызықты бола түсуі үшін төмендегідей мәселелерге тереңірек және көбірек көңіл бөлінсе деген пікір бар.

Біріншіден: қазіргі өтпелі тарихи уақытта бұқаралық ақпарат құралдарының қай-қайсысының да басты бағдарламаларының бірі — жастар мәселесі, оларға ұлттық, имандылық тәлім-тәрбие беру деп ойлаймын. Бұл жағынан келгенде біздің газет ұжымы кілең жас журналистерден құралғаны қуанарлық жағдай. Серік Сағынтай, Бағдат Мүбәрәкұлы, Гүлжанат Тұрсынқызы сияқты жастар бұл қиын да жауапты жұмысты тек өткен тарихпен, не мысалдармен ғана емес, бүгінгі заман талаптарымен, ерекшеліктерімен тығыз байланыстырғаны жөн. Осы мақсатпен осы жылдың 30-қаңтарының №8 санында «Қазіргі қазақ психологиясы» атты тақырыппен (Жаңа айдар: Мен айтайыншы.) Г.Тұрсынқызы оқырмандарға қандай жақсы келелі ой тастап, газет бетінде пікірлесуге шақырған. Өте дұрыс. Сол беттегі «Бертістің» берері аз» деген ой-пікірді Ж.Қапасов өте жақсы келтірген. Осыған қоса айтарым: газет құрылтайшысы қалалық әкім мен мәслихат болғандықтан, меніңше, әкімшілік пен мәслихаттағы күнделікті ресми хабарлар, газеттен оқырманның олардан талап-тілегі жиі хабарланып тұрса, нұр үстіне нұр болмас па еді. Әкім мен мәслихаттың баспасөз хатшысы жоқ сияқты.

Екіншіден: Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығына орай ұлттық бағдарлама болса, соның талаптарына сай жаңаша ойлау жүйесін қалыптастыру сияқты жауапты міндеттер бар деп ойлаймын. Халық өз болашағын

жасаушы күш ретінде көрінуі керек. Басқаша айтқанда, газет беттерінде өнегелі еңбекті, өнер мен мәдениетті, дәстүрді уағыздайтын татымды дүниелер молырақ қамтылса, «Балқаш өңірінің» абыройы бұдан да арта түсер еді. «Журналисті аяғы азықтандырады» дегендей, халықпен, елмен көп пікірлесін, олар, әрине, пікірін айтқанмен, жазуға ерінуі мүмкін, ол пікірлерді өңдеп, оқырмандардың ортақ мүддесіне айналдырсақ деймін. «Өнер, білім — халықта», соны жеткізін жариялау журналистердің міндеті деп ойлаймын.

Үшіншіден: Газеттің былтырғы 49-санына дейінгі формасы оқуға да, сақтап қоюға да ыңғайлы, әрі қызғылықты еді, оның редакцияға қандай қиындық туғызатынын білмеймін. Қазіргі газетімізді «аударып-төңкеріп» оқығанда бір ыңғайсыздау болып тұрады. Ұзақ сақтап түптеуге келмейді, т.б. көрнектілік, көркемдік жақтары жетімсіз. Фотосуреттер анық емес, орысша айтқанда, «товарный вид» жоқ. Әрине, бұл менің пікірім...

Айтылған мәселелер көптен айтылып та, жазылып та жүр. Ақыл айту оңай, ал ойлаған істі іске асыру қиын. Сондықтан, ақылғойси берудің өзі де ретсіз. Біздікі тек өз күніміздің қиындығын, төңірегіміздегі қарапайым халықтың күнделікті тұрмыс-тірлігін көріп-біліп отырғаннан туған өзекжарды бір ғана тілек. Кейбір көкіректе тұншығып жатқан ащы жайларды басшылар өздері біліп отырған шығар деп айтқыш да келмейді. Сонда да болса, газетімізде жазылған ойлар оқыған адамның ғана ішінде өлмейтін болса. Газетіміз тек оқып шығып, іштегі ашуды бір тарқатып алу үшін ғана, немесе қай жерде не болғанын естірту мақсатында ғана қызмет атқара берсе, ел де жалығады, газет беделі төмендейді.

Осының бәрін айта келе, жалғыз ұлттық баспасөз құралы көп көңілінен шыға берсе екен деген тілек білдіремін.

Редакциядан: Нұреке, газет оқырманы ретінде «Балқаш өңіріне» тілеулес және жанашырлық танытқаныңызға осы ұжымның атынан үлкен алғысымызды айтамыз. Иә, өзіңіз айтқандай, республикалық кейбір ақпарат құралдары қазаки болмыс-бітімімізге кір жұқтыратын бейәдеп сандырақтарын місе тұтып келеді. Оған салт-дәстүрімізге жанашырлық танытқан қазақ зиялылары баяғыдан-ақ қарсы болып, қақсаудай-ақ қақсап келе жатыр. Бірақ «естіді құлағым...» кері екенін сіз де байқап, бағдарлап жүрсіз. Мен де түк түсінсем бұйырмасын. Қазір жалаңаш жәләптардың жарнамасы қаулап кетті. Соған карағанда сұраныс көп секілді. Әлде бүгінгі жас балалар батысқа басын баяғыда бұрып үлгерді ме? Күрмеуі қатты шешілмейтін сұрақ осы. Бұның түбі қоғамдық дерт екені жасырын емес. Біз де осыны газет бетінде көтерін келе жатырмыз. Амал қанша, «балық басынан шіриді».

Бүгінгі таңдағы әлеуметтік мезгіл мәселесін газеттің 3-ші беті атқарып тұр. Өзіңіз айтқандай, жастарға жан-жақты тәрбие беру үшін арнайы айқармадан «Заң және заман», «Иман», «Шаңырақ», «Шымыр» беттері өткен жылдан бастап оқырман қауымға жете бастаған. (Бұған да қуанып, «па, шіркін» деп бір мәрте айқай салуыңызға болады).

Тәуелсіздіктің «10 жылдығына» арналған материалды беруіміз міндет һәм парыз. «Оқырмандармен сұхбаттасыңыздар» деген сіз айтқан межеден шығамыз.

Екіншіден: «Балқаш өңірінің» бірінші беті

айқарма бет іспеттес көлемді болып шыға бастаған. Редакциямызға түсетін мақалалар әртүрлі болып келеді. Алайда, әр арнайы бет өз жүгін көтеріп тұрады. Бірінші бет күнделікті жаңалықтар мен сейсенбі сайын «Замана үнін» жариялап тұратыны тағы да белгілі. Қазір ағымдағы ақпараттар, хабар-ошарлар өте көп. Сондықтан үлкейтуге тура келді. «Аударып, төңкеріп» оқи беріңіз, ол жағы сізге де, бізге де пәлендей қиындық тудыра қоймас. Ал сақтауға қиын десеніз, уақыт бөліп келіп кетіңіз, үйретуге әзірміз!

Фотосуреттер анық шықпайтыны рас. Баспа машинасы техника болған соң ескіреді. Жаңасын алуға жанашыр табылса игі еді. Қайта шығып тұрғанына тәуба дейік. Әйтпесе, бұл жағына немқұрайды деп жүрген жоқпыз.

Сөз соңында айтарымыз, тағы да Рахмет!

20 ақпан 2001 жыл

Еңбек адамына — сенімді кепілдік

Қазақстан Республикасы Конституциясы еліміздің әрбір азаматына берген маңызды құқықтардың бірі — еңбек ету құқығы. Ол — өмір сүру құқығымен пара-пар десек артық емес. Мемлекеттік еңбек инспекциясының негізгі міндеттері — азаматтардың еңбек ету бостандығы жөніндегі конституциялық құқықтарын жүзеге асыруға көмектесу, еңбектің қауіпсіз болып, еңбек гигиенасының сақталуын қамтамасыз ету, еңбек туралы, еңбекті қорғау туралы және халықты жұмыспен қамту туралы заңдардың сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізіп, әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік біртұтас саясаттың жүзеге асуын қамтамасыз ету.

Үстіміздегі жылдың еткен уақыты ішінде 158 әртүрлі меншік иелері болып саналатын шаруашылық құрушы тұлғалар тексерілді. Тексерулердің барысында 1049 заң бұзушылық анықталды. Олардың 421-і «Еңбек туралы» Заңның, 574-і «Еңбекті қорғау» Заңының, 54-і «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының бұзылғанын айғақтайды. 170 өкім тапсырылды. Кінәлі тұлғаларға жалпы сомасы 279 мың теңгені құрайтын айып салынды. Бұл, әрине, ықпалды әкімшілік шара болып табылады. Бұған қоса 13 станок пен жабдықтың жұмыс істеуіне тиым салынды. 39 кінәлі адам тәртіп жауапкершілігіне тартылды.

Тексеріс жұмыстары жүргізілген кезде жалақыны уақытында төлемеушілік сияқты заң бұзушылық анықталды. Мысалы, «Балқаштүстіметалл» ӨБ-де еңбекшілердің жалақылары белгіленген мерзімнен кешіктіріліп төленген. Балқаш жылу-электр орталығында жалақы төлеу екі айға кешіктірілсе, «Балқаш-энерго» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында үш

айға кешіктірген. Жалақы кешіктіріп төлеу бюджеттік ұйымдарда да, пәтер иелерінің кооперативтерінде де кездеседі. Мысалы, «Бірлік» және «Регина» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде жалақыны кешіктіріп төлеу әдетке айналған. Мұн-дағы қызметшілер барар жерлері болмағандықтан дәрменсіздік танытып, бәріне көндіге бастаған. ҚР «Еңбек туралы» Заңының 76-бабы өрескел бұзылса да, өздерінің құқықтарын қорғаудан бас тартқан. Олар жалақының кешіктіріліп төленуі оны банктерде айналдырып табыс табуға мүмкіндік беретінін білмейді емес, жақсы біледі. Біле тұра осындай жөнсіздікке жол береді.

Жалақыны кешіктіріп төлеумен қатар еңбек демалысына шыққандарға жеке еңбек жөніндегі келісім-шарттарға төленетін төлемақыларды төлемеушілік те, жұмыс уақыты туралы тәртіпті сақтамаушылық, демалыс күндері ақы төлемей жұмыс істеткізу де кездесуде. Жеке еңбек жөніндегі келісім-шарттар жасасу белгіленген талаптарға сай келмеуде. Белгіленген уақыттан артық жұмыс істеу кеңінен етек алуда. Әсіресе, барлық меншік иелері күзетшілерді көп жұмыс істетуге дағдыланып алған. Мысалы, күзетшілер бір тәулік бойы жұмыс істеп, бір-екі күннен кейін жұмысқа қайта шығуда. Кейде жұмысты тегін істемеді. Жұмыскердің келісімінсіз оның жалақысының бір бөлігін ұстап қалу да әдетке айналуда. Тексеру жұмыстары жүргізілген кезде беті ашылған «Еңбек туралы» Заңды бұзушылықтың бәріне өкім шығарылып, әкімшілік шаралар қолданылды.

Еңбек қатынастары туралы заңдарды сақтау жөнінен оң өзгерістер болып жатқан кәсіпорындарды да атап көрсеткім келеді. Олар «Түсті металдар өңдеу зауыты» жабық акционерлік қоғамы, «Сұңқар» жауапкершілігі

шектеулі серіктестігі, «Балқашсүт», «Балқашнан» ашық акционерлік қоғамдары, су жолдары айлағы, «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ұйымдары, қалалық баспахана және басқа кәсіпорындар.

Еңбек туралы заңдардың бұзылуына азаматтардың құқық жөніндегі сауаттарының төмендігі де себепші болуда. Оның үстіне жұмыстан айырылып қалу үрейі де аз кесірін тигізбеуде. Сондықтан да өз құқықтарыңыз бұзылғанын білсеңіздер, онда мемлекеттік еңбек инспекциясына келулеріңізді сұраймыз. Қаланың біраз азаматтары бізді жақсы біледі, қажет кезінде көмек те сұрайды. Кейбір кәсіпорындардың басшылары телефон шалған бетте тиісті шара қолданады. Бізге көмек сұрап келген азаматтардың құқығы бұзылған сәтте қалпына келеді. Мысалы, жыл басынан бері азаматтардан өздерінің құқықтары бұзылғаны жөнінде 84 шағым түсті. Олардың бәрі қаралды. Жұмыс берушілер жіберген кателіктерін түзеді.

Азаматтардан келіп түскен шағым-арыздар еңбек туралы келісім-шарттың дұрыс жасалмағандығынан шешімдерін таппауда. Сондықтан да еңбек қатынасын талапкердің жазба түрінде реттегені жөн. Құжаттар жазба түрінде дұрыс реттелмейінше талапкерді бізге әлеуметтік қорғау оңай емес.

Жеке кәсіпкерлерге жалданған жас қызметшілер еңбек тәртібі жиі бұзылған жағдайда жұмыс істейді. Салық төленбейді, зейнетақы қорына қаржы аударылмайды. Ақыры бірнеше уақыттан кейін жұмыстан шығып, жұмыс берушінің үстінен шағымдана бастайды, жалақысын төлемегендігін, тиісті құжаттарын бермегендігін көлденең тартады. Біз қызметшілеріне қиянат жасаған ондаған жеке

кәсіпкерлерді анықтадық. Олардың бәрі еңбек туралы заңдарды өрескел бұзған.

Өндірістердегі бақытсыз жағдайларды тексеру кезінде олардың кездейсоқ нәрсе еместігін, жауапсыздықтың, жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігін ойламайтындығының нәтижесі екенін, оның жапа шегушінің де кінәсінен болатынын байқап жүрміз. Адамның жарақат алуына жөнделмеген, ақаулы құрал-жабдықтарды, машиналарды, механизмдерді пайдалану да себепші болуда. Мысалы, «Балқашэнерго» КМК үстіміздегі жылғы 28 тамызда мемлекеттік өрттен қорғау мекемесінің келісімінсіз ескі дүңгіршекті жанар-жағар май сақтауға пайдаланудан қайғылы оқиға болды. Шыққан өрттен жүргізуші жарақат алды.

Бақытсыз жағдайдың көбі электр тоғын пайдалануда сақтық шараларын қолданбаудан болуда. Жыл басынан бері Балқаш қаласында 25 адам бақытсыз жағдайдан жапа шекті. Олардың төртеуі ауыр жарақат алса, жетеуі қаза болды. Қаладағы бақытсыз жағдайдың 90 пайызы «Балқаштүстіметалл» ӨБ-інің үлесіне тиеді.

Жазым болғандар мен жарақат алғандарға жұмыс берушілер олардың денсаулықтарына келтірген залалдары үшін өтем ақы толеуден де жалтаруда. Балқаш пен Приозерск қалаларында облыстық екі мемлекеттік еңбек инспекторы қызмет істейді. Екі адамға үлкен аймақты толықтай қамту өте қиын. Біз жұмыс берушілерден Қазақстан Республикасының заңдарын сыйлауды сұраймыз. Әрбір жұмыскерге лайықты жалақы төленуін қалаймыз. Әрбір жұмыскер, қызметкер, қызметтік жалақысын уақытында алатын болса, оның денсаулығы да жақсарып, мол қайтарыммен еңбек ететін болады. Бұның жұмыс берушіге де пайдалы екені даусыз.

Жазылған жайға оралсақ

«Балқаш өңірі» газетінің 23 қаңтардағы санында Жанболат Башардың «Әлия – қазақтың ару қызы» атты мақаласы, көкірегі ояу, саналы әр қазақтың азаматына ой салатын дүние деп есептеймін. Осы мақалада айтылған ойлар, келтірілген деректер, Әлияның соғыстағы ерлігі, қайсарлығы, Отан үшін жанын беруі – осылардан шығатын мәселенің бәрінің түйісетін нүктесі. ... біз ерлік ел есінде сақталады егер оны орнымен үлгі етіп, жаңғыртып отырсақ.

Бізді (біз деп мен бұл жерде осы елдің болашағын ойлап, бүгінгі жай-күйіне күйіп пісетін, қолынан келер еш қайраты жоқ, бар амалы әйтеуір газет арқылы өз ойын білдірсем дейтін – өзім сияқты пенделерді айтып отырмын...) жақтырмаған көп адам былай деп ойлайды: «осылар-ақ айдың-күннің аманында қара аспанды төндіріп, жоқтан бар жасап отырады екен, тып-тыныш зейнетақысын алып, жанын бағып жатпай ма» – дейді. Бір жағынан қарасаң, олардікі де дұрыс секілді, ел аман, жұрт тыныш, аштан өліп, көштен қалып жатқан ешкім жоқ сияқты. Бірақ екінші жағынан, тек үстірт қарағанда солай, оны ішіміз біледі, әсіресе «Балқаш өңірі» газеті көп нәрсенің бетін ашып, түрлі-түрлі ойлар тастап отырады. Оның бәрі келешек жастарға үлгі болсын, тарихты, салт-дәстүрді білсе екен деген ниетпен, жазылады деген ойдамын.

Редактор өз ойын жалтақтықтан айығуға тырысып, қазақтың ұлттық намысын, рухын оятуға әрекет етіп жүрген азамат. Қазақтарда (әсіресе жастарда) мәдениетке, әдебиетке, ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу бағытында көтеріп отырған мәселесі өте

дұрыс. Ресейдің Новосокольники ауданы орталығынан (ескерткіш бар жер) біздің Балқаш қаласы кем ба?

Қаладағы 30-ға жуық оқу орындарының біренсараны ғана Абай, Алтынсарин, Сейфуллин атында екенін білеміз. Басқа мектептердің аттары әлі күнге дейін (тәуелсіздік алғалы 17 жыл болса да) Н.Крупская, Ф.Дзержинский, М.Горкий, С.Киров, В.Маяковский т.б. аттарымен аталып жүр. Қазір оқу орындарында қазақ тарихына, тілімізге, дінімізге деген көзқарас біршама дұрысталып келеді.

Қазақ зиялыларын, батырларын, би-болыстарын терең оқып талдай бастады. Ұлтымыздың мақтанышы болған, ерліктің өшпес өнегесіне айналған Әлия, Мәншүк сияқты батыр қыздарымыздың есімін ардақтау – ұрпақ үшін керек.

Сондықтан айтайын дегенім, Ә.Молдағұлованың атына бір оқу орнының атын беру туралы Ж.Башардың пікіріне қосыламын. Дер кезінде көтерілген ұсыныс. Биыл батырға 85 жыл толып отыр екен. Ерлікке қосқан үлесіміз деп түсініңіздер.

Айдынның алып тұлғасы Балықшы Қоңқабаев Махметтің 80 жылдығына

Пенде болып туғанның бәрі бірдей Адам деген атаққа лайық бола алмай, кемеліне тола алмай, тұғырына қона алмай өтеді. Өмірі гүлдеп жайнаған, пейіште туа сала сайраған, нарыққа парық бере алмай, туған халқының күйзелін отырғанын көре алмай, өз тойғанына мәз болып, жалғанды жалпағынан басып, асып-тасып тайраңдағандардың бәрі бірдей – Дана болмаса керек. Биліктің буына, атақтың туына тоймаған, дүниенің тұтқасын ұстап жүрмін деп ойлаған әкім – төрелер, өз байлығына өзі тұншығып өлген сасық байлар қазақ даласында аз емес.

Тарих олардың есімдерін хаттамаған,
Халық есіне ұстап жаттамаған.

Қазақ «Адам» деген ұғымды әр түрлі түсінеді. Еркек, әйел, немесе ұл, қыз деп жынысын айтады. Жас, кәрі деп жасын айтады. Оқыған, оқымаған деп сауатын айтады т.с.с. Істеген ісіне, көрсеткен күшіне, досқа деген қарекетіне, дұшпанға деген әрекетіне қарай «азамат», ұл екен, бәрекелді бәленшенің баласын қарашы – деп көңіл білдіреді.

Сондай азаматтар қатарына Балқаш көлінің мыңдаған балықшыларының ішінде атағы елге жайылған. Балқаш балық өндірісімен бірге жаратылып, өзінің адал еңбегімен бірнеше мәрте озаттарға тиесілі наградаларға ие болып, «Еңбек Қызыл ту» орденімен марапатталған – Махмет Мұстафаұлы Қоңқабаевты айтар едім.

Бірге жаратылды демекші, балықаулау кәсібі 1930-31 жылдары алғашқы балық колхоздарын ұйымдастырудан басталған. 1991 жылы балық өндірістік бірлестігі



өзінің 60 жылдық торқалы тойын атап өткізеді. Осы мерейтойда Қоңқабаев Махмет ұрпағының дәрежесі (династия) құрметке бөленген. Яғни атақты балықшының жұбайы Нұржамал, інісі Махан, ұлдары Амангелді, Жұмагелді, Болат, Қанат, Марат, күйеу балалары Қордахан, Бекман барлығы балық өндірістік бірлестігінде еңбек етіп жүрген. Әрине, оқырмандар ойлап жүрмесін

(ондайда болады) неге Махметті сонша дәріптеген – деп, басқа да мықты балықшылар бар емеспе дегендей. Бар және көп, ал Махаңның ерекшелігі балықшылар ұжымының жұмыс істейтін «Балхашбалық» өндірісі мен түйдей құрдастығында болып отыр. Сонымен бірге Махаң менімен жан-жүйесі, мақсат-мүдесі сәйкес келіп табысқан ширек ғасыр ағалы-інілі достықта жүрген азамат еді. Ұлы орыс халқының «Жаңадан табылған екі достан, ескі достың өзі артық» деген мақалы осыған негізделген болу керек.

Махаң біздің көліміздің, оның батыл адамдарының, ғасырлар бойы желмен, толқынмен арпалысып келе жатқан ұрпақтардың барлық қасиетін өз бойына дарытқан адам. Оның дауысын естігенде елді қайдам, өз басым бұрынғы заманды көргендей (микрофонсыз), сол кездегі адамдарды, олардың өмірі мен дәстүрін білгендей күй кешетінмін. Әңгімелесе қалсақ жастық шақтағы балықшы өмірін, махаббат тақырыбын ой-сезімінен өткізіп, әрлендіріп айтып отыратын.

Махаңның әулетінде қазір 5-ұл, 5-қыз,

25-немере, 5-шөбере бар. Үлкені Амангелді балық шаруашылығында 30 жылдан астам жүргізуші, әлі де істеп жүр. Жұмагелді, Болат, Қанаты – әке жолын қуған балықшылар, қыздары тұрмыста. 10 баланың өмірге деген, дүние құбылысына деген көзқарастары әр түрлі. Осыған қарамастан Нұржамал жеңгей әр баласымен ортақ тіл таба білуде, аналық ақыл беруде. Әр баланың қуанышына да, ренішіне де ортақтасады. Иә, баланың қабағына қарау оңайшылыққа түспейді. Ананың маңдайына түскен сызықтар бақытты бала шағының нәрлі ләззаты деп бағалау керек. Ана десе толқымайтын жүрек, тасымайтын қан, тебіренбейтін сезім бар ма? Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығында шаңырағында 10 бала тәрбиелеп, жастарға үлгі-өнеге, беріп келе жатқан Нұржамал ана өз тағдырына өзі риза.

Кезінде жастар слетінде Махаң: «Жас мамандар! Менің сіздерге бірінші айтарым үлкендерді сыйлаңыздар! Аталардың, ағалардың бастаған істерін одан әрі жалғастырып, олардың дәстүрін дамыта беріңіздер. Өздеріңізді жеке лаулаған жалынмын – деп әсте ойламаңыздар. Отан деген оттың бір ұшқыны ғанамын – деп біліңіздер. Таудай халықтың тарыдай бөлшегімін деп таныңыздар. Ағалар бастаған істі жалғастыра отырып лаулаңыздар, ары қарай заулаңыздар! Халықтың алып жүрегіндегі қасиеттер Сіздердің жұдырықтай жүректеріңізден табылсын» – деген тілек айтқан еді.

Иә еліміз тәуелсіздік алған жылы Махаң 60-та екен. Міне енді Қазақстан 20 жылдығында 80-ге толар еді. Амал қанша сұм ажал Махаңды ерте әкетті! Қарапайым балықшы әулетінде туып, әке аманатын балаларына жеткізген Махмет Қоңқабаевтің басынан қандай қиындықтар өтпеді дейсіз. Алайда Махаң бойындағы

қайрат, қиындықтың бәрін жеңе білді, ол кісінің ел байлығын игеруге қосқан үлесі ұланғайыр екендігі бүкіл Балқаш өңіріне мәлім. Шапқан аттай, соққан желдей, жауған қардай, аққан селдей мына жалған дүние де өтер. Бірақ елге, халыққа еткен жақсылықтың ешуақытта ұмытылмайтыны, таза көңіл адал істің мәңгілік жасайтыны хақ!

Өткен тарихты ұмытуға болмайды. Балқаш қаласының өсіп-өркендеуіне өндірілген мыс қана емес, көлдің балық шаруашылығы үлкен рөл атқарғанын естен шығаруға болмайды. «Өзен жағалағанның өзегі талмас» – дегендей ашаршылық жылдары осы өңірді жағалап, балықпен күн көгендер туралы білесіздер. Кеңес Одағы кезінде шілде айының екінші демалысында балықшылар мерекесі аталып өтуші еді.

Жылына 10-15 мың тонна балық аулап, халықтың дастарқанын молайтқан кәсіби балықшылардың дүбірлі тойы Ақөлең ауылы азаматтарының, оның ішінде балық шаруашылығына еңбегі сіңген аудандық маслихат депутаты Қордахан Түсіпбековтың қолдауымен Балықшылар күні қайта жанданып, жыл сайын дәстүрге айналғанын естіп, естелік жазып отырмын.

*Нұрғазы Нұрмұхамбетұлы,
еңбек ардагері.*

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫНЫҢ КЕМЕЛ ШАҒЫ



«Ауылына қарап азаматын таны». Қазақтың осы сөзін білмейтін адам жоқ шығар. Ел үмітін үкілеп, сенімін ақтау жолында іске белсене кіріскен халық қалаулыларына да қаратып айтылар сөз екен.

Кеңес Одағы құлағаннан бері саналы ғұмырын ауылдағы жұртшылықтың салауатты өмірін қалыптастыру бағытына өзінің іскерлігімен үлес қосып, жерлестерінің аманат-тілектерін иығымен көтерін, депутаттық мандатты қолына алып, атқа қонғалы біраз уақыт болған Түсінбеков Қордахан Жаңабекұлы деп айтуға болады.

Әңгімелесе қалсаң болды, айтатыны:

– Мен осы аудандық мәслихатқа үміткер ретінде бәсекелестікке мансап үшін құлшынып, бақ сынасқалы түскен жоқпын. Мені мазалайтын шаруа, халқым қатарынан 4 рет дауыс берген соң, туған еліме, халқыма қызмет ету, – дейді.

Қордахан Жаңабекұлы өзінің саналы өмірін балықшылар ауылы – Ақөлеңде бастап, кезіндегі Балқаш көлінің негізгі шаруашылығы балық өндірісінің автокөлік саласында 25 жыл үзбей қызмет жасады. Тынымсыз ізденіс үстінде жүрген, қалтқысыз қызмет атқарған жылдар Қордаханға жемісін берді де. Халықтың қалаулы баласына айналып, мақтау-марапаттарға да ие болды. Біреу білер, біреу білмес өз басым кездескен

сайын депутат ретінде «не істеп жүрсін?» деп есеп алып қоямын. Қоныстағы тұрғындардың негізгі мәселесі баспана, су, жарықпен қамтамасыз ету. Әсіресе, қыста жылу болмай, көп-қабатты үйлерден халық көшіп кетті. Бәрі де бір қазандықтың жетіспеуінен. Осы мәселені аудандық мәслихат сессиясында көтеріп, жаңадан келген аудан әкімі Ғабдірахман Омаров екеуі Шашубай кентінде жақында 3 қазандық салуға қол жеткізді. Барлығы 4 көпқабатты үйге (300-дей жанұя) жылу берілді. Алла қайырын берсін, бұдан артық не керек. Ауылға 70-тен аса жан-ұя қоныстанды.

Бұл да болса Қордаханның 60 жасқа келгендегі аз да болса халқына жасаған жақсылығы деп білеміз. Елге жасаған еңбегіңіз жана берсін.

*Нұрғазы Нұрмұхамбетұлы,
еңбек ардагері. Шашубай қонысы*

A decorative rectangular border with a repeating pattern of stylized, symmetrical motifs, possibly inspired by traditional Islamic or Central Asian art. The border is black and frames the central text.

**АЗАМАТ
КЕЛБЕТІ**

ЖАҚСЫНЫҢ КЕМЕЛ ШАҒЫ



Адамға сенімді назар салып, байыпты қарайтын, жүрген ортасында өзіне Алла сыйлаған бекзат қалпымен орынды сый-құрметке бөленген Нұрғазы ағамызбен ширек ғасыр мұғдарында таныс едім.

1977 жылы ақпан айының 18 жұлдызында Озерный (қазір Шашубай ақын атында) поселкесіндегі Балықшылар клубында жаңа құрылған Приозерный ауданының алғашқы ұйымдастыру тұрғысындағы партия-шаруашылық активі болды. Алқалы жиналыста Қазақстан КП аудандық комитетінің екінші хатшысы болып Нұрғазы Нұрмұханбетов жолдас сайланды.

Жиналыста жаңа ауданның құрылуы – өндірісті Балқаш қаласының тұрғындарын ет, сүт, жұмыртқа, балық, көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз етуді жақсартуға беру ниетінен туындап отырғандығы баса айтылды.

Сол жиналысқа Ақтоғай аудандық «Арқа енбеккері» газетінің (қазіргі «Тоқырауын тынысы») тілшісі ретінде қатысып, «Мысты өлкеде жаңа аудан» атты репортаж жазып қайтқан едім.

Бүгін біз «солай еді», – деп жазып өткен сол уақыт алға тартқан міндеттердің үрдісінен шығу үшін сарабал білім, ұйымдастыру шеберлігі, күш-қайрат

керек болатын. Жігіттің нары көтеретін жауапкершілік еді. Екінші хатшы Нұрғазы осы жауапкершілікті сезінді, нәтижелі іске бекінді.

Аудан 13,8 мың шаршы шақырым ұлан-ғайыр жерді алып жатты. Онда Гүлшат, Саяк, Озерный, Сарышаған поселкелері, Айыртас, Қарабұлақ, Кусақ, Тораңғылық, Тасарал, Ортадересін елді мекендері орналасты. 30 мыңнан аса халық тұрды. Орда бұзар отыз бес жастағы Нұрғазының алдында шешімін күткен қыруар шаруа күтін тұрды. Ұйқы азайып, жүріс көбейді. Ауыл шаруашылығының таусылмайтын науқанына жасынан көзі қанып, көңіліне тоқып өскен малшының баласы Нұрғазы абдырамады. Шаруашылық басшыларымен ақылдаса отырып, ортақ істің жемісті болуына ұйтқы бола білді. Ауданда мал басын өсірумен қатар, жемшөп базасын жасауды ойластырды. Балық шаруашылығына жіті назар аударылып, 1983 жылы жылына 16 млн. дана қалбыр балық консервісін шығаратын зауыт іске қосылып, балық өнімінің түрлері молайды.

* * *

Нұрекең екінші хатшылық қызметті табан аудармай он жыл атқарды. Ауданның зиялы қауымы ортасында, еңбекші бұқара арасында «өзіміздің Нұрекең» атанды. Қызмет бабын пайдаланып, ешкімге зәбір, жапа шектіруге, жазықсыз жазалаудан бойын аулақ салды. Шаруашылық басшылары мен партком хатшыларының мақсатын бір арнаға бағыттауда өлшеусіз еңбек сіңірді. Қашанда парасат биігінде болуды мақсат етіп, сол тұрғыда қызмет етті. Шаруашылық жүргізудің механизмін жетік білетін Нұрекең аудандағы әр шаруашылықтың мүмкіндігін саралап отыратын. Кейде шаруашылық басшылары бірінші хатшыдан «жерлеп»

шыққанда алды кең, пайымы жоғары Нүрекеңнен жылы қабақ танып кеңес алып, марқайып қалатын да, жұмыстарына алаңсыз ден қоятын. Нүрекең маман кадр мәселесіне қатты қарайтын. Ол кадрларды онды-солды айырбастай беруді қаламайтын. Төңірегін тануына жол ашатын. Өйткені өзі де аудан басшылығына келгенше парасатты жандардың ортасында болып тәлімді тәрбие көрген еді.

1964 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітіріп, жолдамамен Жаңаарқа ауданының «Жеңіс» совхозына келді. Сол совхоздың №1 бөлімшесінде зоотехник болып еңбек жолын бастады. «Бөлімше меңгерушісі Сейтмағанбетов Жәтімен деген кісі болды. Кісілігі зор, тәлімі мол адам еді», — деп еске алады Нүрекең алғашқы басшысы жайлы. Үш айдан соң совхоздың зоотехнигі қызметіне жоғарылатып жіберді. Ойламаған шаруам болатын. Совхоз директоры Жұмабек Ыдырысов (қазір 75 жаста) ауыл шаруашылығы өндірісінің білгірі, 22 жастағы мені жассынбай тәрбиесіне алды. Үйретті, қанаттандырды. Кейін Социалистік Еңбек Ері атанды. Сол совхозда 6 жыл бас зоотехник болып қызмет жасадым. Социалистік Еңбек Ері атанған даңғайыр шопан Сатан Ысқақовтың отарында егіз туатын саулық қойдың тұқымын топтастырып, ғылым негізінде жұмыс жүргіздім. Көкейге қонымды нәтиже берді. Қазақстан комсомолының XII съезіне делегат болып қатысып (1970 жылы) сол жолы қазіргі Елбасымыз (Теміртаудан делегат) Нұрсұлтан Назарбаевпен кездестім. Жаңаарқа аудандық партия комитетінде, Жезқазған облыстық партия комитетінде жеті жылдан аса нұсқаушылық қызмет атқардым. Алматы Жоғары партия мектебін бітірдім. 1987 жылы Приозерный аудандық партия

комитетінің екінші хатшылығынан Балқаш кен-металлургия комбинатының, агрокомплексінің директорлығына жіберді. Metallургтерді азық-түлікпен қамтамасыз етуде бұл жерде де тиянақты жұмыс жүргіздік. Он екі жылдан аса «Балқашбалық» акционерлік қоғамында директордың әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары, кәсіподақ комитетінің төрағасы болып қызмет істедім. Еліміздің тәуелсіздік алған күнін мен осы балықшылар ұжымында жүрек жарды қуанышпен қарсы алдым. Ұзақ жыл партия қызметкері болғанда мен халқымыздың салт-дәстүріне, діні, діліне, тіліне бағытталған саясатты сезбедім десем кеңкелестік болар еді. Сездік. Шамамызға қарай өнер адамдарын қолдап, ел ішінде тамырланып кеткен салт-дәстүр жалғастығына ықылас білдіріп жүрдік. Ашық айтпасақ та Алламызды ұмытпадық. Менің ертеректе жазылған «Аллаға тағзым» атты өлеңім бар.

Тіршілік құдай берген ғұмыр еттім,
Алла демей мен қашан қыбыр еттім.
Өмірде адассамда, жөн бассам да,

Бұйрығы ғой барлығы құдыреттің, – деп әңгімесін түйіндеген Нұрекең маған өткен жылы Алматы қаласында басылған «Өлеңмен өмір көңілді...» атты көгілдір мұқабалы кітабын ұсынды. Кітаптың алғы сөзінде: «... Өмірден көрген, көңілге түйгендерін ой елегінен өткізіп, қағаз бетіне түсіріп отыратын ақын жандылығы бар, Нұрекең – ұлағатты, майда мінезді адам. Ұлтымыздың барлық жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп, сонымен маңайындағыларға үлгі-өнеге болып жүреді», – деп жазады журналист Елеусіз Айдарханов. Дұрыс берілген баға. Алып-қосары жоқ. Бүгінде асқаралы алпыс жасқа толып отырған Нұрғазы Нұрмұханбетов үлкенге іні, кішіге аға бола білген азамат. Қадірменді

отағасы Нүрекең өмірлік жары Тишкен Әлкенқызы мен бақытты ғұмыр кешіп, немере қызығына кенеліп отыр.

Өзіне тән еңбеккерлігімен кейінгі жылдары мемлекеттік еңбек инспекторларының Балқаш бөлімшесі бойынша бөлім бастығы қызметін абыроймен атқарып келеді. Нүрекең бұл ортаға да тез үйренісіп, ақжарқын мінезімен төңірегін шуаққа бөлеп, ынтымақты жұмысқа үйіріп отыр.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», – дейді халқымыз. Ел ортасында есімі ардақталған Алаштың бір азаматы, ақсақалдық жасқа қадам басқан азаматқа жасай бер, – дегіміз келеді.

Қ.АЙТЖАНҰЛЫ,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



Бұл суретке 1976 жылдың жазында Жезқазған қаласында өткен әнші-күйшілердің кезекті бір байқауынан соң, Metallургтер сарайының сырт жағында түскен едік. Содан бұл сурет кімде екені ұзақ жыл белгісіз болып келді. Бірде сол кезде Жезқазған облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, кейіннен Тоқырауын аудандық партия комитетінде екінші хатшы болған Нұрғазы Нұрмұхамбетовпен суретке түскеніміз есіме түсті. Содан Нұрғазы бауырыма Нарманбет аулынан Балқашқа қарай шығар жолдағы көпір үстінде кездесіп қалғанда, амандықтан соң сол фотосурет бар-жоғын сұрадым. Ол бар екендігін айтты. Бұл осыдан жиырма шақты жыл бұрын еді.

Осыдан екі жыл бұрын Нұрғазымен Балқаш қаласында тағы кездестім. Бұл жолы әдейілеп сұрап алдым. Өйткені, бұл сурет мен үшін көненің көзіңдей, асылдардың өзіндей қымбат жәдігер және енді өмірі қайталанбас қазына еді. Ортамызда қазір жоқ, бір кездері өзіміз қатар жүрген өнер тарландары Игілік ағамыздың,

достарымыз Гүлбаршын, Бектұрсындардың жарқын жүзін анда-санда болса бір көрудің өзі неге тұрады.

Нүрекең текті, арналы азамат қой, құр суреттің өзін қалай болса солай бере салмай, оны дискіге түсіріп, арнайы пакетпен әкеліп менің қолыма қастерлеп ұстатқанының өзі көңілімді қатты толқытты.

Сонымен, суреттегі жансыз бейнелер: достарым (солдан оңға қарай) Арқаның ақиық әнші-күйші өнер тарландары Нұрғазы Нұрмұхамбетов (ол кезде облыстық партия комитетінің нұсқаушысы), әнші ағамыз, ұстаз Игілік Омаров (Жаңаарқа ауданы, «Жеңіс» совхозы), әнші, ұстаз Гүлбаршын Ақпанова (Ағадыр ауданы, Ақшатау кенті), әнші, заңгер Оралтай Сүлейменов (Ақтоғай ауданы), күйші, ұстаз Данилия Хамзин (Ақтоғай ауданы, «Қоңырат» совхозы, атақты күйші Мағауия Хамзиннің інісі), ұстаз, өнер тарланы, сахна серкесі Бектұрсын Шортанбаев (Ақтоғай ауданы, кейін облыстық филармонияның директоры болды).

Осы естелік суретті ұсына отырып о дүниелік болып кеткен бауырларыма «жатқан жерлерің жарық, топырақтарың торқа болсын, артта қалған ұрпақтарың аман болсын» деп Алладан тілеймін. Ал қазіргі барларыңа тек амандық тілеймін. Осы суретті ұзақ жылдар бойы сақтап келген Нұрғазы бауырыма мың алғыс.

*Оралтай СҮЛЕЙМЕНОВ, әнші, заңгер.
Қарағанды қаласы.*

ШАШУБАЙ КӨШЕСІНДЕГІ ШАШУЛЫ ТОЙ



Қашан да тойдың болғанынан боладысы қызық. Шашубай ақынның 145 жылдығы қарсаңында жер-жерде мерекелік шаралар өткізіліп, үш буынның басын қосуда. Бүгінгі жас жеткіншектер Шашекеңнің Алла берген талантты өнерімен танысып, сусындаса, орта жастағылар Шашекең жайлы оқыған естелік жырларын, көнекөз қариялар көріп-білгендерін ортаға салуда. Шашубай қонысында Шашекең атындағы көше бар. Олар былайша жырлайды:

Жактырмаймыз даңғаза бүрмекті біз,
Шашекең – әрқашан да құрметтіміз.
Бұл көшеде тұратын ұрпақтары,
Биіктен көрінуге міндеттіміз.

Шашубай көшесінің тұрғындары тонның ішкі бауындай ұйымдасып, ақынның есімін асқақтатып және бір жаңғыртуға бел буыпты. Той жетекшісі, жүргізуші, жасы 70-ті алқымдаған, ақын жанды Нұрғазы Нұрмұханбетұлы. Нұрекең бір кездегі Тоқырауын ауданында басшылық қызметте болған, Шашубай қонысында тұрып, аһарлы-шаһарлы отбасына айналды. Көше тұрғындары күн арқан бойы көтерілісімен Шашубай Қошқарбайұлының «Жеңіс» мәдениет үйінің алдындағы ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Содан кейін Шаушбай көшесінің бойында

мерекелік шаралар басталды. Той тізгінін қолына алған Нұрғазы ақсақал айтыстың ақтанкері жайлы ақпар жасады.

- Халық ақыны, әнші-сазгер, Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері Шашубай Қошқарбайұлы 1865 жылы туған. Орта жүз Арғын атаның Тобықты руынан тарайды. 1952 жылы қайтыс болған. Шашекең он жасынан бастап өлең шығарған дейді. Домбыра шертіп, сырнай тартып, ел ішінде ән салған. Оны өзінің жырынан да байқауға болады.

Жезтайдай мен қазақтың Шашубайы,
Кіреді сөйлеп кетсем, сөз шырайы.

Жамбылмен үзеңгілес, сұңғыламын,

Саңлақ деп үкілген ел шынайы, – деп бүкіл Сарыарқаны, Жетісуді ән мен жырға бөлеген дарабоз дүлдiл едi. Шашекең талай-талай сал-серi, ақындармен жүздескен, өнер сайысына түскен. Шашекеңдi көшпелi қазақ елiнiң театры, дала циркi, қазақ эпосының архивi, бесаспап өнерпаз деуге әбден болады. Өнер пырағын ерттеп мiнген Шашекеңнiң ақындық, әншiлiк болмысы, өнер мәнерi өз алдына бiр мектеп десеу, қателеспеймiз. Ұлы Отан соғысы жылдарында Шашекең отты жырларымен жауынгерлерге қанат бiтiрiп, жiгерлендiрiп отырды. Сол тұста арқалы ақын Балқаш мыс зауытының жұмысшыларымен кездесiп жүрдi. Жұмысшы-мамандардың алдында жыр толғады, ән шырқады. Бiр басына Алла үйiн-төгiп берген өнердi аямай көрсеттi, халықтың жеңiске деген үмiтiн жалғады, Отандық рухты насихаттады. Ол «Құрмет белгiсi» орденiмен марапатталған. Шашекеңнiң «Ақ қайың» әнi. Кезiнде асқақ үндi әншi, жерлесiмiз Манарбек Ержанов орындаған. Ал, 1990 жылы Шашубай ақынның 125

жылдық мерейтойында талантты әнші, қайталанбас керней үнді Асылмұрат Ахановтың орындауында шырқалып, тиісті бағасын алды. Осы тойдан кейін «Ақ қайың» әні қайта түледі деуге болады. Бүгінде талантты әншілер Дәурен Әркенов, Аққыз Құнарбекова, Мейрамбек Зайытқажы осы әнді келістіре шырқап жүр. Ал, Шашубай көшесінің тұрғындары үшін бұл ән әнұран сияқты.

Ақынжанды Нұрекең өзінің хабарламасын Шашекеңе арнаған жырымен түйіндеді:

Шашекеңнің өзгеден артық сөзі,
Театр да, цирк та, ақын да – өзі.
Ескі мен жаңа заман арасында,
Бұйырған бүгінгі күн сарқыт та өзі.

Тамсанған жасы менен кәрі көзі,
Сал да өзі, сайрандаған сері де өзі,
Сегіз қырлы, жаратқан бір сырлы етіп,
Тендессіз жыр думанға «пері» де өзі.

Табиғат үйіп-төккен кәдесінен,
Сан өнері кетпей жүр ел есінен.
Бес саусаққа құрықты ойнатыпты,
Ат үстінде шаншылып, төбесімен.

Шөже, Біржан, Кемпірбай – ұстаздары,
Жамбыл, Әсет, Естайлар – тұтастары.
Кенен, Нартай, тағы да шәкірті мол,
Шашекең мәңгілікке із тастады.

Шашубай көшесінің ең үлкен тұрғыны, кент ардагерлері кеңесінің төрағасы А.Сәтмағанбетов,

кенттің имамы Төлеген қажы, аудандық мәслихаттың депутаты Қордахан Қасымұлы, тағы басқалар естелік айтты.

Шашекеңнің өнерін насихаттауға кезек берілді. Көше тұрғындарынан «Ақ әжелер» тобы құрылыпты. Шашекеңнің әндерін шырқады. Ал, мектеп оқушылар Шашекеңнің айтыс жырларынан үзінді оқып, көше тойының шырнайын кіргізді. «Қара жорға» биі бүкіл қазақ еліне рухани серпіліс жасаған іс-әрекетке айналды. Шашекең көшесінің тұрғындары, келген қонақтай «Қара жорға» биін асқан сүйіспеншілікпен билеп, жұртты жадыратты.

Одан кейін спорт ойындарына кезек берілді. Шашекең цирк өнерін бір кісідей меңгерген ғой. Бүгінгі жас ұрпақ кішкене алаңға шығып, жиналғандар алдында өнер көрсетті. Бірі сайқымазақ, бірі ңирк артисі, бірі шабандоз дегендей. Арқан тартыс, салмақ көтеру, футбол додасы ауыл жастарының басын қосып, арқа-жарқа күй кешті.

Шашубай көшесіндегі Шашекең тойы алда болатын үлкен мерекенің бастауы іспеттес. Шашекең ұрпақтары зор талант иесіне тағзым етіп, тәуелсіз елдің бір кірпіш болып қалануда.

Соңынан ақын әруағына бағышталып құран оқылды.

*Оралбек Жүнісұлы,
«Орталық Қазақстанның» меншікті тілшісі,
Ақтоғай ауданы.*

ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ ІРГЕСІ НЕГЕ ШАЙҚАЛДЫ?

Еңбек ардагері Нұрғазы Нұрмұхамбетұлы Жезқазған облыстық партия комитетінде, аудан көлемінде басшылық қызметте болды. Тоқырауын аудандық партия комитетінде екінші хатшы болып, абыройлы қызмет атқарды. Білікті маман, ұлттық құндылықтарымызды жоқтап жүрген қадірлі жандардың бірі. Ақынжанды ағамыз «Өлеңмен өмір көңілді...» атты жыр кітабын шығарған, қоңыр даусымен әуелетіп ән салады.

Таяуда қадірлес Нұрекеңе ауылды дамыту жайында өз ойын ортаға салуды өтінген едік.

– Не нәрсеге уақыт өз бағасын береді. Менің ойымша қанша нарықтық экономика болса да мемлекеттік реттеу мәселесін қатар алып жүру керек. Бүкіл әлем мемлекеттері осыған қайта оралып жатыр. Бұл идея меніңше өміршен. Бұрынғы колхоздарға, кеңшарларға және басқа да ауыл шаруашылық, мал өнімін өндіретін мекемелерге меншіктің барлық түрлеріне жол ашық болған. Кезінде меншіктің акционерлік түрін таңдау арқылы ұйыған ұжымдарды көріп, естіп, солар дұрыс істеді деп ойлайсың. Алысқа бармай-ақ Жаңаарқа ауданындағы «Жеңіс» кеңшарын алайын. Әрине, оның да өз қиындықтары бар шығар, бірақ ұжым тарқаған жоқ, шаруашылықта 40 мыңдай қой, 3 мыңдай жылқы 4-5 фермада, сол қыстауларында сақталған. Директоры ол кезде облыстық Мәслихаттың депутаты, марқұм Нұрғали Кенжетәев деген азамат болатын. Мен де кезінде сол шаруашылықта зоотехник болып 5-6 жыл істедім. Кеңшар (совхоз) аты өзгергенмен ұжым

орнында. Екінші мысал, «Балкашсүт» зауыты бірінші күннен бастап АҚ құрып, қазір бүкіл қаланы сүт өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр. Оның директоры В.Лоғвиненко іскерлік танытты. Естуімізше осындай ұжымдар (бұрынғы колхоз, совхоздар) республикада әлі де сақталған сияқты.

Еліміздің экономикалық жағдайы тұрақтанған соңғы жылдары мемлекет ауылға, ауыл шаруашылығына барынша көмек беріп келеді. Әіресе, ауыл жылы деп аталған 2003-2005 жылдардан бастап мемлекеттік қолдау еселене түсті. Ал енді 2005 жыл ішінде шілде айы болуы керек «ҚР-да агрокәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заң қабылданғаннан кейін көрсетілген көмек шаралары бір жүйеге түскендей болды. Әйтсе де ауылдың жағдайы әлі де мәз емес.

– Неге? – Оған себептер толып жатыр. Техникасы ескі, жаңасы қымбат. Жолдары жарамсыз, байланыс қиын. Өсірген малды сату, сақтау, өнімді өндеуде проблема көп. Ауылшаруашылығын өркендетуге төменгі сатыларда жауапкершілік аз. Бұл менің өз пікірім.

«Орталық Қазақстан» газетінде журналист М.Сембай көптің көкейіндегі ойды дөп басып, проблемалық материал жариялады. Көтерілген проблеманың бәрі ойымнан шыққандай, оның үстіне көзбен көрін, көңілге түйіп, «әттең тонның келтесі-ай» деп жүрген, кезіндегі мал маманының біріміз.

– **Әңгіме арасында жауапкершіліктің жоқтығынан дедіңіз. Маман ретінде нақтылай айтсаңыз.**

– Менің ойымша үкіметтің бөлген қаржы көмектерін дұрыс ұйымдастырып, жүргізіп отыратын жауапты адамдардың жоқтығы. Көңілдеріне келмесін, әкімдерде мал шаруашылығын өркендету жөніндегі талап қою

жоқ сияқты. «Дайын асқа тік қасық» шыны бар, өтірігі бар мәлімет алып отыруды әдетке айналдырған. Ойлап отырсам, әркім өз күн көрісі үшін малын өсіреді, шаруасын істейді, қиындыққа көнеді. Ал сұраныс, таппа болмаған соң ауыл шаруашылығы кімге керек! Олар (жергілікті әкімдер) менің ойымша фермерлердің, жұмысына араласпайды. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» демекші, әркім өзінің бірлі-жарым ие болған мал басын өсірумен қазіргі дағдарыстан шығудың қамын жасап отыр. Жасыратыны жоқ, мұсылмандық парызбен ислами экономикалық қарым-қатынастар қалыптасуда. Тұрғындар арасында біріне-бірі өсімсіз қарыз беру, зейнетақы, жалақы алғанша иындамдылық жасау сияқты үрдістер кең қанат жайып келеді.

– Дәл қазіргі таңдағы ауылда мал өсірудің жағдайын қай тұрғыдан бағалар едіңіз?

– Қуанарлығы сол, бүгінде 1999 жылдарға қарағанда ауылдағы тұрғындардың мал өсіруге бейімделіп, оны ысырап қылмай ел игілігіне пайдалануы. Фермерлер саны көбейді. Ал елде қанша мал бары екеніне шынайы есеп жоқ. Себебі, кім салықты артық төлегісі келеді. Жылқы далада, қой қорада, оны санап жүргендер жоқ. Бар болсын, көп болғаны жақсы. Бірақ оның өнімдерін өткізуден қиын нәрсе жоқ. Үкімет бағдарламасындағы мал бордақылау алаңдарын жасап, мал сою пункттерін құрып, мал өнімдерін неге экспортқа жібермеске? Өсіресе, мал сою пункттерін ұйымдастыру барлық жағынан пайдалы екенінде дау жоқ. Оған үкімет тарапынан қамқорлық болмаса, жеке кәсіпкердің қолынан келмейді.

Шаруалардың, фермерлердің ұжымдасуын Елбасы айтпай жүрген жоқ. Егер олардың бастары бірігіп, ірілендірілсе нұр үстіне нұр болар еді. Ертеде ТОЗ,

Артель, колхоздар болып бірігіп, ауыл шаруашылығы қалай өркендеді? Әсіресе, колхоздардың барлығы табысты болмап па еді? Оның мысалдары өте көп.

Меніңше мемлекет көрсеткен көмегіне қарай талап қою керек. Компартияның кемшілігі де болған шығар, бірақ жұмысқа деген жауапкершілікті арттырып, тиісті шаралар қолданып отырған. М.Сембайдың мақаласындағы обком бюросының қаулысымен біткен ірі құрылысты алайық. Салыстырмалы түрде Президент әкімдердің күшін өз территориясында бұрынғы обком, райкомның бірінші хатшылармен теңегенін еске алсақ, қазіргі «Нұр Отан» ХДП партиясы ауыл шаруашылығына көңіл бөлмегендерден неге жауапкершілік сұрамайды деген ой келеді. «Нұр Отан» ХДП саяси кеңесі бюросында Елбасы: «Бүгінгі күні аграрлық секторға үкімет 1 млрд. доллар бөлу туралы шешім қабылдауы тиіс. Бұл қаражаттың бір бөлігі өңдеуші кәсіпорындар құруға жұмсалды», – деп мәлімдеді.

Елбасының айтуынша үлкен қалалардың іргесінен жылыжай, құс шаруашылығы, ет өңдеу, тері өңдеу кәсіпорындары ашылмақ. Бұдан басқа ауыл шаруашылығы секторы бойынша үш жылдық бюджеттен жыл сайын бөлінетін субсидиялар да сақталып қалатындығы айтылған. Бүгінде «Нұр Отан» партиясы ел тағдырын өз мойнына алып отыр емес пе? Жауапкершілігі ауыр, сондықтан ауыл шаруашылығын айта отырып, әлемдік дағдарыстан шығу бағдарламасы жөнінде әрбір нұротандық (барлық ел басқарып жүргендер) ойланса деймін. Жалғыз Президент дағдарыстан алып шығады деп қарап отырсақ қисынсыз. Әр іске жұдырықтай жұмылғанымыз жөн. Ауылды өркендетуге де жұмыла кіріскеніміз дұрыс болады.

Мал шаруашылығын өркендету, дамыту, бірнеше сатыдан тұрады. Жемшөп даярлау, мал тұқымын асылдандыру, мал өсіру, жер, су дегендей осының бәрі сол малды өсіруге байланысты. Атам қазақтың «мал-жан аман ба?» деп сәлемдесуінде үлкен мән бар. Айтып жүрген денсаулықтың, ұзақ өмірдің қазіргі жағдайын экологияға сілтейміз. Менің пікірімше «ауру астан» екенін де мойындауымыз керек.

Күнделікті көріп жүрген оқиғалар, мал базары немесе қаладағы жер үйлердің қорасында сақталған малды алайық. Сол жерде сатқанша ұсталады. Әлгілердің ішінде семіз, арық, ауру, ақсақ-тоқсақ дегендей неше түрлісі кездеседі. Әрине, олардың иелерін кінәлаудан аулақпын. Малды қандай қиындықпен жеткізгеніне жаның ашиды. Семіздері өтіп, арықтары қалады деп ойлайсыз, олардың да өз алушылары бар. Етті пайдакүнемдер арзанға алып, семіз малдан жоғары бағаға өткізбесіне кім кепіл? Әсіресе, қоғамдық тамақтандыру орындары, жекелеген кәсіпкерлер арық малдың етінен неше түрлі тағамдар жасап, өткізіп жүр ғой. Базарды, бизнесті реттеуге шама келмес. Ал қоғамдық тамақтандыру орындарында, асханаларда ет өнімдерінен жасалған тағамдарға қатаң бақылау орнатуға болады ғой.

Журналистің мақаласында «дәрігер адамды емдейді, мал дәрігері адамзатты емдейді» деген нақыл сөз орынды айтылған. Осыған байланысты айтайын дегенім, жақында облыс орталығында мал дәрігерлік зертхана жаңа үлгімен салынып, пайдалануға берілді. Оның жұмысын өз дәрежесінде жүргізіп, әрі қарай дамыту үшін мал дәрігері қызметінің ролін арттыру бірінші кезекте болуы керек. Бұл мамандық тікелей үкімет қарауында болғаны дұрыс. Ол үшін қазіргі мал

дәрігері қызметіндегі мамандардың ұсыныс-тілектерін Парламентте заң жүзінде қабылдап, бұрынғы «Мал дәрігері туралы» заңға өзгерістерді қазіргі талапқа, жағдайға сай енгізуді қолға алу дұрыс сияқты.

Ауылдағы малдың есебі, одан шығатын өнімдер түгелдей мал дәрігерінің қолынан өткені дұрыс. Заңға байланысты мал өсіріп, оның өнімін сатудың ережелерін жасаса деген ұсынысым бар.

Мал шаруашылығы – көп салалы, қой, ірі қара, жылқы, түйе, құс, т.б. Әрқайсысына пікір ұсыныс айтуға болады. Газетте науқаншылдық мақсатында емес, ұлттың мүддесін терең ойлаған түсінік дәрежесінде мәселе көтерілді. Иә, Хрущев алған байталды Брежнев бізге қайтарды, кезінде солай болған. Мен айтар едім, қайтып келген байталды жауапкершілік жоқтықтан іске асырмау байқалды. Ұжымдасу жоқ болып, шаруашылық шайқалды.

Өткен іс өтті. Өкініштің ащы сабағы болады. Мал шаруашылығындағы кейбір өкініштерді басшылыққа алып, қателікті түзеуге ұмтылған ләзім. Мал болмаса ауылды қай тұрғыдан көз алдыңызға елестете аласыз? Жасыл жайлау, шұрайлы тебін, мыңғырған қой, табын-табын ірі қара болмаса ауылдың сәні де жоқ.

*Сұхбаттасқан: Оралбек ЖҮНІСҰЛЫ,
«Орталық Қазақстанның» меншікті тілшісі.
Ақтоғай ауданы.*

ЕҢБЕКТИ ЖЫРЛАУ АЗАЙҒАНДА, ҰРЛЫҚТЫ ЖЫРЛАУ КӨБЕЙДІ

Ауыл шаруашылығының білгір маманы, ұзақ жылдар бұрынғы Тоқырауын ауданында басшылық қызметте болған Нұрғазы Нұрмұханбетұлы қазақ аулы жайлы өз ойымен бөліседі.

– Өмір алға қарай жылжып барады. Қазақ дегеніміз – ауыл. Мұны бір сәт те естен шығаруға болмайды. Менінше, ауылдағы еңбек адамдарын құрметтеу дәстүрін қайта жандандыру керек. Шындығын айтайық. Елімізде ауыл шаруашылығы саласы өнеркәсіпке қарағанда артта қалды. Мамандығыма байланысты осы сала туралы көп оқимын, көп тындаймын. Бір кісідей тәжірибем бар деп ойлаймын. Әсіресе, мал шаруашылығының дөңгелегі теріс айналууда. Мұны мамандардың өздері де мойындайды. Ата-баба кәсібін ыңғайға, бір жүйеге келтіре алмай жүрген жайымыз бар. Бұрынғыдай мыңғырған мал айдау, әсіресе, кен байтақ Қарағанды облысында арманға айналғалы қашан. Жалпы, мал санының аздығы, мал тұқымын асылдандыру жұмыстарының шалалығы, тағы басқадай күрмеуі көп күрделі мәселелер мал шаруашылығын жарға жығатын түрі бар сияқты. Мысалы, статистикаға үңілсек, тек қана ет көрсеткішін алайық. Қазақстан бойынша 1990-1999 жылдарда еттің экспорты 180 мың тонна, 2009 жылы бар-жоғы 300 тонна, 2010 жылы түк те жоқ – 0. Не деген сұмдық, ауылды қалай өркендетеміз? Малшыларды, бақташыларды, осы шаруашылық мамандарын қалай көбейтеміз деген сұраққа жауап табамыз ба?

Енді біздің барынша назар аударатын саламыз

мал шаруашылығы болуы керек, одан біз аса мол пайда табамыз. Бізде барлық мүмкіндік бар, соны дұрыс пайдаланбай отырмыз. Асыл тұқымды малдың үлесі 60 пайызға жетпейді. Соны сатып алуға аса мол каражат қарастырылды. Ал, «2020 жылға қарай 180 мың тонна ет өндіретін болсақ, шыққан шығынның бәрін етпен қайтаруға болады», – деп айтқан еді Елбасы Н.Назарбаев.

Жарайды делік, шет елден асыл тұқымды мал алып келсін, отандық етті де өндірсін, экспорттасын. Бірақ әуелі дәл қазіргі таңда тығырыққа тірелген мал шаруашылығындағы, жалпы, ауыл шаруашылығындағы қордаланған мәселелердің түйінін тарату қажет сияқты. Осы жерде айта кететін мәселе, әр аймақтан сайланған мәжіліс депутаттары жер ерекшеліктеріне қарай ауылды дамытудың, мал шаруашылығын көтерудің жолдарын неге қарастырмасқа? Қордаланған мәселелер өте көп, ол туралы БАҚ-та жазылып та жүр. Мысалы, былтырғы жылы «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы Мағауия Сембай мырза «Маленьков берген байталды, Хрущев келіп қайта алды» атты көлемді мақаласы жарияланып, оған мен де пікір қосқаным есімде. Өкінішке қарай, қазір пікір айтатын мамандар да жоқтың қасы.

Қазақстанның жер көлемі ауқымды болғанымен халқы аз, меніңше жұмыссыздық болмауы керек. Ауыл тоқ болса, қаланың да жағдайы жақсы болады. Сондықтан, молшылыққа жету үшін ауылды қолдаған жөн. Еңсесі түскен мәдениет саласы, құрылыс, білім ошақтарын қайта салуды, тозған жолдарды жөндеуді, ұсақ-ұсақ фермерлердің басын біріктіру – кезек күттірмейтін шаралар. Ауыл деген сөздің өзі – ондағы тұрғындар. Атқарылатын шаруалар, яғни, мал

өсіріп, егін егіп, балық аулап, ауыл шаруашылығын дамытуға болады. Демек, осы міндеттер арқылы ауылдың жағдайын жасауға қол жеткіземіз. Мысалы, қаланы ұстап тұрған сол жердегі өндіріс немесе жеңіл өнеркәсіп емес пе? Қарағанды көмір, темір өндіріп, Балқаш сары алтындай мысымен даңқты болып тұр. Жезқазған, Қаражал да солай. Кейінгі жылдары шаруа қожалықтары уақыт өткен сайын тығырыққа тап болып жүр. Мал азығы жетпейді, мал шығыны көп. Ауыл әкімінен еш әрекет болмайды. Көршілерден, туыстардан еш көмек жоқ. Әркім өз қамын ойлаған заман.

Мемлекет жеке меншіктен тұрмай ма? Бұл ретте айтар едім – бас-басына би болып, жерді болып алғандар ауылды көркейте алмайды, қираған, азып-тозған ауылды қалпына келтіру үшін бірігу керек. Кезінде колхоздардан (ұжымшар) үкімет зиян көрген жоқ еді ғой. Олардың бәрі пайдалы болды. Басшылары, озаттары Социалистік Еңбек Ері атанды. Әр ауылда жұмыс көздері ашылса, билікке, үкіметке өкпелеп амалсыздан туған жерін тастап көшіп кеткен, баспана жалдап, күн көріп жатқан жастар кері қайтатынына сенемін. Ауылдың болашағы – жастар. Ертең ел тізгінін ұстайтын солар. Зиялы азаматтардың бәрі ауылдан шығып жатқан жоқ па?

Ол үшін әр ауылға білікті мамандардан жасақталған комиссия шығарып, жер байлығына байланысты атқарылатын жұмыстардың көлемін анықтаған дұрыс. Жоба құжаттарына орай тапсырыс беріп, сонымен қорытып, облыс бойынша керекті қаржыны анықтап, бюджеттік бағдарламаға енгізу керек. Кейбір керек емес ғимараттарды (сән үшін, мақтаныш үшін) қоя тұрып, соған кеткен есепсіз қаржыны ауылды көркейтуге жұмсаса, ол қаржының күні ертең қайтарымы болары

сөзсіз. Бұл реформаны бүгіннен бастамасақ, ертең кеш болады. Онсыз қымбатшылықтан, кедейшіліктен өмірі құтылмаймыз. Мал өсіріп отырған бір ауылда тұратын кәсіпкерлердің басын қосып, біріктіріп, мал сатып алуға, оны өсіруге екінші деңгейлі банктерден бес-алты пайыз жеңілдікпен ұзақ жылға несие беруді қолға алу керек. Жеке фермерлерге, кәсіпкерлерге бөлінген көмек көзге көрінбейді. Екіншіден, оған бақылау жауапкершілігі жетіспейді.

Алға ұмтылған, шаруаны басқаруға бейім мамандарды қолдаса, жер көлемі, жайылымдары мол Австралия, Бразилия сияқты ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін ет, сүт корольдерінің шығуына жол ашар еді. Мал шаруашылығы үшін біздің Қазақстанды, оның ішінде, Қарағанды облысын Еуропа елдерінің жерімен салыстыруға болмайды. Сонымен қатар, оңтүстік облыстарда халық жиі орналасқандықтан, ауылдың сақталу деңгейі жоғары.

Мынаны мойындауымыз керек. Нарық экономикасының негізгі алғы шарттары да молшылық, бәсеке, сапа емес пе? Ет, сүт, қаймақ, шұжық, қымыз, шұбат, жеміс-жидек сияқты адам ағзасына пайдалы әрі сапалы өнімдерден дүкен сөрелері мен базарды толтырып қойса, кәсіпкерлер арасында бәсеке туып, баға түспей ме? Қара орман халыққа бұдан артық не керек? Мал басының кемуі, бәсекенің жоқтығы азық-түліктің 70 пайызының сырттан әкелінуі қымбатшылыққа әкеліп тіреп отыр. Үкімет бағаның өсуін тоқтатуға дәрменсіз, өндіріс атаулы толық жұмыс істемеген, тек қана шикізат сатып, күн көрген ауыл шаруашылығы құрдымға кеткен елден қандай келешек күтеміз? Ештен кеш жақсы, бұрынғыдай ауыл затына сай мал бағылып, егін егіліп, қара жұмыс қайнап жатса жараспай ма? Ауылда қазір

мектептен басқа ұжым қалмады. Жастар кетіп жатса, ол ауылдың мектебі де жабылады. Мектепте бала саны күрт азайды, осы жағын неге түсінбейміз, ағайын! Үкіметтің ауылды көркейтуге бөлін отырған қаражатын дұрыс пайдалану, ұқсату жокка тән. Көңілдеріне келсе де айтайын, әкімдердің ауыл шаруашылығын өркендетуге тигізіп отырған пайдасы шамалы. Барына риза, жоғына тәубе деп отыра береді. Өркім өз күн көрісі үшін мал өсіреді, кезекпен ұйымдасып малын бағады. Бірін-бірі көре алмаушылықтан дау-дамай туады, ұрлық басталады, тағысын-тағылар. Малдың өсімі, өлімі ешкімге керегі жоқ. Қысқаша айтқанда, осының бәрі жастарды ауылда тұрақтандыруға кері әсерін тигізеді.

Сондықтан, менің ойымша мемлекет көрсеткен көмегіне қарай талап қоюы керек, тез арада әр ауылда ұжымдық шаруашылық (колхоз) құру туралы реформа болмаса, ауылды көркейтеміз деген ұран босқа қалады. «Саусак бірікпей, ине ілікпейді». Әр ауылдың азаматтары, ауылды жоғалтпау жағын ойлап, намыстануы керек. Ауылды сақтау үшін қоғам болып бірігіп, бір-бірлеріңе қол ұшын созуларың керек. Сонда ғана шаруашылық көзі ашылып, істерің алға басады. Әрине, қиыншылықтары да аз емес. Оның бәрін жеңу де оңай емес. Мысалы, жеке шаруалар техниканы алуға шамасы келмейді, біріксең, шаруаң дөңгелейді. Бір ауылдағы бірнеше шаруа иелері бірігіп, ортасынан бір білімді, қолынан іс келетін маманды таңдап, басшы сайлап алса оңды болар еді. Мәселенің тағы бір жағы, адам еңбегінің нәтижесі. Іс тетігін мамандар шешеді ғой. Қазір мал бағатын адам іздеген фермер, кәсіпкерлердің ақпараттарын газет бетінен жиі кездестіреміз. Еңбек етіп жүрген майталмандар туралы очерк, мақалалар жоқтың қасы. Озат, әрі шаруасын дөңгелеткен, халыққа

пайдасы тиіп отырған шаруа қожалықтарының, фермерлердің еңбегін неге насихаттамасқа? «Еңбекті жырлау азайған заманда, ұрлықты жырлау көбейеді» депті бір ғұлама. Бүгінгі сыбайлас жемқорлықтың орын алуы соның кәрі ме деп қаласың. Кезінде «Социалистік жарыс» ұйымдастырылып, оның қорытындысы мен еңбек адамын құрметтеудің шынайы ісін көріп едік. Осындайда бұрынғы кәсінодақ ұйымы, оған басшылық жасаған партия көзге елестейді. Еңбек адамдарын құрметтеу дәстүрін қайта қалпына келтіру керек шығар. Еңбек адамдарының шаруасы жүріп жатса, басшылықтың да, ауылдың да абыройы емес пе.

Ауыл шаруашылығы жеке меншікте болғанымен, оның қожайыны, иесі бар. Қоныстанған жері, аулы, ауданы бар емес пе? Тіпті қаланың ішінде де ауыл шаруашылығы басқармалары бар ғой. Неге сол басқармалар шаруашылық жүргізудің, дамытудың тетігін жасап, ұсынбасқа? Онда істейтін мамандардың жауапкершілігін арттырып, ақылдаса отырып, өзінің саласына қарай тапсырма беріп, орындалысын тексеріп отырса құба-құп. Газет, радио, телеарнадан журналистер келіп, ауыл шаруашылығы туралы ақпарат беріп, игілікті шаруаны насихаттап жатса, қандай жарасымды. Мақтау сүймейтін адам болмайды, мұндайда еңбек адамдарының көңілі марқайып қалмай ма? Баяғыда еңбек адамдары туралы үгіт-насихат қандай болып еді? Шіркін-ай десеңізші. Сол кезде шыққан «Ақ бидай – бүгін шырқар әннің аты», «Ақ мақта», «Жылқышы әні», «Тракторшы қарындас», «Шопан жыры», «Сауыншы жеңгей», т.б. толып жатқан әндер шырқалғанда отандық рухты асқақтатып жіберетін, ауыл еңбеккерлері шаттанушы еді. Бұл да бір шаруашылықты, ауылды көтерудің саяси мәні бар насихаты еді.

Елдің ертеңін жалғастыратын – жастар. Қазіргі заманда не көп, оқу орындары көп. Ақылысы бар, гранты бар. Мектеп бітіргендердің бәрі де жоғары оқу орындарына түскісі келеді. Ата-аналарының, туған-туыстарының көмегімен шамасына қарамай көпшілігі қарызданып-қауғаланып жоғары білім алуды мақсат етіп қояды. Кейбіреулері көңілі қаламаған мамандықты да оқи береді. «Бітірген соң, көре жатармыз» деген пікірде болады. Студент жоғары оқу орнында мәңгілік оқи бермейді ғой. Төрт-бес жыл зулап өте шығады. Әйтеуір, диплом алады. Алғаны неге керек, мамандығы бойынша жұмыс таба алмай жатады. Әр түрлі орта деңгейдегі жұмысқа барғысы келмейді. Жұмыс берушілердің де өз қағидалары, өз принциптері бар. Қайтсен де аласың деген заң жоқ. Бұрынғыдай жолдама беретін министрліктердің де құқығы жоқ. Біздің кезімізде, 1960-1970 жылдары «қой шаруашылығы – екінші тың» деген бастама көтерілді. Оқу бітіргендерді жолдамамен диплом бермей, үш жылға жіберетін. Сонда жастар еріксіз жіберген жерге барып, жұмыс істейтін. Жұртшылық арасында жиі боламыз. Ақсақалдармен әңгімелескенде жастардың оқу бітіріп, жұмыссыз жүргендерін жиі естіміз. Біздің де өз пікіріміз бар. Яғни, балалардың қабілетіне қарай белгілі бір мамандыққа бейімдеу керек. Ең қызығы, кәсіптік білім алуға ықпал етсе қандай жақсы. Сол ретке қарай жоғары білім алуға да мүмкіндік туады. Кезінде СПТУ, ГПТУ-лардың болғанын білеміз. Олар жастарды әр түрлі мамандыққа баулитын. Мысалы, ер балаларды көлік жөндеуші, дәнекерлеуші, механизатор, жүргізуші, сантехник болуға, қыздарды тігінші, шаштараз, аспаз, басқа мамандықтарға даярлайды. Оның барлығы халыққа аса қажетті мамандықтар болатын. Әсіресе,

көл үстінде шағын кемені жүргізетін мамандардың тапшылығынан балық шаруашылығындағы наукандық жұмыстарға қаншама зиян келіп жатыр. Балық шаруашылығы да «онша керегі жоқ» сала болып қалды. Ол туралы үлкен проблемалар өз алдына бір әңгіме. Балық аулауда есеп жоқ, өзен-көл байлығы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Үкімет қаншама пайдадан айрылып жатыр десеңізші. Нарық заманы басталған тұста соның біразынан айрылды, оқу орындары колледжге ауысқанымен, көп жағдайда олардың бұрынғы өндірістік базалары сақталмай қалды. Шашубай кентіндегі кәсіптік мамандыққа бейімдейтін оқу орнының базасы шашылды. Бұрын СПТУ-да оқитындар да шәкіртақы алатын. Осы орта арнаулы оқу орындарын калпына келтіруге қазір үлкен мән берілуде. Қажеттіліктен туындап отыр. Мәселен, «Қазақмыс» корпорациясы Балқаш политехникалық колледжін ашып, өндіріске керек мамандарды дайындап жатыр. Халыққа арнаған Жолдауында Елбасы Н.Назарбаев: «Кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түрде экономикалық қажеттіліктерімен өзара байланыстырылуы керек», – деп атап көрсеткен болатын. Сондықтан, кәсіптік білім беретін оқу орындары жастарды қазіргі сұранысқа сай мамандыққа баулуы тиіс. Ел экономикасы жақсарып келе жатқандықтан, шәкіртақы төлеу қолға алынғаны жөн. Бұл да шешімін тапса – қамқорлық. Әр азаматты мамандық алуға қызықтырудың бір жолы. Халқымыз «кәсіп болмай, нәсіп болмайды» деген. Қандай да бір мамандық алған адам еш уақытта өкінбейді. Ол сол кәсіптік салада істесе де, әрі қарай оқып, басқа мамандық алса да зиянын көрмейді. Қосымша меңгерген кәсіби келешекте отбасын асырауына да жәрдемін тигізеді.

Бүгінгі таңда жергілікті тұрғындар істейтін жұмысты көп жағдайда орталық Азиядағы бірқатар мемлекеттерден келгендер атқарып жүр. Аудандарда да, қалаларда да сырттан келгендер аз емес, бұл өзіміздің кінәміз. Біздің қыз-жігіттер «осыны мен істеймін» десе, ешкім олардың қолын қакпайды. Жергілікті тұрғындар жұмыс орындарынан қағылып отыр. «Дипломмен ауылға» атты бастама, меніңше, жастарды онша қызықтырмай тұр-ау деймін. Ең бірінші жағдай жасалуы керек, әрине, ауылдық жердегі жағдайды айтып отырмын. «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз», осы сөз бүкіл қазақтың гүлденуін, өркендеуін тұтастырып тұрған сияқты болып көрінеді маған. Ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығын өркендету ата-баба кәсібін дамытудың бірден-бір жолы. Күні кеше Елбасы Н.Назарбаев астықты, өндірісті облыстарды аралады. Сонда ауыл шаруашылығын өркендету керектігін, мал тұқымын асылдандырудың өмірдің қажеттілігінен туындап отырғандығын атап көрсетті. Мал шаруашылығымен қоса дәнді дақыл өсірумен шұғылдансақ, ұтарымыз көп емес пе? Ой көп, ұсыныс бар. Енді басымыз бірігіп, нақтылы іске көшкеніміз жөн болар.

– Әңгімеңізге көп рахмет.

*Жазып алған: Оралбек ЖҮНІСҰЛЫ,
Ақтоғай ауданы*

A decorative rectangular border with a repeating pattern of stylized, symmetrical floral or scrollwork motifs. The border is black and frames the central text.

ҚҰТТЫҚТАУЛАР

ҚҰТТЫҚТАУ ХАТ

Аса қадірлі Нұрғазы Нұрмұхамбетұлы!

Сізге терең де шынайы, ізгілік сезімін білдіре отырып, өміріңіздің айтулы оқиғасы асқаралы 70-тің шыңына шыққан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы жасыңызда шежірелі тарихы бай, көне жәдігерлерге толы Ақтоғай ауданы өңірінде абырой мен парасат биігінен көрініп, қай кезде қандай жауапты істі де өзіңізді алғыр да білікті қызметкер, нардың жүгін көтерер мәрт басшы ретінде көрсете білдіңіз.

Сіздің еңбек жолыңыз Жаңарқа ауданы өңірінде қарапайым ауыл шаруашылық маманы зоотехник болып басталып, жоғарғы біліміңіздің, біліктілігіңіздің арқасында халық арасында зор беделге ие болып, бойыңызға біткен, табиғатыңызға тән: жинақылық, адамгершіліктің арқасында, Приозерный ауданын құрысып, бесігін тербеткен абзал азаматтардың бірісіз.

Осы кезеңдерде аудандық партия комитетінің ІІ хатшысы қызметін атқарып, шаруашылық жұмыстарында болып, кейіннен «Балқашбалық» акционерлік қоғамының кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқара жүріп құрметті еңбек демалысына шығып, бүгінгі таңда әлі де қатардан қалмай еңбек етіп сол еңбектің арқасында еліміздің еңсесін көтеріп, өңіріміздің дамуына зор үлес қосып келесіз.

Ұлағатты, майда мінезіңізбен бірге ұлтымыздың барлық жақсы қасиеттерін бойыңызға сіңіріп, білген-түйгендеріңізді маңайыңыздағыларға үлгі өнеге етін үйретіп жүрген, өмірден көрген көңілге түйгендеріңізді ой елегінен өткізіп, қағаз бетіне түсіріп отыратын ақын жандылық тәрбилелік тағылымыз тағы бар.

Біз әркез Сіздің ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына ілкемді іскерлігіңізбен, еселі еңбегіңізбен сүбелі үлес қосқан аптал азаматтығыңызбен қоса, ізгілік пен мейірбандылыққа негізделген қайырымдылық қадамдарыңызды да жақсы білеміз!

Құрметті Нұрғазы Нұрмұхамбетұлы!

Мерекелі Мерейтойдан аттаған қадамыңызбен, заңғар биікке сергек те, серпінді қалыппен шыға беріңіз.

Деніңізге саулық, отбасыңызға қуаныш, береке-бірлік, ағайын туыс, балаларыңызбен немерелеріңіздің арасында Тишкен жеңгеймен бірге өмір айдынында әлі алға жүріп, бақытты да ұзақ өмір сүре берулеріңізге тілектеспіз!

*Шашубай кенті әкімі: Ә.Б.Жұманбаев
2012 жыл 15 мамыр*

Ардақты атамыз, әкеміз осынау жарқын ғұмырында биік белестерден ақ жүзді абыроймен саналы өмір жолын Сарыарқа өңірінде ауыл шаруашылығының өркендеуіне арнады. Соданда еліне елеулі, халқына қалаулы болып, үлкен марапаттарға ие болды. Ұл-қыздарын қанаттандырып, немерелер сүйіп отырған атамызға, әкемізге өмірдің бар жақсылығын тілейміз!

Ел-жұртыңыз тұрғанда ардақтаған,
Өзіңізді жүрсінші қолдап бабам.
Не жетеді шаңырақ шаттығына,
Құтты болсын 70 жас төрге аттаған.

Тірлігінді ел-жұртқа арнадыңыз,
Арайлансын әрдайым таңдарыңыз.
70 жастың берері көп-көп болып,
Қуанышқа кенелгей ақ жаныңыз.

Нұрландырсын қуаныш күнмен өрлеп,
Жақсылық қой бұл бүгін тізген өрнек.
Аман-есен денсаулық мықты болып,
Ақ тілекті арнаймыз 100-ге кел деп.

*Ақ ниетпен: балалары, немерелері.
Балқаш қаласы.*

Қадірлі Нұрғазы аға!

Өзіңіз өлеңге қосқан өмірдің бір кемел шағы 70-жасқа келіп жатқан мерейтойыңыз құтты болсын! Алла Сізге ұзақ өмір берсін, денсаулығыңыз мықты болсын, бала-шағаңыздың, немерелеріңіздің қызығын көріп жүре беріңіз! Жастайыңыздан істеген еңбегіңіздің зейнетін көріңіз! Отбасымыздың бәйтеректей тірегі болып ортамызда жүре беруіңізге тілектеспіз.

Тишкен тәте екеуіңіздің қуаныш пен қызыққа толы күндеріңіз көп болсын. Халқыңыздың құрметіне бөлене беріңіз. Қаламыңыз ұштала берсін, шабытыңыз шыңдалып, шығармашылығыңыз толқыған дариядай толыға берсін, асыл Аға! Шығар шыңдарыңыз, алар асуларыңыз көп болсын!

Сіздің өнегелі жолыңыз, кісілікке толы өр тұлғаңыз бізге әрқашан да үлгі. Саналы ғұмырыңызда іні-қарындастарыңызға үнемі қамқор болып, ағалық ақылыңызды аяған емессіз. Біз Сізді мақтан тұтамыз.

*Құрметпен қарындасыңыз Нұрбүбі және
Бигожеевтар отбасы.*

Қарағанды облысы, Шашубай елді мекенінде тұратын қадірлі ағатайым Нұрғазы Нұрмұхамбетовті туған күнімен құттықтай отырып, мерей той иесіне көңіліне көктем, жанына жаз, мәнді де сәнді, жүзге жет аға қуантып маңды дейміз.

Көктем келді жердің бетін көгертіп,
Қуанышқа туыстарды бөлентіп.
Мамыр айы болғанда, 70 жасқа келіпті,
Ағатайым – Нұрғазы Нұрмұхамбетов.

Ағатайым өсе берсін мәртебен,
Биік болсын шығар алда әр төбен.
Жеңгем Тишкен екеулерің аман боп,
Қуантсын тек немерең мен шөберен.

Ақ тілекпен Сізді жатыр құттықтап,
Келін, бала және ініңіз – **Өтеген**.

*2012 жыл, мамыр айы.
Жезқазған қаласы*

Аса құрметті Нұрғазы аға!

70 жасқа толған мерейтойыңыз қайырлы-құтты болсын. Сіз жұбайыңыз Тишкен тәтемен өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың кызығы мен қуанышына, немере, жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалыптарыңызды сақтап келесіз. Еңбекте де қажыр-қайратыңыздың арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар абзал жан ретінде өзіңізді танытып-ақ жүрсіз. Жүрегіңізге Алланың нұры құйылып, зор денсаулықпен жасай беріңіз, Аға.

*Тілек білдіруші: нағашыларыңыздың атынан
Әмірхан ӘБДІМАНҰЛЫ
2012 жыл*

АЛДЫҢДА АҒАҢ БОЛҒАН ҚАНДАЙ ЖАҚСЫ...

Иә, «Алдыңда ағаң болған қандай жақсы» деп, мен осы ойларымды белгілі ән шумағынан алып отырмын. «Аға» осы бір үш әріптен тұратын сөздің астарына, мән-мағынасына терең үңілсек, ағаның қадір-қасиетін, туыстық қатынастағы орнын ерекше сезінер едік.

Қазақ қашанда жаратылысынан, тектілігінен өзінен үлкендерді «Аға» деп кеткен. «Ел ағасы», «Ауыл ағасы», «Бауыр аға» деген сөздер – еліне сыйлы, кейінгілерге үлгі-өнеге көрсетер үлкендер. Міне, біздер алдыңғы қатарлы ағаларымызды көріп, солардан үлгі-өнеге, тәлім алып өскен ұрпақпыз.

Менің алдымда үлгі тұтқан, қарапайымдылығы, қайырымдылығы, тектілігі елге өнеге ағаларым көп болды. Олар бауырым Сағыныш, менің әкем жағынан – Сәкен, Бектұрсын, Әкімжан, Сатыпалды және басқалары.

Сонымен қатар, анамның төркіні жағынан нағашы ағаларым – Нұрғазы, Тельман, Нұрғалық, Смағұл секілді ел ағалары. Менің анам Нұржамал Суанбаева Албанның «Қызылбөрік» руынан. Анам ұзақ жылдар мектепте ұстаз болып істеді. Тілге шешен, шежірені көп білетін адам.

Менің балалық шағым негізінен нағашыларым жақта өтті. Қазақта «үйдің мықтылығы – ағашынан, жігіттің мықтылығы – нағашыдан» деген сөз бар емес пе?! Менің нағашыларым өте білімді, еңбекқор, ел басқарған, жұртына сыйлы кісілер. Мәселен, анамыздың бауыры Нұрмұхамбет нағашым өз кезінде ауданды, ауылды басқарған адам. Нағашы апам Нұрихан Суанбаева ұзақ жылдар «Алғабас» совхозында Ауылдық Кеңестің төрайымы болды. Ер мінезді, өжет, өте алғыр адам еді.

Менің білетінім, ол кісінің алдынан ауылда бірде бір ер азамат кесіп өтпейтін. Өтірікті өте жек көретін, тура кісі. Ауыл ішіндегі болып жатқан кейбір келеңсіз шаруаларды (отбасындағы келіспеушіліктер, ағайын арасындағы араздықты, ірілі-уақ бұзакылықтарды) жоғарыға жеткізбей-ақ Нұрихан апамыз шешіп, жөнге салатын.

Нұрғазы ағамның әкесі Құрманәлі ағамыз малшы болды. Ол кісіні барлық балалар «Әйе» дейтінбіз. Шешесі – Нұржан апамды «Еже» деп атайтынбыз. Қандай қарапайым жандар еді десеңші. Бала кезімізде каникул болса біз жайлауға Әйе мен Еженің үйіне баратын едік. Балық ұстау, қой бағу, атқа міну, қарақат теру сияқты балалық шақтың бал дәуренін осы кісілердің үйінде өткізуші едік...

Нұрғазы ағам нағашы ағамыз Нұрмұхамбеттің баласы болды, тәрбиесін алды. Сол ағамыздың атынан Нұрмұхамбетов болып жазылды. Нағашы Нұрғазы ағам елге сыйлы, еңбегінің зейнетін көрген азамат

Нұрғазы аға менің анам Нұржамал мен әкем Қыдырбектің қолында болып, мектепті «Малыбай» ауылында оқып бітіріпті. Ол кезде біздің әке-шешеміз мектепте мұғалім болып қызмет атқарған.

Анамның айтуы бойынша Нұрғазы аға мектепте жақсы оқыған. Өте алғыр, сонымен қатар ұқыпты, өз ісіне тиянақты болған. Мектепті бітірген соң Алматы мал дәрігерлік институтына түсіп, оны ойдағыдай бітіреді. Қарағанды облысына жолдамамен жас маман ретінде жіберіледі. Совхоздың зоотехнигі қызметінен бастап, өзінің еңбекқорлығының, ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында аудандық, облыстық партия комитеттерінде жауапты қызметтер атқарады.

Мен КазГУ-ді бітіріп, Жезқазған педагогикалық институтына жолдамамен барып, сол жерде институтта біраз жылдар оқытушылық қызметте болдым. Мұны

айтып отырған себебім, ол кезде жаңадан құрылған Жезқазған облысында Нұрғазы аға облыстық партия комитетінде қызмет етті. Міне, осы кезде Нұрғазы аға өзіме көп ақылын айтып, өмірлік көз-қарастарымның қалыптасуыма үлкен әсер етті.

Нұрғазы аға адамға сенімді назар салып, байыпты қарайтын, жүрген ортасында сый-құрметке бөленген азамат. Ағаның мінезі ауыр, өте салмақты. Айтатын сөзін баппен, терең ойлана отырып жеткізеді. Өз басыма жұмысқа деген жауапкершілік, уақытпен санасу, еңбекқорлық, сонымен бірге өтірік айтпау, жөні жоқ мақтанбау секілді адам бойына қажетті құндылықтарды көп үйретті.

Қолымыз бос кезде Нұрғазы ағаның үйіне барып әңгіме-дүкен құратынбыз. Аға бізді бала демей, төріне шығарып бар ынтасымен қонақ жасайтын. Ағаның ерекше қасиеті кез-келген тақырыпта әңгімелесе береді. Тарих болсын, сол кездегі ел ішіндегі саяси-әлеуметтік, экономикалық мәселелер ме, әйтеуір өз ойын жеткізіп, бізге үйрететін. Ағаның ән, өлең-жырға да қабілеті ерекше. Әзілдеп, қысқа ұйқас шумақтармен бізді күлдіріп отыратын. Сонымен бірге домбыраны баппен шертін, адамды ұйыта өзіне қарататын.

Нұрғазы ағамның дауыс көтеріп, біреуге зекіп сөйлегенін немесе біреудің арына тиіп, балағат сөз айтқанын көрмейтінбіз. Аға биязы, салмақты, ұшқыр ойымен, қарапайымдылығымен маған, кейінгі іні-бауырларына үлгі бола білді.

Тағыда айтайын дегенім «Ер азаматты – ер ететінде, жер ететінде әйел» дейді ғой қазақ. Ағаның осылай еліне, жолдас-жора, ағайынға сыйлы болып, мәртебесінің өсуіне жеңгіміз Тишкеннің де ықпалы зор. Баяғыда, жас кезімде Нұрғазы аға осы Тишкен жеңгімізге үйленін, ауылға алып келгені есімде. Ол кезде 8-9 жастағы кезім.

Жеңгемізді көру, танысу дегендей, Тишкен жеңгеміз әппақ, бетінде мені бар, шашы қап-қара және ұзын, өзіне жарасатын сұлу келіншек еді. Әліде сол қалпын сақтаған. Қолы ашық, үйіне барсаң дастарханы жаюлы. Бізге үнемі ақ көңілімен қарайды. Әңгімешіл және бала мінезді жан.

Қазір Нұрғазы ағам мен Тишкен жеңгеміз Шашубай ауылында тұрып жатыр. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немерелерінің ортасында соларға ұйытқы болып отыр.

«...Алдыңда асқар таудай ақылды ағаң болған қандай жақсы» демекші кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болар Нұрғазы ағадай азаматтар көп болса деп тілеймін.

Ағайын-туыстың бірлігі – жастардың бойындағы адамға деген тән қасиеттер барлығы – барлығы алдыңғы толқын ағаларымызға байланысты ғой...

Міне, менің Нұрғазы ағамда 70 жасқа келіпті. Ол кісіге зор денсаулық, отбасылық бақыт пен немерелерінің қызығын көрсін деп ойымды аяқтаймын.

*Жиені Ұлан Қыдырбекұлы,
тарих ғылымының кандидаты, доцент.
Алматы қаласы.*

НҰРЕКЕҢЕ

Нұреке, келіп қапсыз жетпіс жасқа,
Әлі де жап-жассыз ғой тілім тасқа.
Айтарым атар оғың таусылмасын,
Атқан оқ дәл тиеді осы жаста.

Азаматсыз құт дарыған несібелі,
Ауылың тербетілген бесік еді.
Жақсы адамға әрқашан төрін берген,
Бала-шағаң Шашубайда өсіп-өнді.

Үлгі тұтар үнемі кішілігің,
Хатшы болдың қашанда ісі мығым.

Шашубай, Тоқырауын жұртшылығы,
Көп көрді Нұрекеннің кісілігін.

Мақтайық, мақтағанға болдың лайық,
Мадақтап өзіңізді тамсанайық.
Жүзге жет, жүзің таймай денің сау боп,
Сол тойды аман-есен қарсы алайық.

Құтты болсын жетпіс деген жасыңыз,
Бақ сыйланды көбейіп бүгін басыңыз.
Жетпіс жасқа үлкен сый ғой немере,
Немереден өсе берсін шөбере.

Жақсы мінез, жарқын жүрек, парасат,
Һәм денсаулық, әркімге де жарасат.
Алла Сізге бұл төртеуін сыйласа,
Бұл өмірде бар ма басқа рахат!

Қартаймаңыз, шаршаманыз, талмаңыз,
Ұлы жолды одан әрі жалғаңыз.
Соқпақ емес, соны жолдар көбейсін,
Жоғалмасын ұрпақтарға қалған із.

Көрші болып келеміз қатар тұрып,
Бір есіктен шығамыз қатар жүріп.
Көрші деген жақсы екен туыстан да,
Тату-тәтті келеміз өмір сүріп.

Көршіге тату болған жарасады,
Әрқашанда өзіңменен санасады.
Өиын-қилы жағдайлар бола қалса,
Көмек беріп, жағдайыңа қарасады.

Игі тілекпен көршіңіз: Кенен-Бақыт

Шашубай кенті

15.05.2012 жыл.

Құрметті НҰРЕКЕ!

Асау жүрек, асыл арман іздесек,
Көп адамға беріп жүрсіз Сіз көмек.
Әлі де Сіз керек жансыз бауырым,
Алқынбастан, шаршамастан 100-ге жет.

Көңілден уайым мен қапа кеміп,
Тәрбие – айттың бізге бата беріп.
Бүгінде 70 жасқа келінсіз ғой,
Шалқиды мерейіңіз ата болып.

Бұл өңірде беделіңіз асқақ еді,
Жұрт зәру, кеңесіңнен жас дәмелі.
Торқалы толған міне жасыңызды,
Құттықтауда танитын Балқаш елі.

*Құдалар атынан Рахметолла.
15.05.2012 жыл.*

Достардың тілегі

Жері қандай Балқаштың сен жүгірген,
Ер жігіттер алады емді күннен.
Иелендің құрметін ағайынның,
Атамтайдай ақкөңіл кеңдігіңнен.

Нұреке достарыңбыз мақтанатын,
Ел есінде еңбегің сақталатын.
Жасай бер ағайынның арасында,
Алдыңнан тек тусыншы шаттана күн!

*Бір топ достары
15.05.2012 жыл.*

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
РУХАНИ ҮНДЕС АҒА.....	7
ӨМІРТУРАЛЫ ӨЛЕҢДЕР.....	15
АРНАУЛАР	64
ОЙДАҒЫ ПІКІРЛЕР	89
АУЫЛ БОЛАШАҒЫ	118
АЗАМАТ КЕЛБЕТІ	164
ҚҰТТЫҚТАУЛАР	192

Нұрғазы НҰРМҰХАМБЕТҰЛЫ

АҚСЕЛЕУ ДАЛА САМАЛЫ

(өлеңдер, арнаулар мен мақалалар жинағы)

Құрастырған, беттеген:
Саламат ҚҰРМАНАЛЫҰЛЫ
компьютерде теріп, көркемдеуші:
Заида ҚАСЫМБАЕВА

Теруге 07.11.2012 жылы берілді.
Басуға 20.04.2017 жылы қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/16. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 14.0

"Исламнұр" баспасы
050060. Алматы қ., Жандосов к-сі, 60А.
телефон: 8(727)274-44-52, +7 775 490 6447

Тапсырыс берушінің файлдарынан "Курсив" ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, "Бағанашыл" ықшам ауданы, Восточная көшесі, 2 үй.



Нұрғазы НҰРМҰҚАМБЕТҰЛЫ

5 мамыр 1942 ж. Алматы облысы, Көгем (Рауымбек) ауданында дүниеге келген. 1959 ж. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсіп, 1969 ж. жоғары білім алып шығады. 1973 ж. Жезқазған облыстық партия комитетінде нұсқаушы, 1977 ж. жаңабаян құрылған Приозерный аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметтерін атқарды. 1987 ж. Балқаш кен-металлургия комбинатының агрокомплексінің директоры, "Балқаш - Балық" АҚ-да кәсіподақ комитетінің төрағасы болды. "Өлеңмен өмір кеңілі..." атты жыр жинағының авторы.